2022 жылы бүкіл әлем елдері COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясынан туындаған экономикалық дағдарыспен күресуді жалғастырды, сонымен қатар Ресей мен Украина арасындағы әскери қимылдардың экономикалық салдарымен бетпе-бет келді. 2022 жылдың бірінші жарты-жылдығында әлемдік экономиканы жаһандық қалпына келтіру мүмкіндігіне қарамастан, келіп түскен экономикалық деректер геосаяси және әлеуметтік шиеленіс жағдайында серпіннің жоғалғанын көрсетті. 2022 жылдың қорытындылары бойынша әлемдік экономика 3,4%-ға төмендеді. Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) мәліметтері бойынша дамыған экономикалардың жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) өсуі 2,7%-ға баяулағанын көрсетті, ал дамушы елдер үшін бұл көрсеткіш 3,9%-ды құрады.


ЖИЫРМА ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЕҢ КҮШТІ ҚҰЛДЫРАУДАН КЕЙІН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖІӨ 2022 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА ҚАЛПЫНА КЕЛЕ БАСТАДЫ ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНА ҚАРАЙ 3,1%-ҒА ӨСТІ. АТАП АЙТҚАНДА, НАҚТЫ СЕКТОРДАҒЫ ӨСІМ 3,2%, АЛ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДА — 2,5%-ДЫ ҚҰРАДЫ. БҰЛ РЕТТЕ, ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ 20,3% БОЛДЫ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің деректері.

ӘЛЕМНІҢ, ДАМЫҒАН ЖӘНЕ ДАМУШЫ ЕЛДЕРДІҢ ЖІӨ СЕРПІНІ (ХВҚ), %



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖІӨ БОЛЖАММЕН СЕРПІНІ (ХВҚ), %



3,4%

2022 жылғы әлем ЖІӨ

3,1%

2022 жылдың соңына қарай Қазақстан ЖІӨ-нің өсуі

«ҚазТрансОйл» АҚ Жылдық есеп ••• 2022

ӘЛЕМДІК КӨМІР-СУТЕКТЕР НАРЫҒЫ

2022 жылдың соңына қарай геосаяси фактордың біршама әлсіреуімен, COVID-19 вакцинацияланғандар санының артуымен және шектеулердің жеңілдеуімен, сондай-ақ әлемдік ұсыныстың сұраныстан басым болуымен бірге мұнай бағасы төмендей бастады. Осылайша, 2022 жылдың үшінші тоқсанында Brent маркасының бір баррелі үшін баға тоқсанына 12%-ға төмендеп, барреліне 98 долларға жетті, ал жылдың соңына қарай баға бір баррель үшін 77 долларға дейін төмендеді.

Ұсыныстың жоғары деңгейі мен бағаның төмендеуі АҚШ-тағы мұнай қорларының ұлғаюына, сондай-ақ шикі мұнайдың ең ірі импорттаушысы Қытайдағы жағдайдың тұрақтануына байланысты болды. АҚШ-тағы отын қорларының ұлғаюы шикі мұнай қорының 5,2 миллион баррельге қысқаруынан асып түсті. Американдық энергетикалық ақпарат басқармасының деректері бойынша, АҚШ-тағы мұнай қорлары 6,2 миллион баррельге өсті (өсу болжамы 2,2 миллион баррель болды).

ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

2022 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МҰНАЙ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ 84,2 МЛН ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ, БҰЛ ӨТКЕН ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 1,9%-ҒА ТӨМЕН. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ ЭКСПОРТЫНЫҢ КӨЛЕМІ ДЕ 4,8%-ҒА ТӨМЕНДЕП, 64,3 МЛН ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.

ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ, МЛН ТОННА



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ ЭКСПОРТЫНЫҢ КӨЛЕМІ, МЛН ТОННА




ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КОНДЕНСАТЫ ЭКСПОРТЫНЫҢ КӨЛЕМІ, МЛН ТОННА

Экспортное направление	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Экспорттық бағыты «Атырау — Самара» мұнай құбыры*	13,5	11,2	8,4	-25
ҚҚҚ мұнай құбыры	51,8	53,2	52,0	-2
«Атасу — Алашанькоу» мұнай құбыры**	0,6	0,9	1,26	40
Ақтау Порты	2,1	2,1	2,27	8
Темір жол	0,5	0,2	0,4	100
Жиыны:	68,5	67,6	64,3	-5

* «Самара — ТОН-2 — Прииртышск — ПМХЗ» бағыты бойынша Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзитпен «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-ға («ПМХЗ» ЖШС) 1,0 млн тоннаға жуық жүк жеткізілді.

** Тасымалдау көлемі 11,26 млн тоннаны құрады, оның ішінде ҚХР-ға 10 млн тонна көлемінде транзиттік жеткізу.





- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік
- ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

«Атырау — Самара» мұнай құбыры қазақстандық мұнайдың әлемдік нарыққа экспорты бойынша екінші орында. Мұнайды «Атырау — Самара» мұнай құбыры арқылы және одан әрі «Транснефть» ЖАҚ жүйесі арқылы жеткізу Усть-Луга Балтық терминалына және Новороссийск Қара теңіз портына дейін жүзеге асырылады. 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда,

2017 жылы КҚК мұнай құбырының өткізу қабілетін кеңейту жобасының аяқталуына, сондай-ақ барынша экономикалық тартымдылығына байланысты Қазақстанда Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарынан өндірілетін мұнайдың барлығы дерлік КҚК бойынша экспортқа жіберіледі. Бұл ретте, 2019 жылы КҚК акционерлері КҚК мұнай құбырының қуатын жылына 81,5 млн тоннаға дейін, оның ішінде қазақстандық учаскеде жылына 72,5 млн тоннаға дейін ұлғайту үшін оның тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады. Жо-

баны 2022 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Теңіз және Қашаған кен орындарында мұнай өндірудің алдағы ұлғаюына байланысты Қазақстан Республикасында мұнай өндірудің өсімі қазіргі уақытта және перспективада КҚК мұнай құбырлары бойынша экспортқа жіберілетін болады.

2022 жылы КҚК бағыты бойынша қазақстандық мұнай экспорты 52,0 млн тонна деңгейіне жетіп, есепті жылы қазақстандық мұнай экспортының жалпы көлемінің 80%-дан астамын құрады.

ЭКСПОРТҚА МҰНАЙ ЖЕТКІЗУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТРАНЗИТІ



2022 жылы «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы 8,4 млн тонна қазақстандық мұнай тасымалданды. «Атырау-Самара» мұнай құбыры бойынша мұнай жеткізілімінің мұнайды магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне тапсырудың жалпы төмендеуімен және жеткізілімді басқа бағыттарға, оның ішінде «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры бойынша

реверстік бағытында және Ақтау порты арқылы экспортқа қайта бөлумен байланысты болды.

«Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдау көлемі 2022 жылы 40%-ға ұлғайып, көлемі 10 млн тоннаны құрайтын ресейлік шикі мұнай транзитін қоспағанда, 1,26 млн тоннаны құрады.

52,0
МЛН ТОННА

2022 жылдағы КҚК маршруты бойынша қазақстандық мұнай экспорты

8,4
МЛН ТОННА

2022 жылдағы «Атырау — Самара» мұнай құбыры арқылы қазақстандық мұнай экспорты

1,26
МЛН ТОННА

2022 жылы «Атасу — Алашанькоу» мұнай құбыры арқылы қазақстандық мұнай тасымалдау көлемі

Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері


МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

Мұнай тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі стратегиялық бағыты және Компанияның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін негізгі профит-орталығы болып табылады.


Компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалдау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітетін мұнай жеткізу кестелеріне сәйкес тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- мұнайды «Атырау — Самара» мұнай құбыры арқылы (Ресей Федерациясының аумағы арқылы) экспортқа жеткізу;
- мұнайды ішкі нарыққа жеткізу: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС («АМӨЗ» ЖШС), «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС («ПҚОП» ЖШС), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС («ПМХЗ» ЖШС) және «CASPI BITUM» ЖШС;
- Ақтау портындағы танкерлерге мұнай жөнелту;
- мұнайды «КҚК-Қ» АҚ, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС және «ҚҚК» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиеу;
- теміржол эстакадасынан вагон цистерналарына мұнай құю;
- «Шағыр» МҚП және Т. Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасынан мұнайды вагон цистерналарына құю.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЫҢ ТОННА




МҰНАЙДЫҢ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ, МЛН ТОННА-КМ



○ Мұнайдың жүк айналымы (шоғырландырылған)*
○ «ҚазТрансОйл» АҚ ○ «ҚҚК» ЖШС ○ «МұнайТас» СБҚК» ЖШС

* Мұнайдың жүк айналымы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ЕББУ-дағы қатысу үлесі ескеріліп есептелді.





- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік
- ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР

МӨЗ-ГЕ МҰНАЙ ЖЕТКІЗУ БАҒЫТТАРЫ



17 905
МЫҢ ТОННА

2022 жылы Қазақстан Республикасының МӨЗ-деріне мұнай жеткізу көлемі

2 268
МЫҢ ТОННА

2022 жылы Ақтау порты арқылы жөнелтілген мұнай

29
МЫҢ ТОННА

2022 жылы Өзбекстан Республикасы бағытындағы «Шағыр» МҚП эстакадасынан жөнелтілді

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖҮЙЕСІ ЖӨНІНДЕГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЫҢ ТОННА

Бағыт	2020	2021	2022	2023 (жоспар)
Мұнай өңдеу зауыттарына				
«АМӨЗ» ЖШС	4 962	5 452	5 261	5 250
«ПҚОП» ЖШС	4 796	5 169	6 206	6 000
«ПМӨЗ» ЖШС	4 998	5 389	5 517	5 300
«CASPI BITUM» ЖШС	854	929	922	1 000
Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзит				
«Атырау — Самара» мұнай құбыры	14 478	12 173	9 438	9 352
Ақтау порты арқылы тиеп-жөнелту				
«Ақтау» БМАС-та танкерлерге тиеп-жөнелту	2 098	2 106	2 268	2 500
Мұнайды құбыр жүргізу компанияларына ауыстырып тиеу				
«ҚҚК» ЖШС («Атасу — Алашанькоу» мұнай құбыры)	10 550 (оның ішінде транзит 9 989)	10 957 (оның ішінде транзит 9 989)	11 251 (оның ішінде транзит 9 989)	11 082 (оның ішінде транзит 10 000)
«ҚҚК-Қ» АҚ (КҚК мұнай құбыры)	502	490	1 146	1 523
«МұнайТас» СВҚК» ЖШС	2 980	3 954	5 310	4 434
«ҚҚК» ЖШС («Кеңқияқ — Құмкөл» мұнай құбыры)	5 227	6 274	8 102	7 695
Теміржол эстакадалары				
Т. Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасы	123	51	96	120
«Шағыр» МҚП теміржол эстакадасы	354	40	29	120

«ҚазТрансОйл» АҚ Жылдық есеп ••• 2022

100%

2022 жылы мұнай тасымалдау қызметтерін тұтынушылардың қанағаттану коэффициенті

Мұнай тасымалдау көлемінің төмендеуі кейбір тұтынушылардың Қашаған кен орнынан мұнай беруінің жалпы төмендеуімен, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ («Өзенмұнай-газ» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ) мұнай өндіру мен магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне тапсырудың табиғи төмендеуімен байланысты.

2022 жылы Қазақстан Республикасының МӨЗ-ге мұнай жеткізу көлемі 5,7%-ға ұлғайды және 17 905 мың тоннаны құрады. Қазақстан Республикасының МӨЗ-ін жүктеу үшін мұнайды жеткізу Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ай сайынғы бекітілген кестелері негізінде жүргізіледі.

«Атырау-Самара» мұнай құбыры бойынша мұнай жеткізілімінің 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 22,5%-ға төмендеуі мұнайды магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне тапсырудың жалпы төмендеуімен, жеткізілімді басқа бағыттарға, оның ішінде «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры бойынша реверстік бағытта және Ақтау порты арқылы экспортқа қайта бөлуге байланысты болды. Қазақстандық жүк жөнелтушілердің мұнайын Ресей Федерациясының аумағы арқылы экспортқа жеткізудің негізгі бағыттары Усть-Луга порты мен Новороссийск порты болып табылады.

Ақтау порты арқылы 2022 жылы 2 268 мың тонна мұнай жөнелтілді, бұл 2021 жылғы көрсеткіш деңгейінде. Бұл өсім негізінен «Атырау — Самара» бағытынан Қазақстан Республика-

сындағы «Тоталь Е энд П Дунга ГмБХ» филиалының көлемін қайта бөлумен байланысты. Ақтау портындағы танкерге мұнай құю оны одан әрі Махачкалы және Баку порттары бағытында жеткізу үшін жүргізілді.

2022 жылы «Шағыр» МҚП эстакадасынан Өзбекстан Республикасы бағытында мұнай жөнелту жалғасты, ол 29 мың тоннаны құрады. Сондай-ақ экспортқа және ішкі нарыққа жеткізу үшін 96 мың тонна көлемінде Т. Қасымов атындағы МАС құю эстакадасынан мұнай жөнелтілді.

2021 жылға қатысты «ҚҚК-Қ» АҚ жүйесіне мұнайды ауыстырып тиеу көлемінің ұлғаюы мұнайды қауіпсіз әрі тоқтаусыз тасымалдауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ «Атырау — Самара» мұнай құбырының техникалық мүмкіндігін барынша сақтау үшін Қашаған жүк жөнелтушілерінің ресурстары тартылғанына байланысты болды.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкес келетін, БМЖ бір бөлігі болып табылатын қолдану жөніндегі нұсқаулығымен сапа менеджменті жүйесі енгізілген және тиімді жұмыс істейді.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын үздіксіз арттыру мақсатында 2021 жылы Компания мұнай тасымалдау қызметтерін тұтынушылардың қанағаттанушылығын бағалау бойынша сауалнама жүргізді. Сауалнама нәтижелері бойынша қанағаттанудың жалпы коэффициенті 100%-ды құрады.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. «Теңізшевройл» ЖШС мұнайын «Теңізшевройл» ЖШС ресурстарынан «Ақтау — Баку — Тбилиси — Джейхан» бағыты бойынша жылына 1,5 млн тонна көлемінде танкерлерге ағызуды және құюды қамтамасыз ету.
2. «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы Адамова Застава ЖСН бағытында (Германия бағытында) 1,2 млн тоннаға дейінгі көлемде мұнай жеткізуді қамтамасыз ету.
3. «ҚазТрансОйл» АҚ ММ жүйесін оңтайлы жүктеу шеңберінде 300 мың тоннаға дейінгі көлемде «Прииртышск — Шағыр МҚП» АҚП бағыты бойынша Өзбекстан Республикасы бағытында ресейлік мұнайдың транзитін қамтамасыз ету.



- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік
- ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ СЕΝІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Компания магистральдық құбырлар мен негізгі және қосалқы мақсаттағы өндірістік объектілерді апатсыз және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

Аталған саладағы жұмысқа пайдалану департаменті жетекшілік етеді.

Өндірістің апатсыз болуын қамтамасыз ету және есепті кезеңде өндірістік процестердің тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда құбырларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностикалау бойынша барлық қажетті іс-шараларды жоспарлау және іске асыру жүзеге асырылады.

33%

2022 жылы Компанияның өндірістік объектілерінде болған инциденттердің санын азайту

ӨНДІРІСТІҢ АВАРИЯСЫЗ БОЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР

1 **Іс-шара**
ҰЙЫМДАСТЫРУ-ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ

НӘТИЖЕ

40 іс-шара | магистральдық мұнай құбырлары объектілерін көктемгі-су тасқыны кезеңіне дайындау бойынша

71 іс-шара | магистральдық мұнай құбырларының сенімділігін қамтамасыз ету бойынша

47 іс-шара | Компаниялардың магистральдық мұнай құбырлары объектілерін күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау бойынша

2 **Іс-шара**
МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫР ОБЪЕКТІЛЕРІН КОРРОЗИЯДАН ҚОРҒАУ

НӘТИЖЕ

10 резервуарға | ішкі коррозияға қарсы жабын қолданылады

3 **Іс-шара**
ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

НӘТИЖЕ

323,7 км | магистральдық құбырларды калибрлеу, профилометрия сияқты әдістермен, сондай-ақ құбыршілік магнитті және ультрадыбыстық снарядты қолдану әдісімен құбыршілік диагностикалау

4 мұнай қыздыру пештерін | техникалық диагностикалау және сараптамалық тексеру

31 резервуарды | тексеру

12 213 кума метрін | технологиялық құбырлардың тексеру

4 **Іс-шара**
МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРДЫ ӘУЕДЕН ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬМЕН ПАТРУЛЬДЕУ

НӘТИЖЕ

5 373 км | магистральдық мұнай құбырларын әуеден және жерүсті патрульдеу орындалды

5 **Іс-шара**
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫ ЕНГІЗУ

НӘТИЖЕ

37,3 км | мұнай құбырларының жаңа учаскелері қосылды

6 **Іс-шара**
МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ТҰТАСТЫҒЫНА БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

НӘТИЖЕ


1 358 ақау | жойылған құбыр ақаулары

7 **Іс-шара**
АВАРИЯЛАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӨНІНДЕ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ

НӘТИЖЕ

0 авариялар | есепті кезеңде тіркелген жоқ

КОМПАНИЯНЫҢ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР



- Негізгі қызметтің механикалық-энергетикалық және технологиялық жабдығының ақаулары
- Негізгі қызметтің автоматика жүйесі жабдықтарының ақаулары
- Негізгі қызметтің өндірістік-технологиялық Байланыс жабдығының ақаулары

ҚҰБЫРЛАР ПАРКІ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕР

Компанияның магистральдық мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 5 373,133 км құрайды.

Мұнайды магистральдық мұнай құбырлары арқылы тасымалдауды 36 мұнай айдау станциясы, 68 мұнай қыздыру пеші, жалпы көлемі 1 386 мың м³ мұнай сақтауға арналған резервуарлық паркпен қамтамасыз етеді.

Мұнайды ауыстырып тиеуді Ақтау портының теңіз мұнай құю терминалының жұмыс істеп тұрған үш айлағында орнатылған бес төгу-құю теміржол эстакадасы, танкерлерге мұнай құю жөніндегі тиісті жабдық қамтамасыз етеді.

Мұнай айдау станцияларын электрмен жабдықтау саны 14 бірлік 35-220 кВ қосалқы станциялардан және саны 52 бірлік ЗРУ-6-10 кВ жабық тарату құрылғыларынан жүзеге асырылады.

Пайдалануда негізгі сорғы агрегаттарының 216 бірлігі, автокөлік құралдарының 848 бірлігі (тіркемесіз) бар.

Қысқы кезеңде үй-жайларды жылыту үшін 89 су жылытатын және 3 бу қазандығы бар 42 қазандық бірлігі пайдаланылады.




ЖМБ-НЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ

2022 жылы ҚазТрансОйлдың бірнеше мерейтойлық күндері атап өтілді: бұл Компанияның құрылғанына 25 жыл толуы және Жезқазған мұнай құбыры басқармасының 30 жылдығы.

30 жылдық мерейтой — бұл артқа қарап, өткен жолды еске түсіруге мүмкіндік беретін, ең алдымен, белгілі бір уақыт аралығында болған барлық оқиғаларды талдауға мүмкіндік беретін шекара. Бастапқы кәсіподақ ұйымының қолдауымен ЖМБ-да Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне және ЖМБ-ның 30 жылдығына арналған мерекелік кеш өтті, оған зейнеткерлер мен басқарма қызметкерлері қатысты.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік
- ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР


4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Компанияның өндірістік қуаттары





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі


1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
 Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
 Инвестициялық қызмет
 Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
 Корпоративтік қауіпсіздік
 Ақпараттық қауіпсіздік
 ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР


2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРДЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, КМ




- 10 жылға дейін
- 10 жылдан 20 жылға дейін
- 20 жылдан 30 жылға дейін
- 30 жылдан астам

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА РЕЗЕРВУАРЛЫҚ ПАРКТИҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, ДАНА




- 10 жылға дейін
- 10 жылдан 20 жылға дейін
- 20 жылдан 30 жылға дейін
- 30 жылдан астам

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША МҰНАЙ ҚЫЗДЫРУ ПЕШТЕРІНІҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, ДАНА



- 10 жылға дейін
- 10 жылдан 20 жылға дейін
- 20 жылдан 30 жылға дейін
- 30 жылдан астам

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША НЕГІЗГІ СОРҒЫ ЖАБДЫҒЫНЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, ДАНА



- 10 жылға дейін
- 10 жылдан 20 жылға дейін
- 20 жылдан 30 жылға дейін
- 30 жылдан 40 жылға дейін
- 40 жылдан астам

МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҮЛЕСТІ 2 987,581 КМ (55,6%) — 30 ЖЫЛДАН АСҚАН ҚҰБЫРЛАР ҚҰРАЙДЫ.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Магистральдық мұнай құбырлары объектілерін көктемгі су тасқынына және күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау;
- Магистральдық құбырлардың 849 км құбырышылқ диагностикасын жүргізу;
- Магистральдық мұнай құбырлары құбырларының 1 312 ақауларын жою және резервуарлардың 29 бірлігін тексеру;
- 28 мұнай қыздыру пешін техникалық диагностикалау және сараптамалық тексеру және 9 832 кума метр технологиялық құбырларды тексеру;
- Мұнай құбырларының 104,2 км жаңа учаскелерін қосу.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫС

Компанияның түсінінің негізгі үлесін өндіретін құбыр активтері жұмысқа қа-білетті жағдайда тұрақты ұстауды және олардың техникалық жай-күйін жақсартуды талап етеді. Бұдан басқа, магистральдық мұнай құбырлары жүйесі Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қолданыстағы мұнай құбыры жүйесінің техникалық жай-күйін қолдау және жақсарту мақсатында 2022 жылы Компания жалпы сомасы 43 760 млн теңге болатын күрделі салымдарды жүзеге асырды.

Күрделі салымдар жоспарын іске асыру шеңберінде компания магистраль-дық мұнай құбырларын салуды, реконструкциялауды және ішінара ауыстыруды, олардың тозуына байланысты жабдықтар мен арнайы техниканы жаңартуды, сондай-ақ ағымдағы қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеуді сапалы және уақтылы жүргізу мақсатында жұмыс бригадаларын жинақтауды, сондай-ақ диагностика бойынша регламенттік жұмыстарды жүзеге асырады.

Құбырларды күрделі жөндеу, салу, жаңғырту және басқа да ілеспе жұмыстар тоқтап қалу және авариялық жағдайлардың туындау тәуекелін азайтуға, магистральдық мұнай құбырлары объектілерінің қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, мұның салдарынан мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді сенімді, авариясыз, қауіпсіз және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етеді.

КҮРДЕЛІ САЛЫМДАРДЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ

Көрсеткіш	2020	2021	2022	2023 (жоспар)*
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның күрделі салымдары**, оның ішінде:	49 715	61 263	43 760	143 229
- жаңа жобаларға	78	325	171	85 518
- ағымдағы өндіріс деңгейін ұстап тұру	49 635	60 873	43 587	57 708
- әкімшілік сипаттағы	3	65	2	3

* Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарына сәйкес.

** Компанияның күрделі салымдарының шоғырландырылған көлемі көрсетілген (үлестік әдіс).

2022 жылғы күрделі салымдар бойынша нәтижелер Компанияның негізгі ресурстары өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға бағытталғанын көрсетеді. Осылайша, 2022 жылы бұл бағдарламаға күрделі салымдардың жалпы көлемінің 99% бөлінді.

43 760
 МЛН ТЕҢГЕ

2022 жылғы күрделі салымдардың жалпы сомасы

99%

күрделі салымдардың жалпы көлемінен өндірістің ағымдағы деңгейін сақтауға бөлінгені



ҚАЗТРАНСОЙЛ ӨМІРІ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ «ЕҢБЕК ЖОЛЫ» КОНКУРСЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ БОЛЫП АТАНДЫ

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлері арасында «Еңбек жолы» атты республикалық конкурсты жыл сайын өткізеді. Биыл «Үздік еңбек әулеті», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» мен «Өндірістің үздік жас қызметкері» номинацияларына қатысу үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен 522 өтінім берілді.

«Еңбек жолы» конкурсының облыстық кезеңінің қорытындылары бойынша Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының жас маманы, «Қаражанбас» МАС БӨАЖА слесары Азамат Машанов — «Өндірістің үздік жас қызметкері» номинациясында 1-ші орын алды.





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік
- ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

2022 жылы магистральдық құбырды ауыстыра отырып, магистральдық мұнай құбырларын реконструкциялау

Қазақстан Республикасы заңнама-сының талаптарын сақтау, сондай-ақ өндірістік объектілерді сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылы Компания күрделі жөндеу бойынша мынадай іс-шаралар жүргізді:

- Жалпы ұзындығы 9,3 км және диаметрі 530 мм 0-8 км және 18-20 км учаскелерінде «Мартыши — Атырау» магистральдық мұнай құбырын ауыстыру. Нысан 2022 жылдың 23 мамырында пайдалануға берілді.

- «Павлодар — Шымкент» магистральдық мұнай құбырының жалпы ұзындығы 4 км және диаметрі 820 мм 1 502,4-1 506,4 км учаскесінде құбырды ауыстыру. Нысан 2022 жылдың 1 шілдесінде пайдалануға берілді.
- Жалпы ұзындығы 1,2 км және диаметрі 820 мм 539,2 — 540,4 км учаскелерінде «Павлодар — Шымкент» магистральдық мұнай құбырын қайта жаңарту. Нысан 2022 жылғы 27 желтоқсанда пайдалануға берілді.
- «Павлодар — Шымкент» магистральдық мұнай құбырының жалпы ұзындығы 9,5 км және диаметрі 820 мм 715-724,5 км учаскедегі трасса бойындағы өткелдер мен су өткізгіштер салып, 715-724, 5 км учаскедегі құбырды ауыстыру. Нысан 2022 жылдың 8 қыркүйегінде пайдалануға берілді.
- Жалпы ұзындығы 45 км және диаметрі 720 мм «Өзен — Атырау — Самара» магистральдық мұнай құбырының 1189-1234 км учаскесіндегі құбырды ауыстыру. Нысан 2022 жылдың 30 желтоқсанында пайдалануға берілді.

ұзындығы 9,5 км және диаметрі 820 мм 715-724,5 км учаскедегі трасса бойындағы өткелдер мен су өткізгіштер салып, 715-724, 5 км учаскедегі құбырды ауыстыру. Нысан 2022 жылдың 8 қыркүйегінде пайдалануға берілді.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- «Павлодар-Шымкент» магистральдық мұнай құбырының 122 км және 148 км суасты өткелін Қ. Сәтбаев атындағы арна арқылы қайта жаңарту
- «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының жалпы ұзындығы 76,5 км және диаметрі 1 020 мм 190-230 км, 244-267 км, 409-422,5 км учаскелерінде құбырды ауыстыру. Құрылыстың ұзақтығы — 5 жыл.

ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ

«ҚазТрансОйл» АҚ операторлық қызметтері сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану, оның ішінде оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының су құбырларына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі қызметті білдіреді. Операторлық қызметтер сырт ұйымдардың мұнай құбырларына қызмет көрсету шекараларын кеңейтуге арналған қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Компания қажетті техникалық жабдықтарға, елеулі құзыреттерге, операторлық қызметтерді көрсетуге байланысты бай тәжірибеге және технологияларға ие.

Компанияда қызметтің көрсетілген түрлерін басқаруды операторлық қызметтер департаменті (ОҚД), сондай-ақ Батыс операторлық қызметтер басқармасының (БОҚД) және Шығыс операторлық қызметтер басқармасының (ШОҚД) персоналы жүзеге асырады.

Компания келесі ұйымдарға операторлық қызмет көрсетеді:

- «ҚКҚ» ЖШС;
- «МұнайТас» СБҚК» ЖШС;
- «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В.» компаниясы (ҚПО);
- «Торғай Петролеум» АҚ;
- «ҚКҚ-Қ» АҚ;
- «Магистральдық Суағызғы» ЖШС.

Қызмет көрсетілетін мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 3 327,56 км құрайды, Компанияның жұмысқа тартылған персоналының жалпы штат саны — 1 311 адам, оның ішінде ОҚД—21 адам, БОҚД — 635 адам, ШОҚД — 655 адам.

Операторлық қызмет көрсету шеңберінде 11 мұнай айдау станциясына, 3 мұнайды жылыту пешіне, сырт ұйымдарға тиесілі жалпы көлемі 265,14 мың м3 мұнайды сақтауға арналған резервуарлық паркке қызмет көрсетіледі.




3 327,56
 КМ

қызмет көрсетілетін мұнай құбырларының жалпы ұзындығы

1 311
 АДАМ

операторлық қызмет көрсетуге тартылған персоналдың жалпы штат саны

ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



* «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық су құбырының 0 км-ден 285 км-ге дейінгі учаскесі, лупинг 207 км-ден 285 км-ге дейінгі учаскесіне «Магистральдық Суағызғы» ЖШС қызмет көрсетеді.





- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік
- ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, 2022 жылы операторлық қызметтер көрсету жөніндегі қызметтен түсетін кіріс 32%-ға ұлғайып, 24 874 млн теңгені құрады. Компания қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының ұлғаюына байланысты барлық жобалар бойынша көрсеткіштердің өсуі байқалады.

Компанияның операторлық қызметтерін тұтынушылар персоналдың біліктілігіне, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау деңгейіне, сондай-ақ техникалық жарақтандыруға жоғары талаптар қояды. Тұтынушылардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін «ҚазТрансОйл» АҚ осы бағытты дамытуға қолда бар бос қаражатты инвестициялайды.


Компания тұтынушыларға қызмет көрсету кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы талаптардың орындалуын бақылауды үздіксіз негізде жүзеге асырады. «ҚазТрансОйл» АҚ МТҚО филиалының бас диспетчерлік басқармасы қызмет көрсетілетін объектілерде бұзушылықтар және/немесе оқиғалар туралы хабарламалардың келіп түсуін тәулік бойы бақылайды.

КОМПАНИЯНЫҢ ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕРІ*, МЛН ТЕҢГЕ



* Деректер «Магистральдық Суағызғы» ЖШС қызмет көрсетуден түскен кірістер сомасын қамтиды.

КОМПАНИЯНЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАР БӨЛІНІСІНДЕ ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН КІРІСТЕРІ, МЛН ТЕҢГЕ



- «ҚКК-Қ» ЖШС
- «МұнайТас» СБҚК» ЖШС
- «ҚКК-Қ» АҚ
- «Карагаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ
- «Торғай Петролеум» АҚ
- «Магистральдық Суағызғы» ЖШС

29 АҚАУ

магистральдық мұнай құбырларында операторлық қызметтер басқармаларының күшімен жойылған

О есепті кезеңде негізгі жабдықтың істен шығуы, қоршаған ортаның ластануына әкеп соққан апат жағдайлары

2022 жылы бөгде ұйымдарға тиесілі өндірістік объектілердің сенімділігін қамтамасыз ету және объектілерді күзгі-қысқы және су тасқыны кезеңінде жұмысқа дайындау үшін операторлық қызметтер басқармаларының күшімен магистральдық мұнай құбырларының 29 ақаулығы жойылды, оның ішінде:

- 3 ақау** «Теңіз — Новороссийск» мұнай құбырында
- 20 ақау** «Кеңкияқ — Құмкөл» мұнай құбырында
- 6 ақау** «Атасу — Алашаньюк» мұнай құбырында

Бұл ретте есепті кезеңде пайдаланылатын магистральдық мұнай құбырлары бойынша негізгі жабдықтың істен шығуына, авариялар мен оқыс оқиғаларға жол берілген жоқ.

2022 ЖЫЛЫ ISO 9001:2015 ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ МАҚСАТЫНДА ТҰТЫНУШЫЛАРҒА САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛДІ. САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖАЛПЫ БАҒА 98%-ДЫ ҚҰРАДЫ, БҰЛ 2021 ЖЫЛҒЫ ДЕҢГЕЙДЕН 2%-ҒА ЖОҒАРЫ.

100%
«Торғай Петролеум» АҚ

100%
«МұнайТас» СБҚК» ЖШС

97%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС

100%
«Карагаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ

91%
«Каспий құбыр консорциумы-Қ» АҚ

100%
«Магистральдық Суағызғы» ЖШС

98% +2%
жалпы бағасы

«ККК-Қ» АҚ ұсынған сауалнаманы талдау нәтижелері бойынша 2021 жылы Компания персоналдың құзыреттерін арттыру, техникалық қызмет көрсету сапасы мен дағдыларын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізді. 2022 жыл ішінде Компания сыртқы оқу орталықтарында ККК мұнай құбыры жүйесіне қызмет көрсетуге тартылған мамандарды бірнеше рет оқытуды жүргізді, апаттарды жою кезінде Компания қызметкерлерінің практикалық дағдыларын арттыру мақсатында ай сайын апаттарға қарсы жаттығулар жүзеге асырылды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесі «ККК-Қ» АҚ-дан алынған алғыс хаттар, сондай-ақ қанағаттану бағасының 2021 жылғы 77%-дан 2022 жылы 91%-ға дейін ұлғаюы болып табылады.

Ағымдағы жылы мұнай құбырларының меншік иелері Компанияның 2020-2021 жылдары COVID-19 таралуын болдырмауға бағытталған шығындарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің ел халқының табысын арттыру туралы қаулысының шеңберінде Компанияның барлық қызметкерлеріне жалақының өсуін арттыруға және Компанияның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының басқа да еншілес және тәуелді ұйымдарымен қатар еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне ауысуына байланысты шығындарды өтеуді жүзеге асырды.

Сырт ұйымдардың магистральдық мұнай құбырлары мен су

құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтердің сапасын жақсарту жөніндегі міндеттер шеңберінде Компания 2022 жылы қойылған мынадай мақсаттарды орындады:

- операторлық қызметтерді апатсыз көрсету қамтамасыз етілді;
- тұтынушылардың операторлық қызметтерге қанағаттануының деңгейі қамтамасыз етілді (есепті жылы жоспарлы 97%-дың орнына 98% көрсеткішіне қол жеткізілді);
- 2022 жылға арналған бюджеттің бос қаражаты шеңберінде жабдықтау техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу процестерін жақсарту мақсатында автопарк пен апаттық-жөндеу жабдықтарын жаңарту жүргізілді;
- сырт ұйымдарға тиесілі мұнай құбырларын пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтердің табыстылығын арттыру жөнінде шаралар қабылданды;
- Компания мен «Қазақстан — Қытай құбыры» ЖШС, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС арасында 2022-2024 жылдарға арналған ұзақ мерзімді пайдалану шарттары жасалды;
- Компания мен «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ арасында «Қарашығанақ — Атырау» көлік жүйесін пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге арналған келісімшартқа 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №06 толықтыру жасалды.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР


Сырт ұйымдардың магистральдық мұнай құбырлары мен су құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерге қанағаттанушылықты қамтамасыз ету шеңберінде Компания алдына мынадай мақсаттар мен міндеттерді қоюды жалғастыруда:

- операторлық қызметтерді апатсыз көрсету;
- тұтынушылардың операторлық қызметтермен қанағаттану индексі — кемінде 96%;

- сырт ұйымдарға тиесілі мұнай құбырларын пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтердің пайдалылығын қамтамасыз ету;
- магистральдық мұнай құбырларына сапалы және уақытылы жөндеу жүргізу үшін техникалық қайта жарақтандыру және заманауи жабдықтармен жарақтандыру;
- 2023 жылдың соңына дейін қызмет көрсетуден табыстылықты арттыруды қамтамасыз ете отырып, «ККК-Қ» АҚ объектілеріне техника-

лық қызмет көрсетуге қолданыстағы келісімшарттың мерзімін ұзарту және 2024 жылдан бастап «ККК-Қ» АҚ объектілеріне техникалық қызмет көрсетуге жаңа келісімшарт жасасу немесе қызмет көрсетуден табыстылықты арттыруды қамтамасыз ете отырып, қолданыстағы келісімшарттың мерзімін ұзарту.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу

Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері

Инвестициялық қызмет

Процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Корпоративтік қауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік

ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Инвестициялық ҚЫЗМЕТ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ӘРТАРАПТАНДЫРЫЛҒАН, СЕНІМДІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ҚҰБЫР ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДА. 2022 ЖЫЛЫ СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БАР ӨҢІРЛЕРДЕ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ МЕН СУ ТАРТҚЫШТАР ЖҮЙЕСІН КЕҢЕЙТУ ЖӘНЕ РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ БЕКІТІЛГЕН КЕСТЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС ЖАЛҒАСУДА.

КОМПАНИЯ НЕМЕСЕ ЕББҰ БАСТАМАШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН ӘРБІР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА МҰҚИЯТ САРАПТАМАДАН ӨТЕДІ. ЖОБА БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫ КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.

Инвестициялық комитет «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның еншілес және бірлесіп-бақыланатын ұйымдарының инвестициялық жобаларын қарау және мониторингілеу қағидаларына сәйкес жобаларды қарайды және мақұлдау туралы шешім қабылдайды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ 2022 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРУ

«Қазақстан-Қытай» мұнай құбырын кеңейту

Компания үшін ғана емес, жалпы Қазақстан Республикасы үшін де аса ірі және стратегиялық маңызды инвестициялық жобалардың бірі «Қазақстан-Қытай» магистральдық мұнай құбырлары жүйесінің құрылысы болып табылады.

Жоба жаңа мұнай айдау станцияларын салу және жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялау, сондай-ақ тиісті учаскелерде мұнай құбырын ауыстыру жолымен ішкі нарыққа және ҚХР-ға экспортқа тасымалдау көлемінің өсуіне қарай барлық учаскелер бойынша мұнай құбырының өткізу қабілетін кезең-кезеңімен ұлғайтуды көздейді.

Бірінші кезең шеңберінде 2006 жылы ұзындығы 965,1 км «Атасу — Алашанькоу» мұнай құбыры салынды және пайдалануға берілді.

2009 жылы ұзындығы 794,26 км «Кеңқияқ — Құмкөл» мұнай құбыры пайдалануға берілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС және «ҚҚК» ЖШС жобаға

қатысушылар болып табылады, олардың әрқайсысы «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры учаскесінің тиісті меншік иесі болып табылады. Қаржыландыру жобаға қатысушылардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Компания «МұнайТас» СБҚК» ЖШС-мен бірлесіп «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін арттыру» жобасы шеңберінде «Өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейін жететін «Кеңқияқ — Атырау» мұнай құбыры учаскесі реверсінің бірінші кезеңі» инвестициялық жобасын іске асыруда.

Жобаның мақсаты — Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ экспорттық қуатты арттыру шеңберінде «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС және «Петро-ҚазақстанОйл Продактс» ЖШС Батыс Қазақстан мұнайын жеткізудің техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету.

«Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырының реверсі жобасы аясында 2021-2022 жылдары мынадай жұмыстар орындалды:

- «Аман» МАС технологиялық объектілері пайдалануға берілді;
- жылыту пештері пайдалануға берілді;
- жылыту пештеріне апаратын газ құбырының объектілері пайдалануға енгізілді.

Технологиялық мақсаттағы объектілер бойынша жұмыстардың аяқталуына байланысты мұнайды кері қимылдайтын режимде тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндігі бар. Осылайша, жобаның мақсатына қол жеткізілді.

Жоба бойынша барлығы 29 058 млн теңге, оның ішінде 2022 жылы — 1 095 млн теңге игерілді.

«Астрахань — Маңғышлақ» суағызғысын қайта жаңарту және кеңейту 1-кезек»

«Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық су құбырының өткізу қабілетін ұлғайту және қолданыстағы тапшылықты қанағаттандыру үшін тозған жабдықты жаңарту мақсатында, сондай-ақ Атырау және Маңғыстау облыстарының су тұтыну көлемінің перспективалық өсуін ескере отырып, «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау және кеңейту (1-кезек) жобасы іске асырылуда.

Жоба әлеуметтік маңызды болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының тапсырмаларына сәйкес іске асырылады.

Сонымен қатар, реконструкциялау жобасы Атырау облысы мен Маңғыстау облыстарын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарларына енгізілді. Жобаның бастамашысы — «Магистральдық Суағызғы» ЖШС.

Жобаның бірінші кезегін іске асыру шеңберінде ұзындығы 151 км су тартқыштың екінші желісін салу және ұзындығы 25 км Бейнеу кентінің айналма жолын салу көзделген. Суағызғының өткізу қабілеті тәулігіне 110-нан 170 мың м3 дейін ұлғаяды. Жобаны іске асыру өнеркәсіптің кейбір салаларының (мұнай-газ химиясы, газбен жабдықтау және басқалары) дамуына және Атырау және Маңғыстау облыстары халқының су тұтынуының өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының батыс өңірінде су тұтынуға өсіп отырған сұраныс жағдайында магистральдық су тартқышты сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобаны қаржыландыру көзі қарыз қаражаты болып табылады.

2022 жылы «Магистральдық Суағызғы» ЖШС жобаны іске асыруға кірісті. Қаржыландыру көзі қарыз қаражаты болып табылады.





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
 Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
 Инвестициялық қызмет
 Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
 Корпоративтік қауіпсіздік
 Ақпараттық қауіпсіздік
 ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

«Қашаған» ГКДҚ су құбырын салу

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 ақпандағы Атырау облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық су құбырынан тиісті су құбырын салу мәселесін пысықтау қажеттігі туралы тапсырмасын басшылыққа ала отырып, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Қашаған кен орнындағы ілеспе газды қайта өңдеу зауытына дейін су құбырын салуға бастамашылық жасады.

Су құбырының орналасқан жерін таңдау Қашаған кен орнында ілеспе газды қайта өңдеу зауытының құрылыс орнымен байланысты және Атырау облысы Мақат ауданының аумағы арқылы өтетін болады.

Жобаланып отырған су құбырын қосу «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық су құбырының 335 км-де жүзеге асыру жоспарлануда. Су құбырының ұзындығы 25,15 км құрайды.

2022 жылы жұмыс жобасын әзірлеу аяқталды. 2022 жылғы 24 тамызда «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық су тартқышын реконструкциялау және кеңейту» 1-кезек» жобасын іске асыруды аяқтау;

2. «Қашаған» ГКДҚ су құбырының құрылысын аяқтау.

25,15

КМ

«Қашаған» ГКДҚ су құбырын салу « жобасы бойынша су құбырының ұзындығы



Жылдық есеп ••• 2022
 «КазТрансОйл» АҚ

Процестерді цифрландыру және автоматтандыру

ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ЕНГІЗУ ҰЙЫМНЫҢ ТАБЫСТЫ ДАМУЫНЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Компания процестерін цифрландыру мен автоматтандыруды дамыту саласын айқындайтын негізгі құжаттар: «ҚазТрансОйл» АҚ цифрландыру тұжырымдамасы және «ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасы, оның ішінде Жобалардың жол картасы болып табылады.

Осы саладағы жобаларды іске асыруды ақпараттық технологиялар департаменті, телекоммуникациялар департаменті және корпоративтік қауіпсіздік департаментімен бірлесе отырып, ТПБАЖМҚ департаменті сияқты бейінді департаменттер жүзеге асырады.

ЦИФРЛАНДЫРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

2018 жылдан бастап Компанияда заманауи цифрлық технологияларды енгізу және тиімді ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды өрістету есебінен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметін жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындайтын цифрландыру тұжырымдамасы жұмыс істейді.

Тұжырымдаманы іске асыру үшін дамудың екі негізгі мақсаты мен он негізгі бағыты айқындалды.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ЦИФРЛАНДЫРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

ЦИФРЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

1 ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕСЕБІНЕН ПРОЦЕСТЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ДАМУДЫҢ ӘЛЕМДІК ҚАРҚЫНЫНА СӘЙКЕСТІК

2 ҮЗДІК ӘЛЕМДІК ПРАКТИКАЛАР МЕН БАСТАМАЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЕСЕБІНЕН ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ

ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

1 ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ СЕНІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2 ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ



Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік
- ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЫНАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ



«ҚазТрансОйл» АҚ Жылдық есеп ••• 2022

ПЕРИМЕТРЛІК БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ

Жобаның негізгі мақсаты — периметрлі бейнебақылау жүйесін және компанияның 26 өндірістік объектілерінде және 11 магистральдық құбырлардың желілік бақыланатын пункттерінде қолжетімділікті бақылау жүйесін құру. Мұнай құбырлары объектілерінің периметрлі бейнебақылау жүйелері күзет құрылымдары мен жедел персоналды өндірістік алаң аумағына бөгде адамдардың

рұқсатсыз кіргені туралы уақтылы хабардар етуді, бұзушылардың іс-қимылдарының бейнежазбасын, сондай-ақ өндірістік және технологиялық объектілердің жұмысқа қабілеттілігі мен жай-күйін бақылауды қамтамасыз етеді.

Кіруді бақылау және басқару жүйесі объектілердегі бақылау-өткізу режимін жүйені санағышы бар

бар турникет, шлагбаумдар және электромеханикалық құлыптары бар санағыштар сияқты техникалық қол жеткізу құралдарының көмегімен реттеуге мүмкіндік береді.

2022 жылы Компания екі өндірістік объект: «Бейнеу» МАС пен «Шағыр» МҚП-та периметрлік бейнебақылау жүйесін және қолжетімділікті бақылау жүйесін енгізді.

ӨНДІРІСТІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖОБАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

2022 жылы Компанияның магистральдық құбырларын басқару үшін өндірістік-технологиялық байланыстың сапалы және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында байланыс арналарының өткізу қабілетін арттыру бойынша мынадай жобалар іске асырылды:

- өндірістік-технологиялық байланыстың станциялық және желілік құрылыстарының жабдықтарын техникалық есепке алуды автоматтандыру жүйесін жете жарақтандыру жөніндегі жобаның 2-кезеңі аяқталды;
- Атырау мұнай құбыры басқармасында диспетчерлік, жедел-технологиялық байланысты жаңғырту жөніндегі жобаның бірінші бөлігі іске асырылды (жобаны толық аяқтау 2023 жылы жоспарланып отыр);

- Атырау мен Құлсары мұнай құбыры басқармаларының бақылау және басқару пункттерінің байланыс жүйесін қайта жаңарту;
- Қарағанды, Павлодар мен Маңғыстау мұнай құбырлары басқармаларының магистральдық мұнай құбырлары бойы тұрақты радиобайланыспен толық қамту аймағын қамтамасыз ету;
- Павлодар мұнай құбыры басқармасында, «ҚазТрансОйл» ЗЭО» АҚ филиалында және Компанияның орталық аппаратында желілік қауіпсіздік құрылғыларын жеткізу және монтаждау.

Іске асырылған жобалар жабдықтың автономды қызмет ету мерзімін 4 сағаттан 36 сағатқа дейін (электр қуаты ажыратылған жағдайда) ұлғайтуға, ұтқыр радиостанцияларды радиобайланыспен қамту аймағын 100%-ға дейін кеңейтуге және Компанияның өндірістік-технологиялық желісінде тоқтап қалу мен апаттық жағдайлардың туындау қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Реконструкция автоматической системы пожарной сигнализации и электроуправления пожаротушением на девяти производственных объектах Компании.
- Внедрение системы видеонаблюдения и системы контроля доступа на девяти производственных объектах Компании.
- Обеспечение качественной и бесперебойной работы производственно-технологической связи для управления магистральными трубопроводами Компании.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу

Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері

Инвестициялық қызмет

Процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Корпоративтік қауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік

ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Корпоративтік қауіпсіздік

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНЕ БАСҚАРУ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӨЗ-ІН ЖӘНЕ МҰНАЙДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАРЫН ШИКІЗАТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖҮЙЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ТҮСІНЕДІ. БҰЛ ЖАҒДАЙЛАР КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІК ПЕН АКТИВТЕРДІ ҚОРҒАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ЖОҒАРЫ ТАЛАПТАР ҚОЯДЫ. ОСЫ МАҚСАТТА МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРДЫ ТҰРАҚТЫ КҮЗЕТУ ЖӘНЕ МҰНАЙДЫҢ КЕМУІН АНЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН МҰНАЙ ҚҰБЫРЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ТӘУЛІК БОЙЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН.

Корпоративтік қауіпсіздік мәселелерін басқаруды корпоративтік қауіпсіздік департаменті жүзеге асырады. Құбырдың күзет аймағына құқыққа қарсы әрекеттер мен басып кірулерді анықтау орталық аппарат деңгейінде, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ ұтқыр күзет топтары мен авариялық қызметтерді қоса алғанда, барлық ҚЖЖ өзара іс-қимыл процесінде жүзеге асырылады.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын есепке ала отырып әзірленген Компания объектілерді жарақтандыру жоспарына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерін инженерлік-техникалық күзет құралдарымен 2023-2027 жылдарға дейін жарақтандыру жоспарына сәйкес күзеттің инженерлік-техникалық құралдарын енгізу бойынша іс-шараларды белсенді іске асырады. Осы Жоспарға сәйкес Компанияның өндірістік және технологиялық объектілерінде күзет-периметрлік сигнализация және бейнебақылау жүйесін енгізу жүзеге асырылуда.

КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ



Күзет-периметрлік дабыл беру және бейнебақылау жүйесін енгізу

Рұқсат етілмеген ойымдарды анықтау мақсатында магистральдық құбырдың желілік бөлігі құбырларды күзету және кемуді анықтау жүйелерімен жабдықталады.

ОСЫЛАЙША, 2022 ЖЫЛЫ «ЖАҢЖОЛ-КЕҢҚИЯҚ» ММ ЖӘНЕ «ӘЛІБЕКМОЛА — КЕҢҚИЯҚ» ММ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ҚАЙТА ЖАҢАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ.

Магистральдық мұнай құбырларын күзету жүйесі мұнай құбырының күзет аймағында рұқсат етілмеген ойымдар анықталған жағдайда дабылмен шынайы уақыт режимінде құбырлардың желілік объектілеріне автоматтан-дырылған мониторинг жүргізеді.

Сонымен қатар, 2022 жылы «Бейнеу» МАС, «Шағыр» МАС-қа кіруді бақылау және басқару жүйесі енгізілді. А.Құлтұмиев атындағы МАС, «Солтүстік Бозащы» МАС, «Үлкен Шаған» МАС жұмыстар басталды, бұл жүйені оқитын турникет, шлагбаумдар және электр-механикалық құлыптары бар оқитын құрылғылар сияқты техникалық қол жеткізу құралдары арқылы объектілерде бақылау-өткізу режимін ретке келтіруге мүмкіндік берді.

Жыл бойы Компания террористік қатерлерге, мұнай мен тауар-материалдық құндылықтарды ұрлауға қарсы іс-қимыл және қылмыстық істерді тергеу мен сот процестеріне байланысты іс-шаралар, сондай-ақ бірлескен оқу-жаттығулар өткізу мәселелері бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимылдарды жүзеге асырды.

Сонымен бірге, Компания үнемі оқу-жаттығу және профилактикалық күзет-режимдік іс-шараларды, сондай-ақ болжамды қауіп-қатерлердің іске асуына байланысты модельдеу жағдайлары тұрғысынан өндірістік объектілердің қызметкерлерін тарта отырып, жаттығулар өткізеді.

ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

«ҚазТрансОйл» АҚ аумақтық ішкі істер органдарымен және күзет ұйымымен — «KMG-Security» ЖШС-мен белсенді ынтымақтастық жасайды. Компаниялар арасында меморандумдарға қол қойылды, оларға сәйкес тараптар жедел түрде тиісті ақпаратпен алмасадy, бірлесіп объектілердегі қылмыстарға қарсы күрес стратегиясын әзірлейді, магистральдық мұнай құбырларын қорғау мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар қалыптастырады.

Құқыққа қарсы әрекеттердің санын азайту мақсатында 2021 жылы Компания құқық қорғау органдарымен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп, фактілер бойынша қылмыстық істерді қозғау және оларды сотқа дейін алып жүру және қылмыстық адамдарға қатысты шығарылған үкімдердің одан әрі сәйкес келуі мақсатында Компания объектілерінде анықталған қылмыстық қол сұғушылық фактілерін сүйемелдеу бойынша жұмысты жалғастырды.

Тараптардың бірлескен жұмысы шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуының жай-күйін, бейнебақылау жүйелерінің және құралдарының жұмыс қабілеттілігін, қолжетімділікті бақылауды, қауіпсіздікті, ақпараттық желілердің, байланыс құралдарының қорғалуы жай-күйін тексеру және Компанияны хабардар ету жүзеге асырылды.

2022 жылы жоғарыда аталған ынтымақтастық нәтижесінде «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларына рұқсатсыз кесу жасалған жоқ.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР


1. А. Құлтұмиев атындағы МАС, «Солтүстік Бозащы» МАС, «Үлкен Шаған» МАС-та периметрлік бейнебақылау жүйесін және оларға кіруді бақылау және басқару жүйесін енгізуді, сондай-ақ осы жүйелерді «Әлі-

бекмола» БМАС, «Карманово» МЖС, «Мартыши» МАС, «Індер» МАС, «Мақат» МАС, «Сахарный» МЖС енгізуді аяқтау.

2. Террористік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл, мұнай және тауар-материалдық құндылықтарды ұр-

лау мәселелері бойынша, сондай-ақ қылмыстық істерді тергеу мен сот процестеріне байланысты іс-шаралар мәселелері бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау, бірлескен оқу-жаттығулар өткізу.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік
- ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Ақпараттық қауіпсіздік

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ

КОМПАНИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ ТУРАСЫНДА «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) қолданылуда. АҚБЖ Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған.

Ақпараттық қауіпсіздікті тиімді басқару үшін Компанияда тоқсан сайын ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау жүзеге асырылады. 2022 жылы бизнестің үздіксіз жүргізілуіне айтарлықтай әсер еткен немесе әсер ете алатын оқиғалардың жоғары және орташа сыны жағдайлары тіркелген жоқ.

Сондай-ақ, Компанияда ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне жоспарлы аудит жүргізілді. Аудитті «TÜV AUSTRIA Стандарттар және Сәйкестік» халықаралық сертификаттау органы жүргізді.

Аудит қорытындылары бойынша Компания ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады, сондай-ақ АТПБЖ техникалық және бағдарламалық құралдар кешеніне қызмет көрсету процесіне қатысты сертификаттау саласын кеңейтті.

АҚБЖ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЛАЙЫҚТЫ ДЕҢГЕЙІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-ДА АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ БОЙЫНША БІРҚАТАР ІС-ШАРАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛУДА, АТАП АЙТҚАНДА, ОЛАР:

- 1 ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдерді тоқсан сайын бағалауды жүргізуді және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді;
- 2 АҚБЖ халықаралық талаптарға сәйкестігіне қадағалау аудиттерін жүргізуді;
- 3 корпоративтік регламенттер мен тәсілдерге сәйкестігіне ОЖЖ-да ішкі аудиттер жүргізуді;
- 4 үздік әлемдік тәжірибелер мен технологиялар негізінде вирустық қауіптерден қорғауды қамтамасыз етуді;
- 5 Компания қызметкерлері арасында ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін дамытуды қамтиды.

2022 жылы бекітілген 2022 жылғы бюджет шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ қосымшалары мен жүйелерінің кибер-қауіптерден қорғалу деңгейін арттыру жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған жол картасының жоспарланған іс-шаралары іске асырылды.

КОМПАНИЯДА АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ДАМУ

2022 жылы NGFW класындағы шешімдердің негізінде Компания объектілерін желілік қауіпсіздік құралдарымен қосымша жарақтандыру бойынша жобалар іске асырылды, ақпараттық жүйелердегі пайдаланушылардың есеп жазбаларын басқару жүйесін жаңғырту аяқталды, Компанияның АТ-инфрақұрылымына жасалған шабуылдарды анықтау және оларға ден қою жүйесі кезең-кезеңмен енгізілуде.

Осы жобаларды іске асыру ақпараттық қауіпсіздік инциденттерінің туындау ықтималдығын төмендетуге бағытталған бағдарламалық-техникалық шешімдер кешенін толықтырды.

2022 жылы Компания киберқауіпсіздік саласындағы жетекші компаниялармен кибер-инциденттерді анықтаудың озық жүйелеріне тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізу және АТПБЖ

жүйелерінің қорғалуын қамтамасыз ету бойынша келісімдер жасады. Жүргізілген тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтардың қорытындылары бойынша ақпараттық қауіпсіздіктің жаңа бағдарламалық-техникалық шешімдерін енгізу мүмкіндігін одан әрі талдау және қарау үшін есептер жасалды.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Компания ОҚБ және ЕББҮ-да ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жақсарту, ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне мониторинг жүргізу мен ден қою сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыруға ниетті. 2023 жылға келесі іс-шаралар жоспарланған:

1. Сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің өзгертін талаптарын ескере отырып, ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру жөніндегі іс-шараларды орындау.
2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша озық әдістер мен технологияларды зерделеу және қолдану.
3. Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының қызметін сатып алу арқылы ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын өңдеу сапасын арттыру.





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
 Компанияның 2022 жылғы қызметінің нәтижелері
 Инвестициялық қызмет
 Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
 Корпоративтік қауіпсіздік
 Ақпараттық қауіпсіздік
 ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

ҒЗТҚЖ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ДАМУ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ӨЗІНІҢ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІНДЕ ЕРЕКШЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРҒА ТАП БОЛАДЫ, БҰЛ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕНІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕЛГЕН ШЕШІМДЕРДІ БІЛДІРЕДІ.

Жұмыстың осы ерекшелігі қолданыстағы технологиялық процестерді (мұнай жылыту пештерінің, сорғы агрегаттарының, мұнай құбыры объектілерін қорғау жүйелерінің және т.б. жұмыстары) оңтайландыруға/жаңғыртуға бағытталған қазіргі заманғы техникалық шешімдерді, жаңа техника мен технологияларды одан әрі енгізуге ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған.

Ғылыми және инновациялық-технологиялық даму саласындағы өзекті міндеттерді шешу үшін ҒЗТҚЖ жүргізу және 2021-2025 жылдарға арналған жаңа техника, жабдық және инновациялық технологиялар жөніндегі инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі бағдарлама (ҒЗТҚЖ бағдарламасы) тұрақты негізде іске асырылуда.

Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласы объектілерінде, оның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде алынған және енгізілген ҒЗТҚЖ нәтижелері жұмыс сапасын арттыруды және мұнай мен суды айдау көлемін ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

ҒЗТҚЖ БАҒДАРЛАМАСЫ

1

Магистральдық құбырлар жүйесінің сенімділігін арттыру

2

Автоматтандыру жүйелерін дамыту, объектілердің қауіпсіздігін арттыру

3

Шығындарды қысқарту және пайдалану шығындарының тиімділігін арттыру

4

Энергия және ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу

2022 ЖЫЛЫ ҒЗТҚЖ ЖӘНЕ ИТЖ НӘТИЖЕЛЕРІ

Бекітілген ҒЗТҚЖ бағдарламасына сәйкес 2021 жылға төменде көрсетілген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді:

- EMAT-IFSE, SRUT, SCT, УЭК әдістерімен салыстырғанда, ұзын толқынды ультрадыбыстық дефектоскопия (LRUT) әдісімен MAC технологиялық құбырларына диагностика жүргізудің инновациялық әдістерін зерттеу.
- Зертханалық және табиғи жағдайларда Zinga коррозияға қарсы жабынының пилоттық сынақтарын жүргізу.
- Реологиялық/физика-химиялық өлшемдерді зерттеу және Компанияның мұнай құбыры бағыттары бойынша мұнайдың әртүрлі түрлерін бірлесіп тасымалдау кезінде мұнай қоспалары ағынының тұтқырлық-температуралық өлшемдерін болжау.
- Компанияның магистральдық мұнай құбырларына коррозиялық мониторинг жүргізу.
- Құбыр фрагменті металының техникалық жай-күйін, механикалық және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу және құбырдың қалдық ресурсын есептеу үшін алынған өлшемдерді пайдалануды сынақтан өткізу.

ҒЗТҚЖ аясында барлығы 15 жоспарланған зерттеу жүргізілді, 1 инновациялық жоба және 10 қосымша жұмыс, барлығы 100%-ға орындалды.

СТАНДАРТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022 жылға арналған стандарттарды әзірлеу/өзектендіру жөніндегі жоспарына сәйкес Компанияның 7 стандарты әзірленді:

- «Магистральдық мұнай құбырлары. Желілік бөлікті консервациялау».
- «Магистральдық мұнай құбырлары. Технологиялық сақиналары бар муфтааларды (П2, П5, П5У түріндегі), эллиптикалық түбі және күшейтетін төсемі бар келте құбырларды (П7 түрдегі) дайындауға және монтаждауға арналған техникалық шарттар».
- «Ақпараттық-есептеу техникасы және ұйымдастыру техникасы» стандартына өзгерістер. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер мен материалдардың шығыс нормалары».
- «Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнай айдау станцияларының жабдықтары мен құрылыстары. Пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу» стандартына өзгерістер.
- «Магистральдық мұнай құбырлары. Ішкі қуысты тазарту» стандарты (стандарт қайта қаралды).
- «Автокөлік, трактор және арнайы техникаға техникалық қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеу» стандартына өзгерістер. Қосалқы бөлшектер мен материалдар шығысының нормалары».
- «Магистральдық құбырлардың объектілері мен жабдықтарын бояу бойынша бірыңғай үлгілік түстер шешімдер» стандарты (стандарт әзірленді).

15

ЗЕРТТЕУ

1

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБА

10


ҚОСЫМША ЖҰМЫС

ҒЗТҚЖ шеңберінде 100% орындалды және өткізілді

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- 2023 жылы 2023-2027 жылдарға арналған ҒЗТҚЖ бағдарламасы бойынша іс-шараларды орындау.
- Компанияның 2023 жылға арналған стандарттарды әзірлеу/өзектендіру жөніндегі жоспарын орындау.
- Компанияның өнертабыстық қызметі бойынша іс-шараларды іске асыру.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР


- 78 – Орнықты дамуды басқару
- 92 – Қоршаған ортаны қорғау
- 102 – Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- 106 – Персоналды басқару
- 120 – Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- 122 – Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- 132 – Корпоративтік коммуникациялар
- 136 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- 139 – Экономикалық нәтижелілік
- 142 – Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ
25 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ
ҚЫЗМЕТІНІҢ
НӘТИЖЕЛЕРІ

519 100 МЛН
ТЕҢГЕ

САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Орнықты дамуды басқару

СОҒҒЫ БІРНЕШЕ ЖЫЛДА ӘЛЕМДІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ESG АСПЕКТІЛЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАРЛЫҒЫ АРТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНДЫҚТАН, ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ КҮН ТӘРТІБІ ӨЗЕКТІЛІГІН ТЕЗ АРТТЫРУДА. БІЗ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ НАЗАР АУДАРАТЫНЫН ЖӘНЕ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕР ШЕҢБЕРІНДЕ ӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖЫЛ САЙЫН АША ОТЫРЫП, ОН ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ БОЙЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ЕСЕПТІЛІКТІ ЖАРИЯЛАЙТЫНЫН МАҚТАНЫШПЕН АЙТА АЛАМЫЗ.

Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің ESG-практикаларды дамыту бойынша белсенді үйлесімді күш-жігерінің арқасында Компания елеулі нәтижелерге қол жеткізді, олар туралы егжей-тегжейлі ақпарат осы бөлімнің беттерінде көрсетілген. 2022 жылы орнықты дамудың әрбір бағыты шеңберіндегі міндетті үздіксіз жұмыспен қатар, Компания біздің қызметкерлеріміздің әлеуметтік әл-ауқаты мен жайлылығын қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс атқарды. Бірақ «ҚазТрансОйл» АҚ мұнымен тоқтап қалмай, осы бөлімде бизнесті жауапты жүргізу саласындағы практикаларымыз бен тәсілдерімізді одан әрі дамытуға бағытталған «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023 жылғы өршіл жоспарларын ұсынады.



БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 2-12, GRI 2-13, GRI 2-14

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінде орнықты даму мәселелеріне ерекше назар аударады. Корпоративтік басқару және орнықты даму жүйесін жетілдіру — Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

Компанияда орнықты даму саласындағы миссия тұжырымдалған, ол қазіргі заманның қажеттіліктеріне сәйкес болашақ ұрпақтың мүмкіндіктерін сақтап, арттыру үшін экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын сақтай отырып, өз қызметін жүргізетін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң үлес қосудан тұрады. Осы мақсатты іске асыру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ алты негізгі қағидатты ұстана отырып, орнықты даму саласындағы практикаларын жақсарту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізіп жатыр.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

- 1 **Бизнес қызметінің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету**
- 2 **Қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту**
- 3 **Табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану**
- 4 **Қызметкерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау**
- 5 **Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету**
- 6 **Өндірістік активтерді басқару**

Компанияның орнықты даму саласындағы негізгі қағидаттары ESG саласындағы келесі негізгі саясаттар мен құжаттарда көрсетілген:

- «ҚазТрансОйл» АҚ сапа саласындағы саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ дивидендік саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ экологиялық саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған кадрлық саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясаты;
- Корпоративтік басқару кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік жауапкершілік кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын басқару қағидалары;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуын жүзеге асыру тәртібі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлер арасындағы ұжымдық шарт (Ұжымдық шарт);
- «ҚазТрансОйл» АҚ коммуникациялар жоспары.

Компанияның Директорлар кеңесі мен менеджменті орнықты даму мәселелерін басқару процесіне белсенді түрде қатысады. Директорлар кеңесі Компанияның ESG саласындағы қызметіне қатысты мәселелерді үнемі қарастырады. Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті орнықты даму қағидаттарын енгізуге жәрдемдеседі. Директорлар кеңесінің мүшелері орнықты даму мәселелерін қарауға тартылады.

Орнықты даму мәселелерін басқару Компанияны басқарудың барлық ұйымдастырушылық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Жекелеген мәселелерді басқаруды Компанияның орталық аппараты деңгейінде бейінді департаменттер және ТЖЖ деңгейінде — персоналмен жұмыс, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау сияқты орнықты дамудың нақты салаларына жетекшілік ететін қызметтер мен бөлімдер жүзеге асырады. Қызметтер мен бөлімдердің жұмысы Компанияның орталық аппаратымен тікелей өзара іс-қимыл шеңберінде үйлестіріледі және келісіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның орнықты даму саласында қызметі сәйкес келетін халықаралық стандарттар:

- ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйелері»;
- ISO 14001:2015 «Экологиялық менеджмент жүйелері»;
- ISO 45001:2018 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйелері»;
- ISO 50001:2018 «Энергетикалық менеджмент жүйелері».

2022 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІКТІ РАСТАУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ СЕРТИФИКАТТАРДЫ ЖАҢА ҮШ ЖЫЛДЫҚ МЕРЗІМГЕ ҰЗАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ ОРГАНДАРМЕН СЕРТИФИКАТТАУ АУДИТТЕРІН ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАРДЫ ОРЫНДАДЫ.




Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
 Қоршаған ортаны қорғау
 Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
 Персоналды басқару
 Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
 Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
 Корпоративтік коммуникациялар
 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
 Экономикалық нәтижелілік
 Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР



Орнықты даму моделі

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

- Ірі акционер
- Миноритарлық акционерлер
- Директорлар кеңесінің мүшелері
- Қаржы ұйымдары мен рейтингтік агенттіктер
- Мемлекеттік органдар мен әсер ету ұйымдары
- Қызметтерді тұтынушылар мен серіктестер
- Персонал
- ЕББҰ
- Жеткізушілер
- Жұртшылық (жергілікті халық, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ)
- Бәсекелестер

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ

Бизнес қызметінің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету
 Өндірістік активтерді басқару

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

Қоршаған ортаға келеңсіз әсерді барынша азайту
 Табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану

ӘЛЕУМЕТТІК

Жұмыскерлерді кәсіптік дамыту және әлеуметтік қолдау
 Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

БҰҰ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҰСТАНУ



- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ экологиялық саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ кадр саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік жауапкершілік кодексі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР, 2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

5,8% энергетикалық ресурстарды жиынтық тұтыну көлемінің азаюы
7,9% табиғи газ тұтынылуының азаюы
4,49 т.у.т. / млн тонна-км мұнай тасымалдаудың энергия сыйымдылығы
 Сыртқы аудит қорытындылары бойынша Компанияның ИМЖ талаптарына сәйкес келетіні расталды
ISO 50001:2018

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАНТТАНУДЫ АЗАЙТУ

4,9 млрд теңге еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға салынатын инвестициялар көлемі
0 өндірістегі жазатайым оқиғалар
5 586 қызметкер өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бойынша оқудан өткендер
1 875 «Қорғау» карталары
0 LTIR


Сыртқы аудит қорытындылары бойынша Компанияның ИМЖ талаптарына сәйкес келетіні расталды
ISO 45001:2018

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛЕҢСІЗ ӘСЕРДІ АЗАЙТУ

1,4 млрд теңге табиғатты қорғау іс-шараларына арналған шығындар
3,5 га бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді
76% қалдықтардың түзілуінің жиынтық көлемінің азаюы
12% NO_x шығарындылар көлемінің азаюы
16,3% су алу көлемінің азаюы
0 апат жағдайы мұнай тасымалдау кезінде экологиялық залалға өкпе соққан

ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

746 млн теңге персоналды оқытуға салынған инвестициялар көлемі
5 300 жұмыскер оқу орталығы базасында даярлаудан және қайта даярлаудан өтті




- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**
- 3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**
- 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**
- 6. ҚОСЫМШАЛАР**

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



КОМПАНИЯНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ



БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ (ОДМ) ЖАҒАНДЫҚ МАҚСАТТАРЫ

Орнықты болашаққа қол жеткізу үшін бүкіл әлем бойынша компаниялардың бірлескен жұмысының маңыздылығын түсіне отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларды, оның ішінде БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарын толық қолдайды. «ҚазТрансОйл» АҚ бизнесті жауапкершілікпен жүргізу, корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін қолдану, қоршаған ортаға тиетін әсерді барынша азайту, персоналды тиімді басқару, қауіпсіз еңбек жағдайларын және өндірістік объектілерде апатсыз жұмыс істеу режимін қамтамасыз ету жолымен оларға қол жеткізуге өз үлесін қосу бойынша жұмыс істеуде.

«ҚазТрансОйл» АҚ БҰҰ-ның Орнықты дамуының барлық 17 мақсатының маңыздылығын түсінеді және өзіне негізгі тоғыз мақсатты атап өтеді, оларға қол жеткізуге Компания қызметі барынша елеулі әсер етеді. 2022 жылы Компанияның осы мақсаттарға қол жеткізуге қосқан үлесі саласындағы жұмыстың негізгі нәтижелері кестеде көрсетілген.





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҮЛЕС

ОДМ	Мақсат
3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ӘЛ-АУҚАТ	Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтуды, оның ішінде қаржылық қатерлерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуді және барлығына қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету.
4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ	Жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдылары, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдылары бар жас және ересек адамдардың санын айтарлықтай ұлғайту
6 ТАЗА СУ МЕН САНИТАРИЯ	Су ресурстарын басқару процесін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету және мүдделі тараптарды осы процеске тарту
7 АРЗАН ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ	Арзан, сенімді, тұрақты және қазіргі заманғы энергия көздеріне жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету
8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ	Түсімді, жан-жақты және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу
9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ	Барлық адамдар үшін арзан және тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге аса көңіл бөле отырып, экономикалық дамуды және адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда сапалы, сенімді, тұрақты және орнықты инфрақұрылымды дамыту
13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС	Климаттың өзгеруіне және оның салдарларына қарсы күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау
16 БЕЙБІТШІЛІК, СОТ ТӨРЕЛІГІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР	Орнықты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру
17 ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ СЕРІКТЕСТІК	Орнықты даму мүддесінде Жаһандық серіктестік шеңберінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру

Біздің міндеттемелеріміз

- Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы қамқорлық;
- Өлім-жітім жағдайлары санының, кәсіптік аурулар мен жіті улану санының өсуін болдырмау

- Қызметкерлерді оқыту мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;
- Университеттермен және оқыту жөніндегі сарапшылармен ынтымақтастық;
- Студенттер мен түлектер үшін оқу бағдарламалары мен тағылымдама бағдарламаларын ұйымдастыру

- Су ресурстарын тиімді пайдалануды және рұқсатсыз пайдалануға жол бермеуді қамтамасыз ету;
- Басқарудың жаңа жүйелері мен инновациялық технологияларды енгізу

- Жалпы электр қуатын тұтынуды азайту

- Ұжымда және қатысатын өңірлерде әлеуметтік қорғалу және тұрақтылық үшін жағдай жасау;
- Барлық қызметкерлер үшін лайықты еңбек жағдайларына кепілдік беру;
- Сыйақы және ынталандыру жүйесін жетілдіру

- Магистральдық мұнай құбырларының сенімді және авариясыз жұмысын қамтамасыз ету;
- ҒЗТҚЖ-ға белсенді инвестициялау;
- Жергілікті билік органдарымен әлеуметтік әріптестік бағдарламалары шеңберінде қызмет өңірлеріндегі инфрақұрылым объектілерін дамыту

- Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын ұлттық деңгейдегі саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу;
- Білім беруді, ақпаратты таратуды және адамдар мен мекемелердің климаттың өзгеруінің өткірлігі мен салдарын жеңілдету, оларға бейімделу және ерте ескерту мүмкіндіктерін жақсарту

- Компанияны басқарудың барлық ұйымдастырушылық деңгейлерінде, сондай-ақ ЕББҰ-да «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексiнiң талаптарына сақтау деңгейін едәуір арттыру

- Әлемдік қоғамдастық ілгерілететін орнықты даму саласындағы бастамаларды қолдау
- Аланың басқа өкілдерімен ынтымақтасу
- Жергілікті жұртшылықпен өзара тиімді қарым-қатынастар орнату

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

0 жағдайы

2022 жылы жұмыс орнында жарақаттанудың — нөлдік жарақаттануға қол жеткізу

866 млн теңге

санитариялық-эпидемиологиялық және емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізуге арналған шығыстар

ДЖБК қатысуымен шартты төтенше жағдайды жою бойынша кешенді командалық-штабтық оқу-жаттығу өткізілді

746 млн теңге

оқуға жұмсалды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 22%-ға артық

11 бағыт бойынша

қызметкерлерді еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы оқыту жүргізілді

16,3%

есепті кезеңде су тұтыну көлемі 2021 жылмен салыстырғанда төмендеді

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған тұщы судың пайдаланылуын қысқарту, су ресурстарын қайта немесе айналымда пайдалануды ұлғайту есебінен нормативтік-тазартылған суды ағызуды қысқарту, су ысыраптарын қысқарту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

5 094 мың кВт*ч

негізгі іс-шаралар есебінен электр энергиясын тұтынудың жалпы қысқаруы құрады

4 897 мың м³

табиғи газды тұтынудың жалпы қысқаруы

159,17 мың теңге

2022 жылы Компаниядағы ең төменгі жалақы деңгейі құрады

43,760 млрд теңге

2022 жылы күрделі шығындар көлемі

15 зерттеу

2022 жылы іске асырылды

1 инновациялық жоба

10 қосымша жұмыс

-99%

азот оксидінің (N₂O) атмосфераға шығарындылар көлемінің азаюы

«ҚазТрансОйл» АҚ-да ластаушы заттар мен парниктік газдарды азайту жөніндегі 2030 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары жұмыс істейді

>3 000 қызметкері

іскерлік этика кодексін білу мәніне оқытудан және тестілеуден өтті

Комплаенс-бақылау қызметі Қазақстан Республикасында Астана қаласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі бағыттары туралы семинар-кеңес ұйымдастырды

2021-2022 жылдар кезеңінде сатып алу туралы шарттардың орындалуына мониторинг жүргізу, бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбекті қорғау және ТЖ мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді


98%

қызметтерді тұтынушылардың қанағаттану дәрежесі: операторлық қызметтер бойынша

100%

қызметтерді тұтынушылардың қанағаттану дәрежесі: мұнай тасымалдау бойынша





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

«ҚазТрансОйл» АҚ Жылдық есеп ••• 2022

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ТОБЫНЫҢ ТІЗІМІ

- ІШКІ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР
- СЫРТҚЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР



Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор ретінде Компания мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерінде өз жауапкершілігінің жоғары дәрежесін түсінеді. «ҚазТрансОйл» АҚ адалдық, әділдік, адал ниеттілік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарына негізделі отырып, олармен ашық және сенімді қарым-қатынастарды қалыптастыру және қолдау бойынша үздіксіз жұмыс істейді. Сонымен қатар, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу кезінде Компанияда енгізілген менеджмент жүйелері стандарттарының (ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001) талаптарына сәйкес Компанияның маңызды қағидаты олардың қажеттіліктері мен үміттерін анықтау болып табылады.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылының басымдықтарын көрсететін корпоративтік құжаттар:

- «ҚазТрансОйл» АҚ дивидендтік саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлер картасын қалыптастыру регламенті;
- «ҚазТрансОйл» АҚ контрагенттер сенімділігін тексеру регламенті.

Стейкхолдерлер тізбесіне ішкі (Компания және оның ЕББҰ ішінде) және сыртқы (Компаниядан және оның ЕББҰ-дан тыс жерде орналасқан) мүдделі тараптар кіреді.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ПРОЦЕСІ



Мүдделі тараптардың Компаниядағы қажеттіліктері мен мүдделерін уақытылы анықтау үшін стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл процесі құрылды. «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес ұйымдарының мүдделі тараптарының тізбесін қалыптастыру әр үш жыл сайын жүргізіледі. Ол үшін Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары олардың мүдделері өз қызметінің шеңберінде қозғалатын тұлғалармен (жеке және заңды) қарым-қатынастарын зерделеу арқылы ішкі сауалнама мен талдауды жүзеге асырады. 2023 жылы Компанияның мүдделі тараптарының тізбесін өзектендіру жоспарлануда.

КОМПАНИЯ ӨЗІНІҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫМЕН ТҰРАҚТЫ НЕГІЗДЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАЙДЫ. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАМДАРЫН АЙҚЫНДАУ НӘТИЖЕСІНДЕ КОМПАНИЯ ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ТИІМДІ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ТҮТАС КӨРІНІСІН АЛАДЫ.





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
 Қоршаған ортаны қорғау
 Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
 Персоналды басқару
 Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
 Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
 Корпоративтік коммуникациялар
 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
 Экономикалық нәтижелілік
 Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

СЫРТҚЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР

Миноритарлық акционерлер (оның ішінде акционерлердің мүдделерін білдіретін ұйымдар немесе жеке тұлғалар)

- Акционерлердің құқықтарын сақтау;
- Акционерлік құнның өсуі және бизнестің орнықтылығы;
- Қолданыстағы заңнаманы сақтау

- Тиімді корпоративтік басқару;
- Оң өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді қамтамасыз ету;
- Ақпараттық ашықтық және айқындық

2022 жылы стейкхолдерлердің талаптарына қол жеткізу

2022 жылғы 19 мамырда Компания Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілді

26 теңге

2022 жылғы 13 маусымда Компанияның бір жай акциясына шаққанда мөлшерінде 2021 жыл үшін дивидендтер төленді

6 кездесу

миноритарлық акционерлермен өткізілді

Компания қызметі бойынша акционерлерден келіп түскен барлық сұрақтарға жауаптар берілді

2022 жылғы 17 қарашада Компания «KASE-тегі эмитент күніне» қатысты

Мемлекеттік органдар мен болжамдар ұйымдары

- Қолданыстағы заңнаманы және мемлекеттің мұнай тасымалдау саласындағы стратегиялық мүдделерін сақтау;
- Салықтарды және міндетті төлемдерді төлеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

- Тиімді корпоративтік басқару;
- Ақпараттық ашықтық және айқындық

34,0 млрд теңге

2022 жылдың қорытындылары бойынша мемлекет бюджетіне мөлшерінде салықтар және басқа да міндетті төлемдер төленді

2022 жылғы сәуірде Компания 2021 жылға бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы және Компанияның бекітілген 2021-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы есептерді 2021 жылғы көрсеткіштер бөлігінде орналастырды

2026 жылдың маусымына дейін қолданылу мерзімі бар БМТ 3 зертханасының аккредитациясы жүргізілді

2022 жылы БАӘ мемлекеттік органдарының PTL-ге қатысты шағымдары мен талаптары болған жоқ

Қаржы ұйымдары мен рейтингтік агенттіктер

- Қолданыстағы заңнаманы сақтау;
- Шарттық міндеттемелерді сақтау

- Тиімді корпоративтік басқару;
- Ақпараттық ашықтық және айқындық

Рейтингтік агенттіктермен және екінші деңгейдегі банктермен кездесулер және конференц-қоңыраулар өткізілді

Компанияның рейтингі: Fitch Ratings — «BBB –», болжам «Тұрақты», растау күні — 2022 жылғы 27 маусым; S&P Global Ratings — «BB+», болжам «Теріс», өсу күні — 2022 жылғы 29 қыркүйек (2023 жылғы 9 наурыз — болжам «Тұрақты» болып қайта қаралды)

Қызметтерді тұтынушылар мен серіктестер

- Қолданыстағы заңнаманы сақтау;
- Шарттық міндеттемелерді сақтау;
- Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- Тарифтік саясат бөлігіндегі кез келген өзгерістерді толық және уақытылы ашу;
- Сапалы қызмет көрсету

- Компанияның тұрақтылығы және қаржылық орнықтылығы;
- Ақпараттық ашықтық және айқындық;
- Икемді және тиімді тарифтік саясат;
- Тиімді корпоративтік басқару

87 мұнай өндіруші компания

2022 жылы Компанияның қызметтерін пайдаланды

98%

қызметтерді тұтынушылардың қанағаттану дәрежесі: операторлық қызметтер бойынша

2022 жылғы 13 шілдеде «Магистральдық Суағызғы» ЖШС магистральдық құбырлар арқылы су беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің 2022-2026 жылдарға арналған тарифі мен тарифтік сметасын бекітуге арналған өтінімді қарау үшін ашық тыңдаулар өткізді

100%

мұнай тасымалдау бойынша

Бекітілген тарифтік сметалардың, инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептер бойынша екі жария тыңдау өткізілді

PTL әлеуетті клиенттерінің портфелін сапалы жақсарту мақсатында жаңа контрагенттердің сенімділігін тексеру кезінде Compliance Questionnaire (сауалнама) әзірленді

2022 жылы БМТ мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу бойынша келісімшарттық міндеттемелер уақытылы орындалды

Бәсекелестер

- Қолданыстағы заңнаманы сақтау;
- Іскерлік этика нормаларын сақтау

- Тұрақты бәсекеге қабілеттілік үшін стратегиялық өзара іс-қимыл;
- Ақпараттық ашықтық және айқындық

2022 жылғы 14 қыркүйекте Компания «КҚК-Қ» АҚ ұйымдастырған 2022-Қауіпсіздік күніне орайластырылған іс-шараға қатысты

Компания «КҚК-Қ» АҚ-мен бірлесе отырып, ХМТҚ басқармасының 17-ші және 18-ші отырыстарына қатысты

Өнім берушілер

- Шарттық міндеттемелерді сақтау;
- Сатып алудың ашық конкурстық рәсімдері;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

- Компанияның тұрақтылығы мен қаржылық орнықтылығы

155,8 млрд теңге

Компания өнім жеткізушілермен жасасқан шарттардың сомасы 2022 жылы құрады

Компанияның барлық шарттарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тарауы көзделген

Сатып алу рәсімдері ZAKUP.SK.KZ электрондық сатып алу порталында жүзеге асырылады

Жұртшылық (жергілікті халық, қоғамдық ұйымдар және БАҚ)

- Қолданыстағы заңнаманы сақтау;
- Адалдық қағидааттары мен іскерлік этика нормаларын сақтау

- Жұмыс орындарын құруды қоса алғанда, Компанияның өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі;
- Жергілікті халықтың өмір сүру сапасын арттыру;
- Компанияның тұрақтылығы мен қаржылық орнықтылығы

65 баспасөз-релиз

Компанияның интернет-ресурсында жарияланды

1 548 ақпараттық-имидждік материал

жаңалықтар агенттіктерінің, республикалық және өңірлік БАҚ сайттарында

2022 жылғы 26 наурызда Компания «Жер сағаты» атты халықаралық экологиялық акцияға қатысты

БАҚ-тан келіп түскен 17 сауалға жауаптар дайындалды

2022 жылдың 28-30 қыркүйегінде Компания KIOGE-ге қатысты



Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

ІШКІ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР



Ірі акционер

- Акционерлердің құқықтарын қамтамасыз ету;
- Қолданыстағы заңнаманы сақтау;
- Тиімді корпоративтік басқару;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Стейкхолдерлердің талаптары

- Акционерлік құнның өсуі және бизнестің орнықтылығы;
- Оң өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді қамтамасыз ету;
- Ақпараттық ашықтық және айқындық

2022 жылы стейкхолдерлердің талаптарына қол жеткізу

34 261 млн тонна-км
 мұнайдың жүк айналымы (Компания бойынша жеке)

74 475 млн теңге
 2022 жылғы EBITDA

Компания жасасатын шарттарға Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатын көрсететін ережелер, сондай-ақ санкциялық ескертпелер енгізілген

40 656 мың тонна
 тасымалдау көлемі (Компания бойынша жеке)

0 жазатайым оқиға
 жұмыс уақытын жоғалған еңбек қызметіне байланысты



Директорлар кеңесінің мүшелері

- Акционерлердің құқықтарын қамтамасыз ету;
- Қолданыстағы заңнаманы сақтау;
- Іскерлік этика нормаларын сақтау

- Акционерлік құнның өсуі және бизнестің орнықтылығы;
- Ақпараттық ашықтық және айқындық;
- Тиімді корпоративтік басқару;
- Сыбайлас жемқорлықтың болмауы

21 отырысы
 Компанияның Директорлар кеңесінің өткізілді

Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына орнықты даму жүйесінің дамуы мен жұмыс істеу қорытындылары бойынша, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы 2021 жылғы есеп шығарылды



Персонал

- Еңбек заңнамасын сақтау;
- Іскерлік этика нормаларын сақтау;
- Сыбайлас жемқорлықтың болмауы

- Компанияның тұрақтылығы мен қаржылық орнықтылығы;
- Бәсекеге қабілетті жалақы деңгейі;
- Қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайлары;
- Кәсіби даму және мансаптық өсу үшін мүмкіндіктер беру;
- Компанияның жұмыс беруші ретіндегі тұрақтылығы;
- Жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелерін, сондай-ақ ардагерлер мен зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау;
- Сыбайлас жемқорлықтың болмауы

36 қызметкерін
 Компанияның орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен ОҚБ басшы құрамының ротациялау жүргізілді

2022 жылғы 24 наурыздан бастап Компанияда жаңа жоба іске қосылды: ЦОР, ол Компания қызметкерлерінің сұрақтарын, өтініштерін, шағымдарын 24/7 режимінде қабылдайды. 2022 жылы 301 өтініш келіп түсті

2022 жылы Компанияның Басқарма мүшелері мен ОҚБ басшыларының тікелей эфирде сөз сөйлеу жобасы іске қосылды. Тікелей эфир жобасын іске асыру барысында 14 шығарылым өтті

ЖОО-ның 6 студенті
 «Магистральдық Суағызғы» ЖШС өндірістік объектілерінде практикадан өтті

шамамен 3,0 млрд теңге
 әлеуметтік төлемдер

2 кездесу
 2022 жылы БМТ компания кәсіподағымен өткізді

Компанияның 25 жылдығына орай мәдени-бұқаралық және салтанатты іс-шаралар өткізілді

Грузия заңнамасының талаптарына сәйкес БМТ Корпоративтік этика кодексі өзектендірілді

Есепті кезеңде Компанияда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ



Еншілес және бірлесіп-бақыланатын ұйымдар (ЕББҰ)

- Қолданыстағы заңнаманы сақтау;
- ЕББҰ басқару органдарына және қаржы-шаруашылық қызметті тексеру жөніндегі тексеру комиссияларына қатысу;
- Іскерлік этика нормаларын сақтау;
- Тиімді корпоративтік басқару

- Компанияның тұрақтылығы мен қаржылық орнықтылығы;
- Компанияның ақпараттық ашықтығы және айқындылығы;
- Инвестициялық жобаларды іске асыруға бірлесіп қатысу;
- Жұмыс топтарына, жиналыстарға, кездесулерге бірлесіп қатысу

ЕББҰ Қатысушысы, Серіктесі, Акционері ретінде шешімдер, сондай-ақ Байқаушы кеңестің, Директорлар жиналысының шешімдері қабылданды

ЕББҰ қызметі және инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері бойынша жұмыс топтарының отырыстарына, кеңестерге, кездесулерге қатысу

ЕББҰ Тексеру комиссиялары қаржы-шаруашылық қызметке тексеру жүргізді

ЕББҰ Тексеру комиссияларының ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізілді. Компанияның Директорлар кеңесінде ЕББҰ басшылығының орындау мәртебесі туралы баяндамасы тыңдалды

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ «Батуми теңіз порты» ЖШҚ аймақтары арқылы ауыстырып тиеудің ең аз көлемі бойынша келісімдердің орындалуын қамтамасыз етті

ЕББҰ-да комплаенс функциясын құруға бағытталған жұмыс жүргізілді

ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДА МҮШЕЛІК

GRI 2-28

Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудегі бизнестің маңызды рөлі мен бірлескен күш-жігерді түсіне отырып, Компания кәсіби тәжірибе алмасуға және салалық деңгейдегі міндеттерді шешуге ықпал ететін әртүрлі кәсіби және салалық бастамаларға белсенді қатысады.



«KAZENERGY» ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ-ГАЗ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКА КЕШЕНІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Компания магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор ретінде ұсынылған. Компания өкілдері осы қауымдастық жанындағы Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшелері болып табылады.



ҚАЗАҚСТАН САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Қазақстан салық төлеушілері қауымдастығының негізгі міндеті салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, салық заңнамасындағы өзгерістер туралы уақтылы хабардар ету болып табылады.

Компания өкілдері осы қауымдастықтың жұмыс топтарына қатысады және компанияның салық заңнамасына жоғарыда көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етеді.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Халықаралық мұнай тасымалдаушылар қауымдастығы (ХМТҚ) қатысушы компаниялардың мұнай тасымалдау жүйелерін тиімді дамыту жөніндегі күш-жігерді үйлестіру және халықаралық мұнай тасымалдау тұрақтылығын нығайту үшін құрылған.

ХМТҚ мүшелері жақын және алыс шетелдердің 8 ірі халықаралық мұнай тасымалдау ұйымдары және бақылаушы ретінде бір компания болып табылады.


Қауымдастық мүшелерінің өкілдерінен 4 сараптамалық жұмыс тобы құрылды: энергия тиімділігі, заң мәселелері, мұнай жеткізу және магистральдық құбыр жүйелерін тиімді, сенімді және қауіпсіз пайдалану. Тұрақты сарапшылық топтардың жұмысынан басқа, қауымдастық жұмысының негізгі тетіктері Басқарма кеңесінің жартыжылдық отырыстары, конференциялар, көрмелер мен семинарлар, сондай-ақ техникалық сапарлар мен тәжірибе алмасу болып табылады.



«АТАМЕКЕН» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ

«Атамекен» ҰКП іскерлік, инвестициялық ахуалды жақсарту, тұрақтылық, ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін елде бизнес жүргізу шарттарын дамыту үшін құрылған.

Осы ұйымға қатысу бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғауды, бизнес жұмысының заңнамалық және өзге де нормативтік қағидаларын қалыптастыру процесіне барлық кәсіпкерлерді кеңінен қамтуды және тартуды қамтамасыз етеді.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ****6. ҚОСЫМШАЛАР**

Қоршаған ортаны қорғау

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТІМІЗДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҮШІН ЕҢ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ БІЗ БҰЛ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ЖЫЛ САЙЫН ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРАМЫЗ. 2022 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ ПАРНИКТИК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ МЕН СІҢІРІЛУІН ЕСЕПТЕУ БОЙЫНША ОЛАРДЫ ЕСЕПТЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕМЕЛЕРІН ЕНГІЗУГЕ СӘЙКЕС АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛҒАНЫН АТАП ӨТКЕН ЖӨН.



1 435 млн теңге

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға 2022 жылы бөлінді

Қоршаған ортаға теріс әсер етуді болдырмау жауапкершілігін мойындай отырып, Компания біздің экологиялық практикаларымызды жетілдіру үшін технологиялар мен мүмкіндіктерді үнемі іздеп, талдауда. Алдағы бірнеше жылда «ҚазТрансОйл» АҚ Компанияның өндірістік қызметімен байланысты технологиялық процестерді оңтайландыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды іске асыруды жоспарлап отыр. Біз «ҚазТрансОйл» АҚ-ның экологиялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыратынын жауапкершілікпен мәлімдейміз.

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3

«ҚазТрансОйл» АҚ климаттың өзгеру мәселелерінің маңыздылығын түсінеді және Компанияның экологиялық саясатына сәйкес қоршаған ортаға тиетін теріс әсерді барынша азайту үшін өз жауапкершілігін түсінеді.

Қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ) мәселелерін басқарудың денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жүйелері (ДЕҚОҚ) ҚОҚ мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін іске асыратын Компанияның өндірістік қызметінің барлық бағыттарын қамтиды, соның ішінде:

- Қазақстан Республикасының ҚОҚ саласындағы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, Компанияның ДЕҚОҚ саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- ISO 14001:2015 экологиялық менеджмент жүйесін үнемі жақсарту жөніндегі іс-шаралар;
- экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және бағалау, экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі шараларды іске асыруға инвестицияларды бағыттау;
- мердігерлік ұйымдарды (зертханаларды) тарта отырып, өндірістік экологиялық бақылау жүргізу;

- авариялық ластану жағдайларын да міндетті экологиялық сақтандыру бойынша жыл сайынғы шарттар жасасу;
- Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау;
- қызметкерлердің экологиялық мәдениеті мен құзыреттілігін арттыру, табиғатты қорғау қызметін дәріптеуді жүргізу.

Мердігерлік ұйым Компанияның объектілерінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторингті тоқсан сайын жүргізеді, оған мыналар кіреді:

- санитариялық-қорғау аймақтарын да және ластаушы заттар шығарындыларының көздеріне жақын атмосфералық ауаның мониторингі;
- топырақ мониторингі;
- жерасты су мониторингі;
- жерүсті су мониторингі;
- ағынды су мониторингі.

Компания табиғат қорғау қызметін басқару, экологиялық тәуекелдерді басқару әдістері мен тәсілдерін тұрақты негізде жетілдіреді, өндірістік объектілерде экологиялық мәдениет негіздерін енгізеді және қоршаған ортаны қорғауға қажетті ресурстарды бөледі.


2022 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ ҚОҚ БӨЛІГІНДЕ «ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСТІҢ НОРМАЛАРЫН ТҮСІНДІРУ» ТАҚЫРЫБЫНА ОҚЫТУ ЖҮРГІЗДІ.

38

ҚЫЗМЕТКЕРІ

экологиялық заңнама бөлігінде біліктілікті арттыру курстарынан өтті





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРЫ

GRI 3-3

ҚОҚ мәселелерін басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті, ОҚБ деңгейінде — тиісті бөлімдер үйлестіреді.

ҚОҚ басқару жүйесі ИМЖ бөлігі болып табылады, ISO 14001:2015 талаптарына сәйкес сертификатталды және Компанияның өндірістік қызметінің барлық бағыттарын қамтиды.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ТӨЛЕМДЕРІ

Компания тұрақты негізде қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады. Компанияның қоршаған ортаны қорғау шығындары екі бөліктен тұрады:

1 атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары, ағынды суларды ағызу кезінде ластаушы заттардың болуы, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру үшін экологиялық төлемдер;

2 Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын орындауға бағытталған табиғатты қорғау іс-шараларына арналған шығындар.

85

МЛН ТЕҢГЕ


Компанияның 2022 жылғы экологиялық төлемдері

0

ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙ

мұнай тасымалдау кезінде экологиялық залалға әкеп соқты

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР, МЛН ТЕҢГЕ



○ Табиғат қорғау іс-шараларына арналған ағымдағы шығындар, о.і: ←
○ Экологиялық төлемдер

2022 жылы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға 1 435 млн теңге бөлінді, бұл 2021 жылдың ұқсас көрсеткішінен 34,6%-ға артық. Табиғат қорғау іс-шараларына жұмсалатын шығындардың азаюы «Өзен-Атырау-Самара» ММ мен «Өзен-Жетібай-Атырау» ММ-да бүлінген жерлерді (тарихи ластануларды) қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар көлемінің азаюына байланысты.

Компанияның қоршаған ортаға теріс әсері үшін төлемдері 2022 жылы 85 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 6,6%-ға төмен.

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарын сақтамағаны үшін 3 860,8 мың теңге сомасына әкімшілік айыппұл түрінде өндіріп алуды тағайындаумен әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Әкімшілік айыппұлдар уақытылы төленді.

2022 жылы мұнай тасымалдау кезінде экологиялық залал келтірген мұнайдың шығуымен авариялық жағдайлар тіркелген жоқ.

ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

GRI 3-3

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯ БЕЛГІЛЕНГЕН КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ МӘНДЕРІНЕН АСПАДЫ.

«ҚазТрансОйл» АҚ үшін атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын басқару аса маңызды рөл атқарады. Компания «ҚазТрансОйл» АҚ атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын басқару тәртібіне сәйкес атмосфералық ауаны қорғау бойынша бірқатар іс-шараларды іске асырады.

2021 жылдан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ-да ластаушы заттар мен парниктік газдарды азайту жөніндегі 2030 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары жұмыс істейді, онда ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралардың ауқымды тізбесі бар. Атмосфералық ауаға тиетін теріс әсердің алдын алу және оны азайту мақсатында Компания келесі іс-шаралар өткізеді:

- 1 мұнайды жылыту пештерінде, су жылытатын қазандықтарды жану процесін оңтайландыру бойынша;
- 2 мұнай сақтау резервуарларында понтондар орнату арқылы мұнайдың булануын болдырмау бойынша;
- 3 газ теңестіру жүйесінің көмегімен көмірсутектер шығарындыларын азайту (резервуар паркі, ЖҚС-тағы ЖЖМ-ге арналған сыйымдылықтар), сондай-ақ булар рекуперациясы бойынша;
- 4 атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының мониторингі бойынша.

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ ЗЭО филиалы ластаушы заттар шығарындыларының көздерінде нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруды көздейтін Компанияның барлық ОҚБ объектілері үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобаларын әзірледі.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ, ТОННА GRI 305-7

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Атмосфераға ластаушы заттар шығарынды-ларының көлемі оның ішінде:	23 396	19 033	20 035	5
- NOx	642	689	604	-12
- SOx	93	81	91	12
- COx	273	265	234	-12
- атмосфераға шығарылатын шығарындылардың өзге де санаттары	22 388	17 998	19 106	6

Компанияның атмосфералық ауаға әсер етуінің негізгі көздері мұнайды сақтауға арналған резервуарлар, мұнайды жылыту пештері, мұнай құю және ағызу эстакадалары, қазандық қондырғылары болып табылады.

2022 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі белгіленген нормативтердің мәндерінен аспады. Газдардың айтарлықтай төмендеуі: азот оксидтері (12%) және көміртегі тотығы (12%).

-12%

азот оксидтерінің (NO_x) атмосфераға шығарындылар көлемінің азаюы

-12%

көміртек тотығы (CO) шығарындылар көлемінің азаюы

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. 2024 жылы Т. Қасымов атындағы МАС-та РВС–20000 м3 №7 понтонмен жабдықтау.
2. Мұнаймен жұмыс істейтін «Петерфельд» ЖӨДС су жылыту қазандықтарын өнеркәсіптік индуктивті-кондуктивті электр қазандықтарына ауыстыру.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

GRI 3-3

«ҚазТрансОйл» АҚ климаттың өзгеруіне қарсы күрес және парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша іске асырылып жатқан іс-шаралардың маңыздылығын түсінеді. Компания атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша ерікті міндеттемелер қабылдады.

Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ-да ластаушы заттар мен парниктік газдарды 2030 жылға дейін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары қолданылады.

2022 жылы парниктік газдар шығарындыларын бақылаудың 2022-2025 жылдарға арналған жоспары бекітілді. Парниктік газдар шығарынды-


ларының көлемін есептеу және парниктік газдарды түгелдену туралы есепті дайындау бекітілген мынадай әдістемелер негізінде жүргізіледі:

- мұнай өндіру, тасымалдау және сақтау объектілерінде атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын есептеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;
- жылу электр станциялары мен қазандықтардан парниктік газдар шығарындыларын есептеу бойынша әдістемелік нұсқаулар;
- Климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылардың үкіметаралық тобының бағалау баяндамасына сәйкес жаһандық жылыну коэффициенттері.

-63%

метанның (CH₄) атмосфераға шығарындылар көлемінің азаюы

ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ (ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАР ҚАМТУ І), МЫҢ ТОННА CO₂-ЭКВ. GRI 305-1



○ Көмірқышқыл газы (CO₂) ○ Метан (CH₄) ○ Азот қышқылы (N₂O)

Компаниядағы парниктік газдардың тікелей шығарындыларының негізгі көздері мұнай жылыту пештері, қазандықтар, дизельді электр станциялары, дәнекерлеу қондырғылары мен компрессорлар болып табылады.

1-қамту аясындағы парниктік газдар шығарындыларының ұлғаюы жаңа «Парниктік газдар шығарындыларын есептеу және сіңіру әдістемесі» бойынша парниктік газдар шығарындыларының есептеулеріне сәйкес шығарындылар коэффициентінің ұлғаюымен байланысты.



-99%

азот оксидінің (N₂O) атмосфераға шығарындылар көлемінің азаюы

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БЕЙІМДЕЛУ

GRI 305-5

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төменкөміртекті дамудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде энергия тиімділігі, баламалы энергия көздерінің үлесін ұлғайту жөніндегі іс-шаралар және ұйымдастыру іс-шаралары әзірленіп, бекітілді, оған мыналар кіреді:

1. өртүрлі учаскелердегі магистральдық мұнай құбыры объектілерін электрмен жабдықтау жүйелерін қайта жаңарта отырып, желілік бақылау және басқару пункттерін, электр-химиялық қорғау құралдарын жаңғырту;
2. парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу бойынша әдістемелерді жетілдіру жөніндегі шараларды ұйымдастыру;
3. «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыс тобын төменкөміртекті даму бойынша оқыту.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төменкөміртекті дамудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ төменкөміртекті дамудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Бағдарлама парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін он жылдық перспективаға жасалды. Құжатта энергия тиімділігін арттыруға, жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыруға бағытталған іс-шаралардың ауқымды тізімі көрсетілген, сондай-ақ ұйымдастырушылық іс-шаралар сипатталған. Құжаттың мақсаты 2031 жылға дейін парниктік газдар шығарындыларын жыл сайын 22 417 тонна CO₂-экв-ға азайту болып табылады.


Жоспарда 34 іс-шара, күтілетін әсер және оларды орындау мерзімдері көрсетілген:

1. станциялардың сыртқы жарықтандыру шамдарын энергияны үнемдейтін жарықдиодты шамдарға ауыстыру;
2. үш фазалы күштік май трансформаторларын герметикалық типті энергия тиімді үш фазалы май трансформаторларына ауыстыру;
3. технологиялық жабдықты оңтайландыру;
4. Компания қызметкерлерін төменкөміртекті дамыту бойынша оқыту.

Станциялардың сыртқы жарықтандыру шамдарын энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдарға ауыстыру, сорғы агрегатын ауыстыру, сондай-ақ ыстық мұнай құбырының жұмыс режимдерін оңтайландыру бойынша орындалған іс-шаралар нәтижесінде 2022 жылы парниктік газдар шығарындыларының жалпы төмендеуі 10 643,7 тонна CO₂-экв құрады.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. №3 «Тірек» МЖС мен А. Құлтүмиев атындағы №2 МАС-тың жылыту пешін қайта жаңарту.
2. Павлодар мұнай құбыры басқармасының «Прииртышск» АҚП күштік трансформаторларын 10 кВ 630 кВА-дан 250 кВА-ға ауыстыру.
3. Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Жетібай» МАС магистральдық сорғы құбырын қайта жаңарту.



- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР



СУ РЕСУРСТАРЫ

GRI 3-3

«ҚазТрансОйл» АҚ су объектілеріне елеулі әсер етпей, Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарына және жасалған шарттарға сәйкес су алуды жүзеге асырады. «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы су ресурстарын басқарудың негізгі міндеттері:

- 1** барлық құрылымдық бөлімшелерде міндетті түрде қолдануға арналған су ресурстарын басқарудың негізгі қағидаттарын анықтау;
- 2** су ресурстарын басқару процесін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету;
- 3** су ресурстарын басқару процесіне мүдделі тараптардың тартылуын қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған тұщы судың пайдаланылуын қысқарту, су ресурстарын қайта немесе айналымда пайдалануды ұлғайту есебінен нормативтік-тазартылған суды ағызуды қысқарту, су ысыраптарын қысқарту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Компанияның қоршаған ортаға тигізетін әсерін бақылау үшін судың зертханалық зерттеулерін жүргізе отырып, жерасты, жерүсті және ағынды су мониторингі, сондай-ақ төгінділерді тазарту дәрежесінің мониторингі жүзеге асырылады.


401,8
 МЫҢ М³

2022 жылы су тартудың жалпы көлемі

-16,3%


2022 жылы су алу көлемінің азаюы

КӨЗДЕР БОЙЫНША АЛЫНАТЫН СУДЫҢ ЖАЛПЫ МӨЛШЕРІ, МЫҢ М³ GRI 303-3



- Жерүсті су
- Жерасты су (артезиан ұңғымалары)
- Муниципалдық және басқа да сумен жабдықтау жүйелері (сырт ұйымдардан сатып алу)

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БАЙҚАЛАТЫН ӨҢІРЛЕРДЕГІ ЖАЛПЫ СУ АЛУ, МЫҢ М³ GRI 303-3



- Жерүсті су
- Жерасты су (артезиан ұңғымалары)
- Муниципалдық және басқа да сумен жабдықтау жүйелері (сырт ұйымдардан сатып алу)

2021 жылмен салыстырғанда, есепті кезеңде су тұтыну көлемі 16,3%-ға төмендеп, 401,8 мың м3 құрады. Сумен жабдықтаудың негізгі көздері жерасты сулары және сумен жабдықтау шарттары бойынша сырт ұйымдардан сатып алу болып табылады, олардың үлесіне су тартудың жалпы көлемінің тиісінше 40,3% және 53,5% тиесілі.

GRI 303-5

2022 жылы су тапшылығы байқалған өңірлердегі су алудың жалпы көлемі 16,3%-ға төмендеді. Сондай-ақ, 2021 жылға қарағанда, жерүсті суларын алу 41,7%-ға қысқарды.

«ҚазТрансОйл» АҚ Жылдық есеп ••• 2022

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның Жезқазған мұнай құбыры басқармасында 2022 жылдың қарашасында «Барсеңгір» МАС-да биохимиялық тазарту жүйесін салу жобасы іске асырылды. Бұл жүйе Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес келетін және су ресурстарына тиетін әсерді барынша азайтуға ықпал ететін буландырғыш тоғанға төгілетін шаруашылық-тұрмыстық сулардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

2022 жылы ағынды сулардың ағызу көлемі 222 мың м³ құрады және өткен жылдың деңгейінде қалды. Есепті жылы сырт ұйымдардың суларына ағынды суларды ағызу көлемі 16,3%-ға төмендеді. Ағынды сулардың барлық төгінділері тазарту дәрежесі бойынша нормативті таза болып табылады.


Су объектілерімен байланысты экологиялық оқиғаларды тергеу «ҚазТрансОйл» АҚ су ресурстарын басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ТҰЩЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА СУ ҚИМАСЫНДА АЛЫНАТЫН СУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ, МЫҢ М³ GRI 303-3

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Тұщы су*	472,2	479,9	401,8	-16
Басқа су	0	0	0	-

* Тұщы су — жалпы минералдануы 1000 мг/л-ге тең немесе одан аспайтын су; басқа су — жалпы минералдануы 1000 мг/л-ден асатын су.

ТӨГІНДІ ОБЪЕКТІЛЕРІ ҚИМАСЫНДА АҒЫН СУЛАРДЫ АҒЫЗУ КӨЛЕМІ, МЫҢ М³ GRI 303-4



- Батпақтарды, өзендерді, көлдерді қоса алғанда, жерүсті суларына буландырғыш тоғандарға (жинақтағыштарға), сүзу алаңдарына
- Сырт ұйымдардың суларына

ТҰЩЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА СУ ҚИМАСЫНДА СУ ТӨГІНДІЛЕРІНІҢ КӨЛЕМІ, МЫҢ М³ GRI 303-4

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Тұщы су	232	232	222	-4
Басқа су	0	0	0	-

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Су ресурстарын қайта немесе айналымда пайдалануды ұлғайту.
- Жасыл желектерді суаруда тазартылған ағынды суларды пайдалану арқылы суды үнемдеу.
- «Биокс-50» және «КОСВ-15» ағынды суларына арналған қолданыстағы тазарту құрылыстарын ауыстыру.





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

GRI 3-3

ҚАЛДЫҚТАРМЕН ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕУ КОМПАНИЯДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ МЕН БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТАРМАҚТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫНА, СОНДАЙ-АҚ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ІШКІ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің қолданысқа енгізілуіне және қалдықтарды басқару бөлігінде жаңа талаптардың белгіленуіне байланысты, 2021 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да қалдықтарды басқару қағидалары жаңартылды, олардың мақсаты Компанияның өндірістік қызмет барысында түзілетін қалдықтарды басқару процесінде талаптарды белгілеу және жауапкершілікті бөлу болып табылады.


GRI 306-1

Нәтижесінде «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде қалдықтар түзілетін өндірістік процестерді былайша жіктеуге болады:

- көмірсутек шикізатын тасымалдау және сақтауға байланысты өндірістік процестер;
- машина жабдықтарын пайдалану;
- дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу;
- жөндеу-құрылыс және профилактикалық жұмыстар.

ҚАУІПТІ ЖӘНЕ ҚАУІПТІ ЕМЕС ҚАЛДЫҚТАР ҚИМАСЫНДА ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТҮЗІЛУІНІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ, ТОННА

GRI 306-3, 306-4, 306-5



○ Қауіпті қалдықтар ○ Қауіпті емес қалдықтар

-76%

2022 жылы қалдықтардың түзілуін азайту

Қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі 2022 жылы 19 349 тоннаны құрады және 2021 жылмен салыстырғанда, 76%-ға төмендеді. Қалдықтар көлемінің азаюының негізгі себебі есепті жылда бұзылған жерлерді қалпына келтіру көлемінің азаюы болып табылады.

Компания объектілерінде қауіпті қалдықтарды жинақтау жүргізілмейді. Өндірістік қызмет барысында пайда болған қалдықтар оларды одан әрі қалпына келтіру немесе жою үшін мандандырылған кәсіпорындарға шығарылады.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындыларына сандық бағалау жүргізу;
2. Шикі мұнайдың сұйық фазасын мұнай шламының бетінен МАС/БМАС резервуарына қайтару.

ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ӨЗІНІҢ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ ОРЫНДАРЫНДА ЖЕР РЕСУРСТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫНА ЖАУАП БЕРЕДІ. КОМПАНИЯ ТАРИХИ ЛАСТАНҒАН ЖЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚТЫҢ ЛАСТАНУЫНА МОНИТОРИНГТІ ТОҚСАН САЙЫН ЖҮРГІЗУДІ БАСҚА АККРЕДИТТЕЛГЕН ТӘУЕЛСІЗ ҰЙЫМДАРДЫ ТАРТА ОТЫРЫП ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.

3,5

ГА

2022 жылы бұзылған жерлер қалпына келтірілді

«ҚазТрансОйл» АҚ 1950-1960 жылдары ластанған жерлерді қалпына келтіру бойынша міндеттемені өзіне алды. Мұндай жұмыс бүлінген жерлерді қалпына келтірудің бекітілген жобасына сәйкес кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

БҮЛІНГЕН ЖЕРЛЕРДІ (ТАРИХИ ЛАСТАНУЛАРДЫ) ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Бүлінген жерлерді (тарихи ластануларды) қалпына келтіру, га	4,0	8,0	3,5	-56
Бүлінген жерлерді (тарихи ластануларды) қалпына келтіруге арналған шығындар, ҚҰС-ны қоса алғанда млн теңге	1 185,4	2 074,4	746,5	-64

2022 жылы «Өзен — Атырау-Самара», «Өзен — Жетібай — Ақтау» магистральдық мұнай құбырларының бойындағы тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары жалғастырылды. Есепті жылда 3,5 га бүлінген жер қалпына келтірілді.

БИОӘРТҮРЛІККЕ ӘСЕРІ

Белгілі бір жағдайларда тоқтың соғу салдарынан әуе электр желілері (ӘЭЖ) ірі және орташа құстардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген құстардың өліміне себеп болып табылады. Негізінде ӘЭЖ-де өлім-жітімге ұшырайтын құстардың негізгі түрлері — дала қыраны, үкі, сондай-ақ аз дәрежеде — бүркіт, ителгі және басқалары болып табылады.

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ «Құстар және энергетика: орнықты даму жолында» атты дөңгелек үстелге қатысты.

2022 ЖЫЛЫ ҚҰСТАРДЫ ҚОРҒАЙТЫН ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ОРНАТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ, БҰЛ ҚҰСТАРДЫҢ ӨЛУ ҰҚТИМАЛДЫҒЫН ЕДӘУІР АЗАЙТТЫ. ЖЕЗҚАЗҒАН, ШЫМКЕНТ, АТЫРАУ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ БАСҚАРМАЛАРЫНДА БАРЛЫҒЫ 242 ЖИЫНТЫҚ ОРНАТЫЛДЫ.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ****6. ҚОСЫМШАЛАР**

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ (БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ) ЖЫЛ САЙЫН ЭНЕРГИЯНЫҢ ЖӘНЕ ТАБИҒИ ГАЗДЫҢ ҮЛЕСТІК ШЫҒЫНЫН АЗАЙТУҒА, СОНДАЙ-АҚ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ ТҰТЫНЫЛУЫН АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚБ ЖӘНЕ КОМПАНИЯ ҮШІН ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ МАҚСАТТЫ МӘНДЕРІН БЕКІТЕДІ.



5 094 МЫҢ КВТ*САҒ.

2022 жылғы негізгі іс-шаралар есебінен электр энергиясын тұтынудың жалпы қысқаруы

2022 жылдың қорытындылары бойынша Компания энергия тиімділігінің барлық белгіленген мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізді, бұл магистральдық мұнай құбырларының технологиялық жұмыс режимдерін оңтайлы жоспарлаудың арқасында мүмкін болды. Сонымен қатар, сыртқы лицензияланған сертификаттау

органы энергетикалық менеджмент жүйесінің стандарт талаптарына сәйкес келу мәніне инспекциялық аудит жүргізу нәтижесінде Компанияда сәйкессіздіктердің жоқ екенін анықтады. «ҚазТрансОйл» АҚ әрбір қызметкердің энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру саласындағы ортақ мақсатқа қол жеткізуге салған күш-жігерін бағалайды.

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3

Компанияның орнықты даму саласындағы қызметінің негізгі бағыттарының бірі пайдаланылатын энергия ресурстарын оңтайландыру болып табылады. Компания өндірістік процестердің энергия тиімділігін артты-

руға үлкен көңіл бөледі. Компанияда шығарындыларды азайту мақсатына қол жеткізу үшін энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған «ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясаты қабылданды.

Энергия ресурстарын басқару саласындағы негізгі міндеттер:

- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында Компанияға қолданылатын заңнамалық және басқа да талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- энергетикалық сипаттамаларды үнемі жақсарту және энергия менеджменті жүйесінің жарамдылығын, барбарлығы мен тиімділігін арттыру;
- энергетикалық мақсаттарға қол жеткізу және энергетикалық міндеттерді шешу үшін қажетті ақпарат пен ресурстардың болуын қамтамасыз ету;
- энергетикалық ресурстарды үнемдеу жөніндегі іс-шараларды орындау, компания жұмыскерлері құқықтарының, міндеттерінің және оларды іске асыру жауапкершілігінің аражігін нақты ажырату есебінен Компанияның энергия үнемдеу қызметін жетілдіру;
- энергетикалық сипаттамалардың жақсаруына әсер ететін энергиялық тиімді жабдықтарды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;

- энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану нәтижесінде қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету;
- жұмыскерлердің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы құзыреті деңгейін арттыру.

Жыл сайын Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) ОҚБ және тұтас алғанда, Компания үшін энергия тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндерін бекітеді, олар:

- энергияның барлық түрлерінің үлестік шығынын азайту (мұнайдың жүк айналымына);
- электр энергиясының үлестік шығынын азайту (мұнайдың жүк айналымына);
- «ыстық» мұнай құбырлары бойынша мұнайдың жүк айналымына газдың үлестік шығынын азайту;
- энергия ресурстарын жалпы тұтынуды азайту.

2022 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША КОМПАНИЯ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ САЛАСЫНДА ҚОЙЫЛҒАН БАРЛЫҚ МАҚСАТТАРДЫ ОРЫНДАДЫ, БҰЛ МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМДЕРІН ОҢТАЙЛЫ ЖОСПАРЛАУ ЕСЕБІНЕН МҮМКІН БОЛДЫ. КОМПАНИЯ ЖЕКЕЛЕГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН ҚҰРМЕТ ГРАМОТАЛАРЫМЕН МАРАПАТТАДЫ.





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

GRI 3-3

Энергия тиімділігі мәселелерімен айналысатын жауапты бөлімше «ҚазТрансОйл» АҚ технологиялық режимдер және энергия менеджменті департаменті болып табылады, ол қойылған міндеттерге қол жеткізуге уақтылы және тиімді бақылауды қамтамасыз ете отырып, нысаналы көрсеткіштерді әзірлейді және олардың орындалуына ай сайын мониторинг жүргізеді.

Компанияда ISO 50001:2018 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының талаптарына негізделген энергетикалық менеджмент жүйесі жұмыс істейді, ол ОҚБ-дан бастап Компания деңгейіне

дейінгі энергияны тұтыну объектілерін жабады. 2022 жылы TÜV NORD CERT GmbH сыртқы лицензияланған органы энергия менеджменті жүйесінің стандарт талаптарына сәйкес келу мәніне инспекциялық аудитті сәтті жүргізді, оның барысында сәйкессіздіктер анықталмады.

«ҚазТрансОйл» АҚ технологиялық режимдер және энергия менеджменті департаменті жыл сайын Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы қолданылатын заңнамалық, нормативтік және басқа да талаптарына сәйкес келу мәніне талдау жүргізеді. Нәтижелері бойынша

2022 жылы «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының барлық талаптары орындалғаны анықталды.

Компанияда Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді, онда энергия үнемдеу жөніндегі негізгі іс-шаралар: магистральдық сорғы агрегаттарын пайдалы әсер коэффициенті неғұрлым жоғары агрегаттарға ауыстыру, мұнай қыздыру пештерін қайта жаңарту және «Жетібай» МАС магистральдық сорғыларын қайта жаңарту көрсетілген.

ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУ

GRI 302-1

-7,9%


2022 жылы табиғи газды тұтынудың азаюы

Табиғи газды тұтынудың 7,9%-ға төмендеуі 2022 жылдың жазғы кезеңінде Компанияның «ыстық» мұнай құбырларының температуралық режимдерін оңтайландыруға байланысты болды. 2021 жылмен салыстырғанда, 2022 жылы Қазақстан Республикасының шығыс өңірлеріндегі қоршаған ауаның орташа айлық температурасының жоғарылауына байланысты мұнай тұтыну көлемі 2,7%-ға төмендеді.

Операциялық шығындарды азайту мақсатында Компания мұнай айдаудың энергия сыйымдылығы көрсеткішінің серпінін қадағалайды.


ОТЫН ТҮРЛЕРІ ҚИМАСЫНДА ЖАҢҒЫРТЫЛМАЙТЫН КӨЗДЕРДІ ЖАЛПЫ ТҰТЫНУ, ТДЖ

GRI 302-1




ЭНЕРГИЯ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНІП КӨРСЕТІЛГЕН ӨЗ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНЕ САТЫП АЛЫНҒАН ЭНЕРГИЯНЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ, ТДЖ

GRI 302-1



ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ КӨРСЕТКІШІНІҢ СЕРПІНІ



- Энергияны жалпы тұтыну, ТДж
- Мұнайдың жүк айналымы (ҚТО АҚ бойынша жеке), млн тонн-км
- Үлестік энергия тұтыну*, ТДж/млн тонна-км

* «ҚазТрансОйл» АҚ энергия сыйымдылығын есептеу әдіснамасына сәйкес мұнайдың жүк айналымы базалық көрсеткіш болып есептеледі. Есептеу кезінде Компания тұтынатын энергия ресурстарының барлық түрлері ескеріледі.

-3,3%

2022 жылы Компанияның энергияны үлестік тұтынуының азаюы

Есепті кезеңде энергия ресурстарын сатып алуға 9 166 млн теңге жұмсалды. 2022 жылы Компанияның меншікті энергия тұтынуының өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 3,3%-ға қысқаруына қол жеткізілді. Энергия сыйымдылығының төмендеуі Компания бойынша жеке мұнай айналымының 2,6%-ға төмендеуі және 2021 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, отын-энергетикалық ресурстарды тұтынудың 5,8%-ға төмендеуі аясында орын алды.

ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

GRI 305-5

2022 жылы Компания «ҚазТрансОйл» АҚ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырды. Есепті кезеңде энергия үнемдеу бойынша 11 іс-шара жоспарланып, орындалды. 2022 жылы энергия тұтынуды оңтайландыруға бағытталған келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- «Павлодар» БМАС, «Екібастұз» МАС, «Степное» МАС және Б.Жұмағалиев атындағы БМАС-та 5 бірлік санындағы сорғы агрегаттарын пайдалы әсер ету коэффициенті жоғары сорғы агрегаттарына ауыстыру. Аталған іс-шаралар «Павлодар-Атасу» технологиялық учаскесі бойынша мұнай айдауға электр энергиясының үлестік шығынын 11%-ға, «Жұмағалиев-Атасу»

- учаскесі бойынша 16%-ға төмендетуге мүмкіндік берді;
- «Өзен» БМАС-қа жиілікті-реттелетін жетекті енгізу «Өзен-Атырау» технологиялық учаскесі бойынша мұнай айдауға электр энергиясының үлестік шығынын 11%-ға төмендетуге мүмкіндік берді;
- жазғы кезеңде мұнай қоспасының реологиясын жақсарту (Маңғышлақ мұнайын қайта бөлу) арқылы «Атырау-Самара» «ыстық» мұнай құбыры жұмысының температуралық режимін оңтайландыру 2022 жылғы маусым мен тамыз аралығында осы мұнай құбырында мұнайды жылыту пештерін ажыратуға мүмкіндік берді және көлемдік мәнде газ тұтынуды 4,9 млн м³ үнемдеуге мүмкіндік берді.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ «ҮЗДІК МАМАН» КОНКУРСЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ БОЛЫП АТАНДЫ

Павлодар мұнай құбыры басқармасының электр жабдығын жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электромонтері Александр Еремин «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының өндірістік кәсіп қызметкерлері арасында өткен «Үздік маман» конкурсының қола жүлдегері болып атанды. Оның электр энергетикасындағы жалпы жұмыс өтілі 10 жылдан асады.


2022 жылы негізгі іс-шаралар есебінен электр энергиясының жалпы қысқаруы 5 094 мың кВт*сағ, сондай-ақ табиғи газды тұтынудың жалпы қысқаруы — 4 897 мың м³ құрады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның өндірістік процестері жеткілікті энергияны қажет етеді, осыған байланысты Компания үшін өзекті міндет энергия ресурстарын тұтынуды қысқарту жөніндегі шешімдерді іздеу және іске асыру болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ жалпы қуаты 39,6 кВт 396 дана санында магистральдық мұнай құбырларының желілік бөлігінің байланысты тораптарында күн энергетикалық қондырғыларын пайдаланады. Сондай-ақ, қуаты 20 кВт байланыс торабында жел электр станциясы қолданылады.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023 жылға арналған энергетикалық мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету.
- «Атырау-Самара» мұнай құбырының «ыстық» температуралық режимдерін оңтайландыру.
- Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша 2020-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз ету.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Персоналды басқару

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-ДА БІЗ МАҚТАН ТҰТАТЫН КОМПАНИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЖЕТИСТІКТЕРІ ТЕК БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІҢ АРҚАСЫНДА МҮМКІН БОЛҒАНЫНА СЕНІМДІМІЗ. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ БІЗДІҢ КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛЫ БІЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ МЕН ТЫНЫШТЫҒЫН ҚОЛДАУҒА ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРДЫҚ. ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КОДЕКСІ БЕКІТІЛДІ, ОНДА БІЗ БАСҚАЛАРМЕН ҚАТАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ОЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІМІЗДІ КӨРСЕТТІК.

«ҚазТрансОйл» АҚ Жылдық есеп ••• 2022



6 705 АДАМ

2022 жылы персоналдың тізімдік саны

Біздің әріптестеріміз жоғары білім мен біліктілікке ие және бұл біздің мақтаншымыздың себебі мен Компанияның болашағына деген сенімділіктің кепілі. Біз әр қызметкердің кәсіби және жеке өсуіне мүмкіндік береміз, ыңғайлы жұмыс жағдайы мен корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін қамтамасыз етеміз, көптеген байланыс арналары арқылы ашық сындарлы диалогты қолдаймыз.

БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Бүгінде Компания командасы Қазақстан Республикасының 15 өңірінде 6700 маманды біріктіреді. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның кадр саясаты персоналды тиімді іріктеуге, дамытуға және жоғары білікті қызметкерлерді сақтап қалуға негізделген. Қызметкерлер негізгі стратегиялық капитал болып табылатынын түсіне отырып, Компания сыйақы және ынталандыру жүйесін, еңбек жағдайларын үнемі жетілдіріп отырады, сондай-ақ оқытуды дамытуға және өз персоналына әлеуметтік қолдау көрсету деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Компанияның кадрларды басқару жүйесі қызметкерлерге адам құқықтарының, оның ішінде олардың еңбек құқықтарының мүлтіксіз сақталуына кепілдік береді. Адам құқықтарын сақтау мәселелеріне жалақыны белгілеу және кадрлық және әлеуметтік саясатты іске асыру кезінде ерекше назар аударылады. Компания қызметкерлердің кәсіби қасиеттеріне қатысы жоқ жынысы, жасы, мәдени, діни, нәсілдік немесе басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ еңбек саласындағы адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарының маңыздылығы мен құндылығын: еңбек құқықтарын, ұжымдық шарттар жасасу құқығын және денсаулықты қорғау құқығын мойындайды.

Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған кадр саясаты қолданылады, оның негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- ұйымдық құрылысты басқару;
- персоналды жоспарлау және іріктеуді басқару;
- мақсат қою және жұмыскерлер қызметінің тиімділігін бағалау;
- кадр резервін басқару;
- оқыту және дамыту;
- жас жұмыскерлерді дамыту;
- материалдық және материалдық емес сыйақыны басқару;
- қатысу және әлеуметтік тұрақтылықты басқару.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Адами ресурстарды басқару департаменті кадр және әлеуметтік саясат мәселелерін басқару үшін, сондай-ақ корпоративтік мәдениетке қатысты мәселелер үшін жауап береді. Персоналды және әлеуметтік саясат мәселелерін басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппараттағы жұмысты адами ресурстарды басқару департаменті, ОҚБ деңгейінде — кадр қызметтері үйлестіреді. Корпоративтік мәдениет пен ішкі коммуникацияларға қатысты мәселелер қоғаммен байланыс және ішкі коммуникациялар департаментінің жауапкершілік аймағында.

2022 жылы Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен персоналды басқару саласындағы жаңа ішкі құжаттар бекітілді: «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік жауапкершілік кодексі және «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі бойынша өлшемдер — «ҚазТрансОйл» АҚ оқшауланған құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің еңбек етуін ұйымдастыру және оған ақы төлеу қағидалары.

Компания кадрлық және әлеуметтік мәселелерді басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін іске асырады, оның ішінде:

- 1 ҚНҚ нақты орындау дәрежесі негізінде жұмыскерлерге сыйақы беру мен бағалаудың тиімді жүйесі;
- 2 жұмыскерлерді кәсіптік оқыту және дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;
- 3 жұмыскерлер мен олардың отбасылары үшін материалдық және материалдық емес сипаттағы өтемақылар құрылымын қамтитын әлеуметтік пакет;
- 4 кәсіподақ ұйымдарымен өзара әрекеттесу;
- 5 өзара іс-қимылдың цифрлық арналарын пайдалана отырып құрылған ішкі коммуникациялардың прогрессивті жүйесі;
- 6 әр түрлі деңгейдегі жұмыскерлер үшін мансапты дамытудың кең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған кадрлық резерв бағдарламасы;
- 7 корпоративтік мәдениетті басқаруды жетілдіру, әлеуметтік тұрақтылықты арттыру бойынша іс-шаралар өткізу;
- 8 ҚНҚ басшы қызметкерлерін, сондай-ақ орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын ротациялау;
- 9 Компанияның өндірістік объектілеріндегі кәсіптік практика;
- 10 Компания басшылығының персоналмен тұрақты кездесулері;
- 11 жыл сайын қатысу дәрежесі мен әлеуметтік тұрақтылық дәрежесін зерттеу (SAMRUK RESEARCH SERVICES).



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КОДЕКСІ

2022 жылғы 9 желтоқсанда Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік жауапкершілік кодексі бекітілді, оның ішінде Компанияның қызметкерлер алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы әртүрлі әлеуметтік қолдау түрлерін қамтитын басым бағыттарды көздейді.

Құжат бизнес пен қоғам арасындағы қатынастардың заманауи стандарттарын, сондай-ақ Компанияның бизнес құрылымындағы өзгерістерді және оның кейбір бизнес-процестерін оңтайландыруды (демеушілік көмек көрсету, қызметтің кейбір бағыттарының аутсорсингі, әлеуметтік инфрақұрылым) ескереді. Сонымен

қатар, Кодекс «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару кодексінде және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексінде жазылған ережелер мен қағидаттарды ескеріліп әзірленді және Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын белгілейді.

ПЕРСОНАЛДЫҢ САНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ


2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САНЫ — 6 705 АДАМ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӨПШІЛІГІ ТҰРАҚТЫ ЕҢБЕК ШАРТЫ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ШАРТТАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕДІ.

Компания теңдік қағидаттарын ұстанады. Әлеуетті кандидаттарды жұмысқа қабылдау кезінде олардың кәсіби қасиеттері ғана бағаланады. «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің гендерлік құрылымында Компания қызметінің өндірістік ерекшелігіне байланысты қызметкерлер арасында дәстүрлі түрде ерлер саны басым. Есепті кезеңде қызметкерлердің жалпы санынан ер қызметкерлердің үлесі 82%-ды құрады.

2022 жылы Компания персоналының орташа жасы іс жүзінде өзгерген жоқ және 44,3 жасты құрады. Компания персоналының негізгі үлесін 30-50 жас аралығындағы қызметкерлер құрайды (58%).


ПЕРСОНАЛ САНЫНЫҢ СЕРПІНІ, АДАМ

GRI 2-7



ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖАС БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ПЕРСОНАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ, АДАМ


GRI 405-1



30 жасқа дейін
30-50 жас
50 жастан үлкен

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖЫНЫС БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, АДАМ

GRI 405-1



Ерлер
Әйелдер

84%

есепті кезеңде мерзімсіз еңбек шарттарының талаптарындағы Компания қызметкерлерінің үлесі

Есепті кезеңде Компания қызметкерлерінің мерзімсіз еңбек шарттарының талаптарындағы үлесі «ҚазТрансОйл» АҚ персоналының жалпы санының 84%-ын құрады.

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің 100% толық жұмыспен қамту шарттарында еңбек етті.

ПЕРСОНАЛДЫ ІРІКТЕУ

«ҚазТрансОйл» АҚ-да персоналды іріктеу рәсімі тестілеу элементтерін қолдана отырып, ашықтық, меритократия қағидаттарын сақтай отырып және кемсітушілікке жол бермей, Компанияның бос лауазымдары мен жұмыс кәсіптеріне кадрларды конкурстық іріктеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Меритократия қағидаты Іскерлік этика кодексінде негізгі қағидаттардың бірі ретінде бекітілген, оны «ҚазТрансОйл» АҚ адами ресурстарды басқарудың барлық кезеңдерінде басшылыққа алады.

Есепті жылы Компанияға 383 жаңа қызметкер қабылданды. Оның 58-і орталық аппаратқа, 325-і ОҚБ-ға. Жаңадан қабылданған қызметкерлердің көпшілігінің жасы 30-дан 50 жасқа дейін.

Компанияның өндірістік объектілерінде ақылы кәсіптік практикадан табысты өткен жас мамандарды тарту және дамыту жөніндегі кешенді тәсіл шеңберінде 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да 1 түлек жұмысқа қабылданды.

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖАС БОЙЫНША БӨЛІНГЕН БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, АДАМ

GRI 405-1

Санат	Барлығы	30 жасқа дейін		30-50 жас		50 жастан үлкен	
		Адам	Үлес, %	Адам	Үлес, %	Адам	Үлес, %
Директорлар кеңесі	6	0	0	5	83,3	1	16,7
Басқарма	6	0	0	4	67,0	2	33,0

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖЫНЫС БОЙЫНША БӨЛІНГЕН БАСҚАРАТЫН БАСШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ЧЕЛ.

GRI 405-1

Санат	Барлығы	Ерлер		Әйелдер	
		Адам	Үлес, %	Адам	Үлес, %
Директорлар кеңесі	6	6	100	0	0
Басқарма	6	6	100	0	0

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған кадр саясатында персоналды іріктеу шеңберінде Компания алдында тұрған мынадай құжаттар мен міндеттер бекітілген:

- 1 жұмыс процесінің саны мен талаптарын ескере отырып, болашақта қызметкерлердің сандық және сапалық қажеттілігін анықтау;
- 2 бос жұмыс орындарын ішкі, оның ішінде Компанияның кадрлық резервіне кіретін кандидаттармен алмастыру басымдығы;
- 3 бос лауазымдарға/жұмыс кәсіптеріне персоналды іріктеу кезінде ашық конкурстық рәсімдерді қолдану;
- 4 лауазымға және жұмыс кәсібіне қатысты кандидаттарды бағалау әдістерін қолдану;
- 5 бейінді оқу орындарымен өзара іс-қимыл жасау.

ЖАҢАДАН ЖАЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ

GRI 401-1

Атауы	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Компания бойынша барлығы:	279	328	383	17
Гендерлік топтар бойынша:				
- Әйелдер	60	46	64	39
- Ерлер	219	282	319	13
Жас топтары бойынша:				
- 30 жасқа дейін	111	136	129	-5
- 30-50 жас	154	174	217	60
- 50 жастан үлкен	14	18	37	106





- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ

GRI 401-1



«ҚазТрансОйл» АҚ Жылдық есеп ... 2022

КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

GRI 401-1

Кадрлардың тұрақтамаушылық коэффициенті 2022 жылы 2,98%-ды құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен сәл артық. Тұрақтылықтың төмен деңгейі Компанияның лайықты еңбек жағдайларын ұсыну арқылы кадрлық құрамның тұрақтылығын қамтамасыз ету қабілетінің көрсеткіші болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ кадрларды іріктеу рәсімдерін үнемі жетілдіреді және кадрлардың тұрақтамауын төмендетуге және персоналдың өзін-өзі дамытуын ынталандыруға бағытталған іс-шаралар жүргізеді. Лайықты еңбек жағдайлары мен кадрларды тұрақты ынталандырудың арқасында кадрлардың тұрақтамаушылығы төмен деңгейде қалып отыр. 2022 жылы Компанияда қызметкерлер арасында орташа еңбек өтілі — 14 жыл.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ*, % GRI 401-1



* Кадрлардың тұрақтамауын көрсету өз бастамасы бойынша, тараптардың келісімі бойынша және теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлер санының Компания қызметкерлерінің бір жылдағы орташа тізімдік санына қатынасы ретінде айқындалады.

GRI 402-1

Қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты еңбек шарттары бұзылған жағдайда қызметкерлерді хабардар етудің ең аз мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бір айды құрайды. Сонымен қатар, хабарламаның ең аз мерзімі ұжымдық шартта бекітілген. 2022 жылы Компания қызметкерлері тарапынан осы талаптың сақталмауы туралы талап-арыз беру жағдайлары анықталған жоқ.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

СЫЙАҚЫ МЕН УӘЖДЕМЕ

«ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлеріне тиімді сыйақы беру жүйесі Компанияны қазір және болашақта білікті персоналмен қамтамасыз етуге бағытталған. Уәждеменің негізгі элементтері Компания мен жұмыскер мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Қойылған мақсаттардың, қол жеткізілген нәтижелер мен сыйақы деңгейінің өзара байланысының ашықтығы мен көрнекілігі қызметкерге ұзақ мерзімді перспективада тиімді жұмыс істеу үшін тұрақты уәждеме береді және «ҚазТрансОйл» АҚ-ға бәсекелестік жағдайларда еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қолданыстағы корпоративтік еңбекақы төлеу жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- Қазақстанның ірі компанияларының деңгейіне сәйкес келетін сыйақының лайықты деңгейі;
- тұрақты және ауыспалы бөліктерден тұратын еңбекке ақы төлеудің екі компонентті жүйесі;
- персоналдың жалақысын индексстеу.

ЖАЛАҚЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ БӨЛІГІН АЙҚЫНДАУ КЕЗІНДЕ ӨҢІРЛЕРДЕГІ ТАБИҒИ-КЛИМАТТЫҚ АУЫР ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРЕТІН КОЭФФИЦИЕНТТЕР, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛАЙСЫЗ ЖАҒДАЙЛАРДА ТҰРҒАНЫ ҮШІН КОЭФФИЦИЕНТТЕР, ЗИЯНДЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ҮШІН ҚОСЫМША АҚЫ ЖӘНЕ БАСҚАДА ТҰРАҚТЫ ТӨЛЕМДЕР ҚОЛДАНЫЛАДЫ. АУЫСПАЛЫ БӨЛІК ЖҰМЫСТАРДЫ ТИІСІНШЕ ОРЫНДАҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕДІ ЖӘНЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ОЛҚЫЛЫҚТАР БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ТӨМЕНДЕТІЛЕДІ.

Орталық аппарат қызметкерлеріне және ҚНҚ басшыларына бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді ескере отырып бекітілген ҚНҚ-ның орындалу дәрежесіне қарай, ал ҚНҚ жұмыскерлеріне жұмыс өтіліне қарай төленеді. Бұдан басқа, Компанияда ынталандырушы қосымша ақылар мен үстемеақылар (ғылыми дәрежесі, кәсіби шеберлігі, тәлімгерлігі үшін), сондай-ақ мерекелерге арналған сыйлықақылар бар.

2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес әзірленген Компанияның мұнай құбыры басқармалары мен операторлық қызметтер басқармаларының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілді.

2022 жылы ең төменгі жалақыны есептеу үшін Компания жұмыскерлерге негізгі тұрақты ай сайынғы төлемдерді ескере отырып, алгоритмді қолдануды жалғастыруда. «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің ең төменгі жалақы деңгейі жыл сайын Компания қызметін жүргізетін өңірлерде белгіленген ең төменгі жалақыдан тұрақты жоғары. Осылайша, 2022 жылы Компаниядағы ең төменгі жалақы деңгейі 159,17 мың теңгені құрады (БОҚД «Үлкен Шаған ҚПО» МАС өндірістік және қызметтік үй-жайларын тазалаушының жалақысы), бұл ел бойынша осы көрсеткіштен 2,65 есе артық.

GRI 402-1

Тұрақты жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін персоналға берілетін жеңілдіктер уақытша жұмыспен қамтылған қызметкерлерге де беріледі. Мұндай жеңілдіктерге медициналық сақтандыру, қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым жағдайлардан сақтандыру, бала үш жасқа толғанға дейін оған күтім жасау бойынша демалыс және мүгедектігі бар қызметкерлер үшін ұжымдық шартта көзделген қосымша демалыс кіреді. Зейнетақы бағдарламалары Компаниядан зейнетке шыққан және Компанияда кемінде 5 жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар қызметкерлер үшін қол жетімді.

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУ

GRI 404-2

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ КАДР САЯСАТЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ — КОМПАНИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ СЕНІМДІЛІГІ МЕН ТИІМДІЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ.

«ҚазТрансОйл» АҚ персоналдың дамуын өндірістік міндеттерді шешу үшін қажетті қызметкерлердің біліктілік деңгейін қамтамасыз ететін тұтас жоба ретінде қарастырады, Компания қызметкерлерінің ниеттестігінің өсуіне ықпал етеді, ұжымда қолайлы әлеуметтік ахуал қалыптастырады және корпоративтік мәдениеттің дамуына тікелей әсер етеді.


Жыл сайын әрбір қызметкерге біліктілігін арттыру бойынша 1-ден 3-ке дейін оқыту іс-шаралары ұсынылады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, экология және басқа да бағыттар бойынша заңнамасының талаптарына сәйкес оқыту жүргізіледі.

Семинарлар мен тренингтерге қатысу қорытындылары бойынша әрбір оқыту бағдарламасына қанағаттанушылық мониторингін жүйелі түрде жүргізу жүргізіледі.

GRI 404-2

Ақтау қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының Оқу орталығы жұмыс істейді. Оқу орталығы өндірістік оқыту және дамыту бағдарламаларын іске асыру үшін база мен жағдай жасайды. 2022 жылы осы бағдарламалар бойынша Компанияның 5 300-ден астам қызметкері білім алды.

ОҚЫТУ БАҒЫТТАРЫ



КОМПАНИЯНЫҢ ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІНІҢ III ФОРУМЫ

2022 жылдың тамызында Шымкент қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 25 жылдығына арналған «ҚазТрансОйл» АҚ Жас мамандар кеңесінің III форумы өтті. Компанияның ең белсенді 50 жас қызметкері оқу, тәжірибе алмасу және нетворкинг үшін бірікті.

Іс-шараның негізгі мақсаты — жас қызметкерлердің Компания үшін маңызды бастамаларын іске асыруға жағдай жасау, сондай-ақ олардың энергетикалық немесе қаржылық ресурстарды үнемдеуге, еңбек жағдайын және экологияны жақсартуға ықпал ететін өнертабыстық, новаторлық және инновациялық жобаларға қатысуы.

746

МЛН ТЕҢГЕ

+22%

персоналдың оқуына салынған инвестициялар

6 175

ҚЫЗМЕТКЕР

2022 жылы оқудан өткендердің барлығы



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ОҚУДАН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ GRI 404-1

Көрсеткіш	Барлығы	Гендерлік топтар бойынша			Қызметкерлер санаттары бойынша		
		Әйелдер	Ерлер	Басшылар	Мамандар	Жұмысшылар	
Персонал саны, адам	6 705	1 179	5 526	819	1 925	3 961	
Оқу сағаттарының саны, сағ.	116 841	18 648	98 193	14 412	34 111	68 318	
Оқудан өткен қызметкерлер саны, адам	6 175	880	5 295	598	1 520	4 057	
Бір қызметкерге шаққанда оқу сағаттарының орташа жылдық саны*, сағ.	17	3	83	18	18	17	

* Санаттағы бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны = Қызметкерлердің әрбір санаты үшін берілген оқу сағаттарының жалпы саны/Санаттағы қызметкерлердің жалпы саны.

2022 жылы Компанияда жалпы оқуға 746 млн теңге жұмсалды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 17%-ға артық. Шығындардың өсуі 2022 жылы шектеу карантиндік шараларының болмауына байланысты, бұл қызметкерлердің оқу орталықтарына барып, күндізгі режимде оқуының көп бөлігін өткізуге мүмкіндік берді. 2022 жылы Компанияның 6 175 қызметкері оқудан өтті.

Компанияда тәлімгерлік жүйесі қолданылады, ол оқу орындары студенттерінің/оқушыларының ақылы практикадан өтуіне, сондай-ақ жас мамандардың сынақ мерзіміндегі жұмысына басшылық етуді білдіреді.

207


ЖОО СТУДЕНТТЕРІ

154

КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫ

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілерінде практикадан өтті

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛН ТЕҢГЕ



2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ ПРАКТИКАНТТАР САНЫ, АДАМ

Атауы	Саны
Орталық аппарат	25
«ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО филиалы	2
Атырау мұнай құбыры басқармасы	69
Құлсары мұнай құбыры басқармасы	41
Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы	21
Шығыс операторлық қызметтер басқармасы	13
Ақтөбе мұнай құбыры басқармасы	31
Жезқазған мұнай құбыры басқармасы	49
Қарағанды мұнай құбыры басқармасы	42
Павлодар мұнай құбыры басқармасы	41
Шымкент мұнай құбыры басқармасы	27

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Компания арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде Компанияның жас мамандарды даярлау жөніндегі бастамасының шеңберінде, оның ішінде «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ, «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ, «Назарбаев Университеті» АҚ, «Сафи Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университеті» КЕАҚ секілді еліміздің 21 жетекші жоғары оқу орындарымен және колледждерімен ынтымақтастық жүргізілуде.

КАДР РЕЗЕРВІ

GRI 404-2

«ҚазТрансОйл» АҚ кадр резервін қалыптастыру қағидаларына сәйкес кадр резервін қалыптастыру үшін лауазымдардың төрт санаты белгіленді (А, В, С және D).

29

АДАМ

2022 жылғы кадр резервінің саны

2022 жылы кадр резервінің саны 29 адамды құрады. Кеңейту жоспарларына және кәсіби кадрларға деген қажеттілікке байланысты Компания лауазымдардың барлық санаттары бойынша кадр резервін қалыптастырады.

Бұл бастама Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне

ПЕРСОНАЛДЫ РОТАЦИЯЛАУ

Персоналды дамыту жүйесін жетілдіру шеңберінде персоналды іріктеудің оңтайлы әдісі ретінде ротацияны енгізу соңғы 3 жылда өз тиімділігі мен перспективалылығын көрсетті. «ҚазТрансОйл» АҚ-да мұнай құбыры басқармалары мен операторлық қызметтер басқармалары мен филиалдарының басшы қызметкерлерін, сондай-ақ орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын ротациялау практикасы қабылданды.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ КАДР РЕЗЕРВІНІҢ САНАТТАРЫ



қол жеткізу үшін олардың әлеуетін барынша пайдалану мақсатында мансаптық өсу мен даму мүмкіндіктерін ұсыну есебінен дарынды қызметкерлерді табуға және ұстап қалуға көмектеседі. Сондай-ақ кадр резервін құру Компанияны персоналды іздеуге кететін уақытты барынша азайта отырып, дайындалған ынталы қызметкерлермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


Компанияда резервистерді дамытудың жеке жоспарларын іріктеу, басымдықтарын айқындау және қалыптастыру үшін құзыреттерді бағалаудың көпсатылы жүйесі жұмыс істейді.

Есепті кезеңде 56 жұмысшы кәсіп өкілі Компаниядағы инженерлік-техникалық лауазымдарға ауыстырылды.

Сапалы жүргізілген ротацияның қорытындысы қолданыстағы басқару тетіктеріне инновациялардың түсуі, компания кадрларын оңтайлы пайдалану, құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, қызметкерлердің басқа бөлімшелердің қажеттіліктерін түсінуі салдарынан перспективалық және ағымдағы өндірістік міндеттерді бірлесіп шешуді жеңілдету және нәтижесінде тұтастай алғанда Компанияның ұйымдық-шаруашылық құрылымының жұмыс істеу тиімділігін арттыру жатады.

2022 жылы Компанияның мұнай құбыры басқармаларының, операторлық қызметтер басқармаларының, орталық аппаратының филиалдары мен құрылымдық бөлімшелерінің басшы құрамының 36 қызметкері ротациядан өтті.





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



ҚАЗТРАНСОЙЛ ӨМІРІ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ КОМАНДАСЫ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ СПАРТАКИАДАСЫНДА МЕДАЛЬДЫҚ ЕСЕПТІ ЖЕҢІП АЛДЫ

2022 жылғы 8-11 тамыз аралығында Атырау қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрама командасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары арасында өткен спартакиаданың бас жүлдегері болып атанды. Біздің спортшылар 6 алтын және 3 қола медаль жеңіп алды.

Жарысқа барлығы 400-ден астам адамнан тұратын 15 команда қатысты. Спартакиада 10 спорт түрінен өтті, олар: үстел теннисі, үлкен теннис, волейбол, баскетбол, жүзу, мини-футбол, тоғызқұмалақ, шахмат, жеңіл атлетика мен арқан тарту.

ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒА

2023 жылғы 23 ақпанда Компанияның Ұжымдық шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін «ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасында 2023-2026 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шарт бекітілді. Есепті кезеңде осы жоспарды іске асыруға дайындау аясында Компания құжатты әзірлеу бойынша кешенді жұмыс жүргізді. Оның негізгі нәтижелерінің ішінде әлеуметтік жеңілдіктердің жаңа түрлерін дамытуды атап өтуге болады. Сонымен қатар, еңбек жағдайын жақсарту бойынша кәсіподақтардың ұсыныстары қаралып, қабылданды.

ПЕРСОНАЛДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Қызметкерлер алдындағы өз жауапкершілігін сезіне отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ бизнестің тұрақтылығына, жұмыс істейтін өңірлердегі әлеуметтік тұрақтылыққа және қызметкерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануына бағытталған салмақты және теңгерімді әлеуметтік саясат жүргізеді.

Әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың негізі Ұжымдық шарт болып табылады. 2022 жылы Компанияда 2020 жылғы 27 ақпандағы үш жылдық кезеңге арналып жасалған Ұжымдық шарт әрекет етеді, оның мақсаттары мыналар болып табылады:

- 1 қызметкерлерді әлеуметтік қолдау;
- 2 тараптар мүдделерінің оңтайлы теңгеріміне қол жеткізу;
- 3 Компания қызметінің тиімділігін арттыру;
- 4 өндірістік-экономикалық қызмет нәтижелері үшін тараптардың жауапкершілігін күшейту.

«ҚазТрансОйл» АҚ сала ардагерлеріне ерекше көңіл бөледі. Мәселен, 2022 жылы жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен мүгедектерді әлеуметтік қолдаудың қолданыстағы регламенті шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниядағы жұмыс өтіліне байланысты қосымша ай сайынғы төлемдер және 1 800-ден астам зейнеткер үшін ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелерге орай материалдық көмек көзделген.

Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы 4 және одан да көп балалары бар көп балалы қызметкерлерді қолдау үшін қосымша ақылы еңбек демалысы көзделген — 2 күнтізбелік күн.

Әмбебап спорт алаңдарын салу

Әлеуметтік саламаттылықты жақсарту және салауатты өмір салтын қолдау, сондай-ақ Компанияның өндірістік объектілерінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлердің бос уақытын ұйымдастыру мақсатында, 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ 12 әмбебап спорт алаңын (футбол/волейбол/баскетбол) салу жобасын іске асыра бастады.

2022 жылы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Қаламқас» БМАС-да және Жезқазған мұнай құбыры басқармасының өнеркәсіптік базасында екі спорт алаңының құрылысы басталды. Жоба 2022-2023 жылдарға арналған. Бір әмбебап спорт алаңының құны шамамен 30 млн теңгені құрайды.

2022 жылы бала үш жасқа толғанға дейін оған күтім жасау бойынша демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа шыққан қызметкерлердің көрсеткіші 100%-ды құрады.

2022 жылы Компания Ұжымдық шартта бекітілген барлық міндеттемелерді орындады. Өз қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдауға бағытталған шығындар шамамен 3 млрд теңгені құрады.

КОНКУРСТЫҚ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ САЯСАТЫ

Компанияда қызметкерлердің жоғары еңбек көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүдделілігін арттыруға, кәсіби қызметке ынталандыруға, қызметкерлер мен ардагерлердің еңбегін көпшілік алдында танытуға бағытталған «ҚазТрансОйл» АҚ, оның еншілес және бірлесіп-бақыланатын ұйымдарының қызметкерлерін және Компания ардагерлерін марапаттау және көтермелеу тәртібі туралы қағидалар әзірленіп, қолданылып жатыр.

2022 ЖЫЛЫ МАРАПАТТАЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

1 КӘСІБИ МЕРЕКЕ — ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІНЕ ОРАЙ:

- Компанияның **36 қызметкері** Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің медальдарымен және төсбелгілерімен, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды;
- **15 қызметкер** — «Самұрық-Қазына» АҚ төсбелгілерімен және Құрмет грамоталарымен;
- **24 қызметкер** — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Құрмет грамоталарымен және естелік белгілерімен;
- **152 қызметкер** — «ҚазТрансОйл» АҚ Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

2 ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ — РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ:

- III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен **Бауыржан Махмұдұлы Алпысбаев** марапатталды;
- «Ерен еңбегі үшін» медалімен — **Григорий Петрович Бондарь** және **Сейітқасым Нұрмаханбетұлы Оспанов**;
- Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен — **Жамаладин Рамазанұлы Тоқтасынов**;
- Компанияның **4 қызметкері** Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен;
- **4 қызметкер** — «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамотасымен, төсбелгісімен және Алғыс хаттарымен;
- **8 қызметкер** — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Құрмет грамоталарымен, естелік белгілерімен;
- **3 қызметкер** — «ҚазТрансОйл» АҚ Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

3 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ КҮНІНЕ ОРАЙ:

- **Александр Павлович Гаврилов** «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТАРТУ ДӘРЕЖЕСІН ЗЕРТТЕУ

«ҚазТрансОйл» АҚ персоналының тартылу көрсеткіші SAMRUK RESEARCH SERVICES (индексі SRS) индексі болып табылады. 2020 жылдан бастап SRS индексін зерттеудің жаңа әдістемесі қолданылады, ол еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін өлшеудің мониторингтік құралы болып табылады. SRS зерттеуін жүргізу

жөніндегі уәкілетті ұйым әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы болып табылады.

SRS индексін айқындау үшін Компанияның өндірістік персоналына телефон арқылы сауалнама жүргізіледі. Сауалнама индекстің төрт бағыты бойынша 60 сұрақты қамтиды: қатысу,

әлеуметтік әл-ауқат, әлеуметтік тыныштық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік. 2022 жылы мұнай құбыры басқармалары мен операторлық қызметтер басқармаларының 1 682 қызметкерінен сұхбат алынды.


SRS индексі 2022 жылы 83% құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 6%-ға аз.



КОМПАНИЯНЫҢ SRS ИНДЕКСІ, %

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Индекс SRS (arper.)	91	88	83	-6
Тартымдылық индексі	93	91	82	-10
Әлеуметтік әл-ауқат индексі	80	71	85	20
Әлеуметтік тыныштық индексі	93	93	87	-6





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-ДА «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫ МЕН ОҚД-ДА 2019-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ БАҒДАРЛАМАСЫ (БАҒДАРЛАМА) БЕКІТІЛДІ.

Бағдарламаны іске асыру мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратында және операторлық қызметтер департаментінде мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудың 2019-2025 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (Жоспар) жыл сайын әзірленеді және бекітіледі.

2022 жылы Жоспардың барлық іс-шаралары төрт бағыт бойынша орындалды:

Бірінші бағыт бойынша — мемлекеттік тілде құжаттарды дайындау кезінде қызметкерді бағдарламалық сүйемелдеу бөлігінде мемлекеттік тілде жұмыс жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау:

- ЭҚЖ-да Компанияның орталық аппараты мен ОҚД құжаттарының үлгілерін мемлекеттік тілде іздеу бойынша электрондық каталог жаңартылды;
- Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің БРД-да хаттар мен қызметтік жазбалардың үлгілік шаблондарының базасы жаңартылды;
- Компанияның корпоративтік ақпараттық порталында мемлекеттік тілді үйренуге бағытталған интернет-ресурстар базасы жаңартылды.

Екінші бағыт бойынша — мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту және танымал ету:

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Компанияның орталық аппараты мен ОҚД қызметкерлері арасында «Білікті маман» байқауы өткізілді;
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Компанияның ОҚБ жекелеген құрылымдық бөлімшелері арасында «Мемлекеттік тілді меңгерген ең үздік құрылымдық бөлімше» конкурсы өткізілді;
- А. Байтұрсынновтың 150 жылдығын мерекелеу аясында Жезқазған, Павлодар мен Қарағанды мұнай құбыры басқармаларының қызметкерлері және орталық аппараттың «Кел, қазақша сөйлесейік!» атты әңгімелесу клубының мүшелері Компанияда өткен эстафетаға (флешмобқа) қатысты.

Үшінші бағыт бойынша — мемлекеттік тілді оқу курстарын ұйымдастыру:

- Компанияның ОҚБ (Жезқазған, Павлодар, Қарағанды мұнай құбыры басқармалары) қызметкерлерін қашықтықтан форматта мемлекеттік тілге оқыту курсы ұйымдастырылды.

Төртінші бағыт бойынша — мемлекеттік тілдегі құжат айналымы:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-да құжаттау және құжаттаманы басқару қағидаларына іс қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге толық көшіру бөлігінде өзгерістер енгізілді. 2022 жылдың қорытындылары бойынша мемлекеттік тілде дайындалған шығыс құжаттардың және ішкі хат-хабарлардың (қызметтік жазбалардың) үлесі 98%-ға дейін ұлғайды;
- қызметтік жазбалар модулінде тиісті теңшеу жасалды, онда қазақ тіліндегі мәтінсіз ішкі хат алмасу келісуге және қол қоюға жіберілмейді;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Компания басшылығына мемлекеттік тілде құжат айналымы бойынша ақпаратты тоқсан сайын ұсыну;
- ҚТО info-да info@kaztransoil.kz қызметкерлерді әзірленген құралдар (электрондық сөздік, құжаттар үлгілерінің электрондық каталогы, қызметтік жазбалар мен хаттардың шаблондары және т.б.) және оларды мемлекеттік тілде құжаттар жобаларын өз бетінше дайындау кезінде пайдалану мүмкіндігі туралы тоқсан сайын хабардар ету.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. Қызметкерлерді қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесін әзірлеу және енгізу.
2. Компания қызметкерлерінің білімін бағалау.
3. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023 жылға арналған «Жас мамандарды қолдау» іс-шаралар жоспарын іске асыру.
4. Әлеуметтік қолдау саласындағы ішкі құжаттарды өзектендіру.
5. «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік тұрақтылықты арттыру жоспарын (SRS) әзірлеу және бекіту.
6. Он екі әмбебап спорт алаңын салу.
7. Адам ресурстарын басқару бойынша талдамалық есептілік жүйесін әзірлеу және енгізу.
8. «ҚазТрансОйл» АҚ HR бойынша басқарушылық есептілікті автоматтандыру» жобасын іске асыру.
9. «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппараты мен ЕББҰ-да мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудың 2019-2025 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру бойынша 2023 жылға арналған бекітілген іс-шаралар жоспарын орындау.
10. Компанияның оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінде мемлекеттік тілдегі құжат айналымының үлесін ұлғайту.
11. Мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастыру.
12. Мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтуге бағытталған іс-шаралар өткізу.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ****6. ҚОСЫМШАЛАР**

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ — ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІРІ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРІНІҢ БІРІ, ЖӘНЕ БІЗДІҢ КОМПАНИЯДА КҮН САЙЫН МЫҢДАҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗГЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, КЕМСІТУШІЛІККЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӘНЕ БАРЛЫҒЫНА ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ — БҰЛ БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ КҮН-ДЕЛІКТІ ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да кемсітушіліктің кез келген белгісі бойынша оған жол бермеу саясаты қолданылады және «Самұрық-Қазына» АҚ мен Компанияның бастамашылықпен ақпараттандыру арналарына келіп түсетін кемсітушілік тақырыбына байланысты барлық өтініштерді комплаенс-бақылау қызметі егжей-тегжейлі қарайды.

Кемсітушілікке жол бермеудің жоғары стандарттарына қол жеткізу үшін Компания осы саладағы халықаралық бастамалардың ұсынымдарына жүгінеді. Атап айтқанда, біз БҰҰ-ның Адам құқықтары мен еңбек қатынастары саласындағы жаһандық шартының қағидаттарын ұстанамыз, олар, өз кезегінде, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына және Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясына негізделген.

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

«ҚазТрансОйл» АҚ барлық қызметкерлер үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді және гендерлік теңсіздік пен кемсітушіліктің кез келген түрлерінің туындауы үшін жағдайларды болдырмайды. Компанияда жыныстық, нәсілдік, ұлттық немесе діни қатыстылығы және адамның кәсіби қасиеттеріне қатысы жоқ кез келген басқа белгілер бойынша кез келген кемсітуге, сондай-ақ жекелеген қызметкерлерге заңнама және/немесе ішкі

құжаттар негізінде басқаша қандай да бір болмасын артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол берілмейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның барлық қызметкерлерінің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктері бар. Компания Ұжымдық шартты жасасу, өзгерту, толықтыру бойынша қызметкерлермен келіссөздерге белсенді қатысады, келіссөздер жүргізу мерзімдерін

сақтайды және тиісті бірлескен комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынады, Ұжымдық шарт ережелерінің талаптарын қатаң орындайды. Еңбек заңнамасына сәйкес кез келген қызметкер өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және Ұжымдық шарттың жобасын әзірлеуге, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға құқылы.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мәселелерін басқаруды адам ресурстарын басқару департаменті жүзеге асырады. Кемсітушілік сипаттағы барлық туындайтын мәселелер «ҚазТрансОйл» АҚ комплаенс-бақылау қызметінің тікелей қатысуымен қаралады.

Жоғарыда аталған мәселелерді басқарудың негізгі құралдары мынадай

рәсімдер мен ішкі құжаттар болып табылады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ іскерлік әдеп кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік жауапкершілік кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасындағы ұжымдық шарт;
- «ҚазТрансОйл» АҚ жедел ден қою орталығына келіп түскен жеке және

заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі;

- Бас директордың (Басқарма төрағасының) немесе оны алмастыратын адамның/ОҚБ басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен құрылатын орталық аппарат пен ОҚБ-нің анонимді өтініштерін қарау жөніндегі жұмыс тобының қызметі.

КЕМСІТУШІЛІККЕ ҚАРСЫ ТҰРУ**GRI 406-1**

Әрбір қызметкер адам құқықтары және кемсітушілікке жол бермеу мәселелері бойынша өтініштерді қоса алғанда, Компанияның ішкі байланыс арналарында өтініш қалдыруға құқылы. Есепті кезең-

де комплаенс-бақылау қызметіне кемсітушілік мәселелеріне қатысты бірнеше өтініш келіп түсті. Комплаенс-бақылау қызметінің қызметкерлері әрбір жағдайды қызмет жұмысын реттейтін ішкі құжаттардың ереже-

леріне сәйкес егжей-тегжейлі қарады. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша есепті жылда «ҚазТрансОйл» АҚ-да кемсітушіліктің болу фактілері анықталған жоқ.

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

КОМПАНИЯДА ГЕНДЕРЛІК АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСİNДЕ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР ЖОҚ. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫ ДЕҢГЕЙІ ЛАУАЗЫМҒА БАЙЛАНЫСТЫ, ЯҒНИ БІР ЛАУАЗЫМДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӘЙЕЛДЕР МЕН ЕРЛЕР БІРДЕЙ ЖАЛАҚЫ МЕН БАСҚА ДА ТӨЛЕМДЕРДІ АЛАДЫ.

Әдетте, ең төменгі жалақы мөлшері Компания қызметін жүргізетін өңірлердегі ең төменгі жалақыдан жоғары. Есепті кезеңде Компаниядағы ең төменгі жалақы деңгейі 159,17 мың теңгені құрады, бұл ел бойынша осы көрсеткіштен 2,65 есе жоғары.


«ҚазТрансОйл» АҚ-да еңбекақы төлеу гендерлік теңдік қағидатына негізделген.

GRI 202-2

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі, Басқарма, орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері мен қызметтері басшылары, ОҚБ қызметтері бастықтары құрамындағы гендерлік теңдікке деген көзқарасты жетілдіруге ұмтылады. 2022 жылы жергілікті халық өкілдерінен жалданған басшылардың үлесі 100%-ды құрады, олардың ішінде ерлер де, әйелдер де бар.

* «Жергілікті халық» деген ұғым Компания қызметін жүргізетін елде (Қазақстан Республикасы) шектеусіз уақыт өмір сүруге заңды құқығы бар немесе онда туылған адамдарды білдіреді.





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
 Қоршаған ортаны қорғау
 Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
 Персоналды басқару
 Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
 Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
 Корпоративтік коммуникациялар
 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
 Экономикалық нәтижелілік
 Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БІЗ ҮШІН ЕҢ ЖОҒАРЫ ҚҰНДЫЛЫҚ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. 2022 ЖЫЛЫ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ НӨЛДІК ЖАРАҚАТ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛДЫ. БІЗ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БІЗДІҢ ОДАН АРҒЫ ЖҰМЫСЫМЫЗ БЕН КОМПАНИЯМЫЗДЫ ДАМУДА БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ БАСЫМДЫҚТАР БОЛЫП ҚАЛАТЫНЫНА СЕНІМДІМІЗ. ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ПЕРСОНАЛ САНЫ АЛТЫ МЫҢНАН АСАТЫН ІРІ МҰНАЙ КОМПАНИЯСЫ РЕТІНДЕ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ТИІСТІ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАЙДЫ.



4 888 млн теңге

2022 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға салынған инвестициялардың жалпы көлемі

2022 жылы Компания Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру ұйымы әзірлеген «Нөлдік жарақаттылық» Vision Zero тұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі жаһандық бастамаға қосылды.

БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және өнеркәсіптік қауіпсіздікке байланысты тәуекелдерді барынша азайту Компанияның Даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Компания еңбекті қорғау және денсаулық сақтау саласындағы ұлттық заңнаманы, сондай-ақ халықаралық және салалық стандарттардың талаптарын сақтайды. Сонымен қатар, «ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінде жоғары басшылықтың қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау және әрбір қызметкерді өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін жетілдіруге тарту мәселелеріне беілділігіне негізделген «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясатын басшылыққа алады. «ҚазТрансОйл» АҚ басшылығы нөлдік жарақаттану, жазатайым оқиғалар мен апаттарды, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларын азайту қағидаттарын ұстанады.

Компания өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қызметкерлердің өмірін сақтау бойынша өз міндеттемелерін толық түсінеді. Осы міндеттемелерді орындау шеңберіндегі Компанияның міндеттеріне мыналар жатады:

- 1 өндірістік объектілердің апатсыз жұмыс істеу режимін қамтамасыз ету;
- 2 жазатайым оқиғалардың алдын алу;
- 3 кәсіби ауруға жол бермеу;
- 4 барлық жұмыс орындарының қауіпсіз және эргономикалық ұйымдастырылуын және санитарлық-гигиеналық жағдайын қамтамасыз ету.

0 ӨНДІРІСТЕГІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



«ҚазТрансОйл» АҚ-да Компанияның өрт қауіпсіздігі мен автомобиль көлігін пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларын қамтитын төтенше жағдайларға уақтылы ден қою жөніндегі шаралар кешені әзірленді. Өрт қауіпсіздігі саласындағы практикаларды жетілдіру шеңберінде, 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да ерікті өрт құралымдарын ұйымдастыру бойынша жұмыстар жалғастырылды. Есепті жылы ерікті өрт сөндіру құрылымдарындағы қызметкерлер саны 1000-нан астам адамды құрады. Сонымен бірге, есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша 2022-2025 жылдарға арналған қызметтер көрсетуге жаңа шарт жасалды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының және салалық стандарттардың талаптарына сәйкес келеді.

Фимараттардың, құрылыстардың, өрт сөндіргіштердің және қауіпті техникалық құрылғылардың техникалық жай-күйін бақылауды автоматтандыруды қамтамасыз ету мақсатында фимараттар мен құрылыстардың, техникалық құрылғылардың тізбесі бойынша деректер, сондай-ақ өрт сөндіргіштердің тізбесі SAP жүйесінің ЖЖТҚК модуліне енгізілді, олардың мониторингі жүргізілуде.

«ҚазТрансОйл» АҚ денсаулық сақтау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес есепті кезеңде мынадай негізгі ішкі құжаттар әзірленіп, өзектендірілді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ денсаулық сақтау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ереже;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қауіпті өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын өндірістік бақылау туралы ереже;

- «ҚазТрансОйл» АҚ тұрақты жұмыс істейтін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комиссия туралы ережесі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдерді басқару регламенті;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да оқиғаларды ішкі тергеу регламенті;
- «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері қызметкерлерінің денсаулық сақтау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерін белгілеу тәртібі;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалар өткізу бағдарламасы.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті, ОҚБ деңгейінде — өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері үйлестіреді.

Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін жүзеге асырады, оның ішінде:

- 1 өндірістік объектілер жұмысының апатсыз режимін қамтамасыз ету;
- 2 Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын орындау, халықаралық және ұлттық стандарттарды сақтау;
- 3 «Қорғау» картасын қолдану;
- 4 қажетті арнайы киіммен, аяқ киіммен және басқа да жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етуді бақылау;
- 5 еңбек қауіпсіздігі тәуекелдерін бағалау, өндірістік жарақаттану жағдайларының алдын алу және ескерту;
- 6 қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясына сәйкес сенімділік және қауіпсіздік саласындағы іс-шаралар кешенін орындау;
- 7 ОҚБ-да өндірістік кеңестердің жұмыс істеуі;
- 8 ДЕҚОҚ мәселелері бойынша қызметкерлермен ай сайынғы жиналыстар өткізу;
- 9 «Қауіпсіздік техникасы бойынша минуттар» өткізу;
- 10 қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері, өрт-техникалық минимум және өнеркәсіптік қауіпсіздік көлемінде өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша оқыту.

ЖҰМЫС ОРНЫНДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР*, АДАМ **GRI 403-8**



○ Компания қызметкерлері ○ Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері**

* Ішкі аудит рәсімінен және үшінші тараптың тәуелсіз аудит/сертификаттау рәсімінен өткен.

** «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде құрылыс, күрделі жөндеу, басқа да қызметтер көрсететін мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің саны есепке алынды.

ӨНДІРИСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІ

GRI 403-1

2020 жылы бекітілген Магистральдық мұнай құбырлары объектілерінде жұмыстар жүргізу кезінде бейнетіркеу жүргізу тәртібіне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ қауіптілігі жоғары жұмыстарды өндіру кезінде өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын тіркеу бойынша жұмысты жүргізеді. Бұл бастама қызметкерлердің қауіпсіздік мәдениетін арттыруға бағытталған және жазатайым оқиғалардың, авариялар мен өрттердің алдын алуға оң әсер етті.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ДЕҢГЕЙІ **GRI 403-1**

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Жұмыс қауіпсіздігін мінез-құлықтық бақылау	3 516	2 667	1 541	-42
Компанияның өндірістік объектілерінде жүргізу қауіпсіздігін мінез-құлықтық қадағалау	2 917	1 577	1 380	-12

Жұмыстардың қауіпті ұйымдастырылуы мен орындалуының барлық анықталған фактілері бойынша орын алған сәйкессіздіктерді көрсете отырып, қызметкерлермен әңгімелесулер жүргізілді, тиісті іс-шаралар әзірленді. Мінез-құлық бақылау санының төмендеуі «Қорғау» картасын толтыру институтының енгізілуіне байланысты.




ҚАЗТРАНСОЙЛ ӨМІРІ

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҮЗДІК ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОР

Атырау мұнай құбыры басқармасының энергия менеджменті жөніндегі жетекші маманы Денис Белоглазов мұнай-газ секторындағы «Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» болып атанды.

Денис Белоглазов кәсіподақпен және «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасының ШЖК-мен бірлесіп, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғаудың жай-күйін тексеруге қатысты, кәсіпорынның ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жоспарына енгізілген еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін жақсартуға, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулардың деңгейін төмендетуге бағытталған шараларды әзірлеп, ұсынды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЛДАУ МАҚСАТЫНДА КОМПАНИЯДА ДЕНСАУЛЫҚ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ HSE@KAZTRANSOIL.KZ.



- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
- Персоналды басқару
- Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Корпоративтік коммуникациялар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Экономикалық нәтижелілік
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



«ҚазТрансОйл» АҚ Жылдық есеп ••• 2022

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПТЕР МЕН ҚАТЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ

GRI 403-2

Компаниядағы өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерін басқару тәуекелге бағытталған тәсілге негізделген. Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды арттыру мақсатында басқарудың барлық деңгейлерінде персоналға, процестерге, еңбек жағдайларына, жабдықтарға байланысты тәуекелдерді бағалауды тұрақты негізде жүргізеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару регламентіне сәйкес Компанияда қызметкерлер мен басқа да мүдделі тараптар үшін қауіптерді сәйкестендіру бойынша жұмыс жүзеге асырылады, сондай-ақ байланысты тәуекелдер бағаланады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді анықтау және бағалау компанияның орталық аппаратында және ОҚБ-да жүргізіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ бөлімшелерді мінез-құлық қауіпсіздігі аудиті форматында тексеруді жүргізеді, оның барысында қызметкер тәуекелдер мен қауіптерді сәйкестендіреді. Тәуекелдерді бағалау жылына кем дегенде бір рет жүргізіледі. Бағалау

процесіне еңбекті қорғау қызметінің қызметкерлері Компанияның мүдделі бөлімшелерімен бірлесіп қатысады. Анықталған тәуекелдер оқиға немесе жазатайым оқиға туындаған жағдайда, сондай-ақ өндірістік қызметте елеулі өзгерістер болған кезде қайта бағалауға жатады. Тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жоғары тәуекелдерді төмендету бойынша іс-шаралар әзірлеу жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету процесіне тартылған персонал үшін тәуекелдерді бағалау саласында үнемі оқыту жүргізеді. Бұл тәуекелдерді басқару рәсімінің сапасы мен дәлдігін арттырады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі тексеру жүргізу шеңберінде 2022 жылы ОҚБ өндірістік объектілері мен екі өкілдікте жеті инспекция жүргізілді. Барлық анықталған сәйкессіздіктер бойынша белгіленген мерзімде олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыра отырып, түзетуші іс-шаралары әзірленді.



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ КЕЗЕҢДЕРІ

1

Қауіптер тізбесін жасау/өзектендіру

2

Қауіптің туындауы нәтижесінде болуы мүмкін тәуекелдердің тізбесін айқындау

3

Әрбір тәуекелдің сандық шамасын анықтау

4


Жоғары тәуекелдерді анықтау

«ҚОРҒАУ» КАРТАСЫ

Компанияда «Қорғау» картасын қолдану жөніндегі бастаманы іске асыру жалғасуда. Сәйкессіздікті немесе қауіпсіздікке қауіп төндіретін оқиғаны анықтаған Компанияның кез келген қызметкері немесе келушісі сәйкессіздік жойылғанға дейін жұмысты тоқтата алады, сондай-ақ картаны толтыру арқылы қауіпсіздік жағдайын жақсарту бойынша өз ұсыныстарын енгізе алады. Есепті жылы 1875 «Қорғау» картасы толтырылды, оның ішінде 1645 карта орындалды. Карталардың бланкілері өндірістік және офистік үй-жайлардың жалпыға қолжетімді орындарында және компанияның интернет-ресурсында орналастырылған.

Қызметкерлерді «Қорғау» картасын қолдануға ынталандыру мақсатында ай сайынғы және жылдық негізде «Үздік «Қорғау» картасы» сертификаттарын және көзделген ақшалай сыйақыны тапсыру арқылы қызметкерлерді көтермелеу қолданылды.


2021 ЖЫЛҒЫ БАҚЫЛАУ ҮЛГІСІ БОЙЫНША «ҚОРҒАУ» КАРТАЛАРЫНЫҢ САНЫ



- Қауіпті іс-әрекет
- Қауіпті фактор
- Ұсыныс

«Қорғау» карталарын қолдану практикасын дамыту үшін келесі іс-шараларды іске асырады:

- www.kaztransoil.kz интернет-ресурсында «Қорғау» электрондық платформасы қолданылууда;
- қауіпті факторлардың, қауіпсіз емес әрекеттің алдын алу және еңбек жағдайлары мен қауіпсіздікті жақсарту жөніндегі бастамаларды (ұсыныстарды) енгізу мақсатында әзірленген түзету іс-әрекеттері жүргізіледі.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЛАРЫН БАСҚАРУ КОМАНДАСЫ (ДЖБК)

«ҚазТрансОйл» АҚ төтенше жағдайларға ден қою бойынша өз жауапкершілік дәрежесін түсінеді және Компания ішіндегі процестерді жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Төтенше жағдайларға тиімді ден қою мақсатында 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ «Ақтау» БМАС-да командалық-штабтық оқу-жаттығу шеңберінде ДЖБК орналастырылды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «HSE тиімділік шеңбері» өндірістік қауіпсіздік саласындағы жетілдіру бағдарламасы аясында 2022 жылғы 8 қыркүйекте «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобы бойынша бас директорлардың жыл сайынғы форумында Компания Төтенше және дағдарыс жағдайларын басқару бойынша озық практикаларды тиімді енгізгені үшін — дағдарыс жағдайларын басқару командасын енгізгені үшін марапатқа ие болды.

2022 жылғы 7 қазанда Компанияның Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Ақтау» БМАС-да ДЖБК, Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының оқиғаларды басқару командасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ дағдарыс жағдайларын басқару командаларының қатысуымен шартты төтенше жағдайды жою бойынша кешенді командалық-штабтық оқу-жаттығу сәтті өткізілді.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

«ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау менеджменті жүйесін жақсартудың маңыздылығын түсінеді және осы бағыттағы практикаларды дамытуға тұрақты негізде инвестиция салады. 2022 жылы жалпы көлемі 4 888 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 29%-ға артық. «Өрт қауіпсіздігі» және «Еңбекті қорғау» сияқты бағыттар бойынша инвестициялар ұлғайтылды.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ, МЛН ТЕҢГЕ


Атауы	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Еңбекті қорғау	253	151	310	105
Денсаулық сақтау	897	881	866	-2
Өнеркәсіптік қауіпсіздік	249	182	180	-1
Өрт қауіпсіздігі	887	1 344	2 412	79
Жеке қорғану құралдары	1 100	1 195	1 120	-6
Жиыны:	3 386	3 753	4 888	30

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТЫЛЫҚ

«ҚазТрансОйл» АҚ өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру есебінен нөлдік жарақаттылыққа ұмтылады. 2022 жылдың 31 тамызында Компания Vision Zero-ның «Нөлдік жарақат» тұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі жаһандық бастамаға ресми түрде қосылды және Vision Zero-ның Алтын қағидаларын сақтау бойынша міндеттемелерді қабылдап, сертификат алды. 2022 жылы еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларға жол берілмеді.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ӨНДІРІСТЕ БОЛҒАН ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ САНЫ

GRI 403-9



- Өндірістегі жазатайым оқиғалардың жалпы саны
- Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылған өндірістегі жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті (LTIR), %

МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАРАҚАТТАНУЫ

Мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында Компания қызметкерлеріне қойылатын қатаң талаптар қойылады. Мердігерлік ұйымдарда жарақаттанудың барлық жағдайлары есепке алынады және тексеріледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мынадай құжаттар әзірленді және олар мердігерлік ұйымдарға қолданылады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын қағидалар»-кодексі;

- «Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» АҚ СТ;
- ДЕҚОҚ мәселелері бойынша мердігерлік ұйымдарға тексеру жүргізу жөніндегі нұсқаулық;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерінде мердігер ұйымның нақты міндеттемелері жазылған шарттардағы міндетті бөлім.

Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ автокөлік құралдарына GRS-мониторинг жүргізу жүйесі арқылы «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай құбыры басқармалары бойынша қауіпсіз жүргізу стилінен ауытқу көрсеткіштеріне мониторинг жүргізеді. 2022 жылы мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жарақат алу жағдайлары тіркелген жоқ.

Компанияда тұрақты негізде мердігерлік ұйымдардың басшылығымен кездесулер ұйымдастырылады, онда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жеке қорғану құралдарын қолдану және сапасын жақсарту, жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтау мәселелері талқыланады.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

GRI 403-6

Компания қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен қолдаудың маңыздылығын түсінеді және осы бағытқа ерекше назар аударады. «ҚазТрансОйл» АҚ-да инфекциялық және емес аурулардың, оның ішінде кәсіптік аурулардың, сондай-ақ жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания қызметкерлеріне мынадай медициналық қызметтер көрсетіледі:

- санитариялық авиация және жедел медициналық көмек нысанындағы шұғыл медициналық көмек;
- күндізгі медициналық пунктте дәрігерге дейінгі медициналық көмек;
- вахталық жұмыс режимі бар медициналық пунктте білікті медициналық көмек көрсету;
- қызметкерлерді міндетті медициналық тексеру, соның ішінде күнделікті ауысым алдындағы және жыл сайынғы кезекті тексеру.

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЕМДЕУ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР, МЛН ТЕҢГЕ



Өндірістік объектілерде уақтылы шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен жинақталған медициналық пункттер жұмыс істейді.

Компанияның ОҚБ-да қызметкерлерді ауысым алдындағы медициналық тексеруден өткізу үшін электронды жабдық орнатылып, қолданылуда. Осы жүйені енгізу созылмалы аурудың жіті немесе асқыну белгілері, алкогольдік, есірткілік және/немесе уытқұмарлық мас болу белгілері бар жұмыскерлерді өндірістік объектіге жібермеуге, сол арқылы өндірістегі денсаулықтың кенеттен нашарлау қаупін азайтуға, адами факторды болдырмауға, сондай-ақ медициналық тексерулер жүргізу уақытын үш есеге қысқартуға мүмкіндік береді.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

6 120

ҚЫЗМЕТКЕР

2022 жылы міндетті медициналық тексеруден өткендер

2022 жылы міндетті медициналық тексеруден өткен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің саны — 6 120 (берілген қорытынды актілерге сәйкес), бұл міндетті медициналық тексеруге жататын қызметкерлердің жалпы санының 97%-ын құрайды. Қалған қызметкерлердің 3% — Компаниядағы еңбек қызметін тоқтатқан немесе міндетті медициналық тексеруден өткенге дейін бала үш жасқа толғанға дейін оған күтім жасау бойынша демалысқа шыққан қызметкерлер.

Денсаулық сақтау бойынша жүргізілген талдау қорытындысы бойынша маңызды ұсынымдар айқындалды:

- Міндетті медициналық тексерулердің қорытындылары бойынша емдеу-сауықтыру іс-шараларының жоспарларын іске асыру және олардың орындалуын бақылау;
- инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың орындалуын бақылау және амбулаториялық емдеуді және диспансерлік бақылауды қажет ететін қызметкерлердің тексерілуін бақылау.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

GRI 403-7

Компаниядағы өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін басқару жүйесі қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар мен инциденттердің алдын алу, авариялардың зардаптарын шектеу және жою мақсатында жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралармен кешенді түрде өзара байланысты.

Магистральдық мұнай құбырларын және Компанияның басқа да өндірістік объектілерін пайдалану процесінде 2022 жылы техногендік сипаттағы авариялар тіркелген жоқ.

Алайда 2022 жылы өрт тіркелді. Алайда 2022 жылы 1 өрт тіркелді. 2022 жылғы 26 қыркүйекте «Шолақ-Қорған» БМАС бағыты бойынша — «Павлодар — Шымкент» ММ 1503 км жүру кезінде КАМАЗ 43118 (2019 жылы шыққан) базасындағы экскаватор кабинасының астынан түтін шықты. Жүргізілген тергеу нәтижелері бойынша экскаватордың пайдалану өлшемдері өртке дейін техникалық жарамды күйде болғаны, Компания қызметкерлерінің тарапынан өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы анықталмағаны, зардап шеккендер жоқ екені анықталды. Сақтандыру төлемінің сомасы 35 млн теңгені құрады.

Компанияда тұрақты негізде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар өткізіледі. 2022 жылы мынадай негізгі іс-шаралар өткізілді:

- 1 Компания жабдығында техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпті энергия көздерін оқшаулауға қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын бақылау;
- 2 кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметімен Компанияның қауіпті өндірістік объектілеріне қызмет көрсетуге шарт жасалды;
- 3 көбікті өрт сөндірудің стационарлық қондырғыларының жұмыс қабілеттілігін және өрт сөндіру сигнализациясының техникалық жай-күйін тексеру, сондай-ақ өндірістік объектілердегі өрт-техникалық жабдықтарды тексеру;
- 4 775 өрт-техникалық сабақ, 7 өрт-техникалық оқу-жаттығу өткізілді, 17064 өрт нұсқаулары өткізілді, 465 ерікті өрт сөндіруші дайындалды, өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігіне 847 қызметкер оқытылды;
- 5 Компанияның 5586 қызметкері өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселесі бойынша даярлықтан және қайта даярлаудан өтті;
- 6 белгіленген тәртіппен Компания объектілерін өрттен қорғау бойынша қызметтер көрсетуге шарттар жасалды. Көрсетілетін қызметтердің сапасына мерзімді тексеру жүргізіледі, оларды үнемі жақсарту бойынша жұмыстар жүргізіледі.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУ

GRI 403-5

«ҚазТрансОйл» АҚ заңнама талаптарына сәйкес басшылар мен мандарды өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында көзделген барлық оқыту бағдарламалары бойынша тұрақты оқытуды жүргізеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ персоналдың өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тұрақты негізде арттырады. 2021 жылмен салыстырғанда, есепті жылы еңбекті қорғау бойынша оқудан өткен қызметкерлер саны 4%-ға өсті. Мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері үшін еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында кіріспе нұсқама жүргізіледі. Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша қосымша оқыту жүргізілмейді.

КҚК ҚАУІПСІЗДІК КҮНІ

2022 жылдың қыркүйегінде «ҚазТрансОйл» АҚ командасы «КҚК-Қ» АҚ «Қауіпсіздік күні» атты конкурсының номинанты болып атанды. Атырау қаласында алғаш рет ұйымдастырылған байқауға 28 командадан тұратын КҚК мердігерлік компаниялары мен серіктестерінің 700-ге жуық қызметкері қатысты.

ЖҰМЫС ОРНЫНДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ, АДАМ

GRI 403-5

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
Оқудан өткен қызметкерлер саны	4 645	5 795	6 020	4
Бір қызметкерге шаққанда оқу сағаттарының орташа саны	24	32	21	-34

2022 ЖЫЛЫ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУ, АДАМ

GRI 403-5

Негізгі курс түрлері	Оқытылған қызметкерлер
еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау бойынша	434
өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бойынша	5 586
өрт сөндіру-техникалық минимум бойынша	849
медициналық білімі жоқ адамдарды даярлау бойынша	960
«Қорғалған жүргізу» тақырыбына	977
«Қыс маусымында қорғалған көлік жүргізу» тақырыбына	977
NEBOSH IGC (Өндірістері еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі халықаралық сертификат)	1
IOSH Managing Safely (жұмысты қауіпсіз ұйымдастырудың халықаралық сертификаты)	1
Қозғалыс қауіпсіздігін басқару, автомобильдерді техникалық тексеру	977
Биікте жұмыс істеу және жоғары өрмелеу жұмыстары кезіндегі ҚҚБ-дағы қауіпсіздік техникасы қағидалары	544
Қазақстан Республикасының Жол жүру қағидалары. Жол қозғалысы қауіпсіздігінің негіздері	977

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның атынан Батыс операторлық қызметтер басқармасының, Атырау мұнай құбыры басқармасының қызметкерлері және «Магистральдық Суағызғы» ЖШС жеке құрама командасы қатысты. Жарыс барысында командалар оқиғаның себебін тергеу мен анықтаудан бастап, төтенше жағдай кезіндегі жедел іс-әре-

кеттерге дейінгі жеті бағыт бойынша тапсырмаларды орындады. Ұйымдастырушылар біздің Компаниямыздың атынан шыққан командалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қағидаларын сақтау, өндірістері экологиялық қауіпсіздікті сақтаудағы іс-қимылдар саласындағы стратегиялық қабілеттерін жоғары бағалады.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. Компанияның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды өндірістік бақылау бойынша тексерулер мен мақсатты тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу.
2. «ҚазТрансОйл» АҚ-да Vision Zero нөлдік жарақаттылық тұжырымдамасын енгізу бағдарламасының іс-шараларын іске асыру.
3. «ҚазТрансОйл» АҚ-да еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімді тексеруді ұйымдастыру.
4. Автокөлік құралдарының GRS-мониторингі жүйесі арқылы «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай құбыры басқармалары бойынша қауіпсіз жүргізу стилінен ауытқу көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу.
5. Мұнаймен жұмыс істейтін «Петерфельд» ЖӨДС және «Прииртышск» СПК су жылыту қазандықтарын 2025-2026 жылдары өнеркәсіптік индуктивті-кондуктивті электр қазандықтарына ауыстыру.
6. Құлсары мұнай құбыры басқармасының «Прорва» МАС-дағы «Медпункт» блок-модульдік ғимаратын салу. Құрылыс «ҚазТрансОйл» АҚ-ның әлеуметтік-әкімшілік объектілерін салу және жөндеу бойынша 2023-2027 жылдарға арналған бағдарламасына енгізілген.
7. Қарағанды мұнай құбыры басқармасының «Атасу» БМАС өрт сөндіру депосын салу.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ****6. ҚОСЫМШАЛАР**

Корпоративтік коммуникациялар

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН СЫНДАРЛЫ БАЙЛАНЫСТЫ ТҰРАҚТЫ НЕГІЗДЕ ҚОЛДАЙДЫ. КОМПАНИЯДА КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН ІШКІ КОММУНИКАЦИЯЛАРДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН. МЫСАЛЫ, КОМПАНИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, ОФИСТЕРІНДЕ ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕРІНДЕ БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫМЕН ӘЛЕУМЕТТІК, ТҰРМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК МӘСЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МІНДЕТТІ ЖОСПАРЛЫ КЕЗДЕСУЛЕРІ ҮНЕМІ ӨТКІЗІЛІП ТҰРАДЫ.

2022 жылы Компанияның корпоративтік коммуникациялар саласындағы жұмысы мақсатты аудиториялармен коммуникациялық өзара іс-қимылдың қолданыстағы құралдарын нығайтуға және дамытуға бағытталған. Басшылық, қызметкерлер мен басқа да мүдделі тараптар арасындағы байланыс мәселелерін басқаруды «ҚазТрансОйл» АҚ жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті реттейді. Жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар жөніндегі қызметті реттейтін негізгі құжаттар мыналар болып табылады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл жөніндегі регламент;
- «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік ақпараттық порталын толтыру және сүйемелдеу бойынша өзара іс-қимыл регламенті;
- «ҚазТрансОйл» АҚ медиажоспары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ брендбугы.

КЕРІ БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ Компания қызметінде қызметкерлердің пікірлерін ескеру маңыздылығын түсінеді және әрбір қызметкерге сұрақтар мен өтініштермен жүгініп, уақытылы жауап алуға мүмкіндік береді. Ол үшін Компанияда кері байланыстың мынадай тетіктері қолданылады:

- «Самұрық-Қазына» АҚ жедел желісі;
- «Нысана» жедел желісі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ электрондық ақпараттық сенім жүйесі — doverie@kaztransoil.kz;
- Бас директордың блогы;
- Компанияның «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейміз!» атты арнайы бөлінген желісі;
- Жедел ден қою орталығы (ЖДО).



1 548 МАТЕРИАЛ


«ҚазТрансОйл» АҚ қызметіне қатысты республикалық және өңірлік деңгейдегі БАҚ-та жарияланды

Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті келіп түскен барлық өтініштерді тіркеп, Компанияның бас директорына (Басқарма төрағасына) немесе мәселе құзыретіне жататын тиісті басшысына жолданады. Бұл ретте, анонимді өтініштер орталық аппараттың/ОҚБ анонимді өтініштерін қарау жөніндегі жұмыс тобының

(жұмыс тобы) мүшелеріне жіберіледі. Барлық алынған өтініштер бойынша тексеру, ал қажет болған жағдайда, қызметтік тергеу жүргізіледі және тиісті түзету шаралары мен алдын алу шаралары қабылданады.

2022 жылы жұмыс тобы еңбек бұзушылықтары, еңбекақы төлеу,

әлеуметтік-тұрмыстық жағдай, Ұжымдық шарттың ережелері, лауазымдық міндеттерді орындау кезіндегі мүдделер қақтығысы, жасалған шарттың талаптарын сақтамау мәселелері бойынша өтініштерді қарады. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша өтініштерде баяндалған ақпарат расталмады.





Компания портреті
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2022 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Қоршаған ортаны қорғау
Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
Персоналды басқару
Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Корпоративтік коммуникациялар
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Экономикалық нәтижелілік
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

ЖЕДЕЛ ДЕН ҚОЮ ОРТАЛЫҒЫ (ЖДО)

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да WhatsApp мессенджері арқылы кері байланыстың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ ИМЖ құжаттарын басқару қағидаларына сәйкес ЖДО іске қосылды. Өтініштерді қабылдау үшін WhatsApp мессенджерінде +7 771 101 55 06 нөмірі бойынша ЖДО аккаунты жұмыс істейді.

Компанияның, оның лауазымды адамдары мен басқа да қызметкерлерінің қызметіне байланысты мәселелер бойынша қазақ және орыс тілдерінде өтініштер қарауға қабылданады. Құжаттамалық қамтамасыз ету департаментінде тіркелген өтініштерді қарау мерзімі «ҚазТрансОйл» АҚ құжаттау және құжаттаманы басқару қағидаларына сәйкес белгіленеді.

КОММУНИКАЦИЯЛАР АРНАЛАРЫ

Кері байланыс тетіктерінен басқа, Компанияның іскерлік беделіне әсер ететін маңызды фактор корпоративтік коммуникациялар болып табылады. 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да алты ақпараттық коммуникация арнасы жұмыс істеді, олардың мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ-ның оң имиджін қалыптастыру және Компанияның қолданыстағы Даму стратегиясына сәйкес PR-мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

Төмендегілер Компанияның негізгі байланыс арналарына жатады:

- корпоративтік интернет-ресурс — www.kaztransoil.kz;

Өтініштерге жауаптарды құрылымдық бөлімшелер оларға қол қойылған (бекітілген) күні ЖДО үйлестірушісіне электрондық пошта арқылы жібереді. Жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-ші күніне дейінгі мерзімде Компанияның бас директорына (Басқарма төрағасына) немесе оны алмастыратын тұлғаға есепті айда келіп түскен өтініштерді қарау туралы есеп береді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЖДО шеңберінде 301 өтініш түсті, оның ішінде — 7 анонимді. Өтініштердің негізгі тақырыптары бос жұмыс орындарының бар-жоғы, тағлымдамадан өту мүмкіндігі, сондай-ақ қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек мәселелері болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Жедел ден қою орталығына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы құжатқа сәйкес анонимді өтініштер бойынша қызметтік тергеулер жүргізіледі. Есепті кезеңде үш қызметтік тергеу жүргізілді.

301 ӨТІНІШ

2022 жылы ЖДО-ға келіп түсті

2022 жылы Компания Қазақстан Республикасының әртүрлі ақпараттық агенттіктерін қоса алғанда, республикалық және өңірлік деңгейдегі БАҚ-та «ҚазТрансОйл» АҚ қызметіне қатысты 1 548 материал жариялады. Әлеуметтік желілерде Компанияның өндірістік-экономикалық және әлеуметтік тақырыпта 1 021 хабарлама жарияланды.

«ҚазТрансОйл» АҚ басшылығының қызметін жариялау мақсатында 2022 жылы барлық қызметкерлерге қызықтыратын мәселелердің барлығы бойынша сұрақ қою, сондай-ақ жауап алу үшін 14 тікелей эфир ұйымдастырылып, өткізілді.

2022 ЖЫЛҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР, ІС-ШАРАЛАР ЖӘНЕ ЖОБАЛАР

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметіне байланысты мәселелер бойынша белсенді коммуникацияны қолдайды. 2022 жылы Компания салалық және тақырыптық іс-шараларға қатысты, сондай-ақ БАҚ-пен белсенді өзара іс-қимыл жасады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 25 жылдығы

2022 жыл Компания үшін маңызды жыл болды — «ҚазТрансОйл» АҚ құрылғанына 25 жыл толды. «ҚазТрансОйл» АҚ қызметі туралы арнайы репортаж дайындалды. Компанияның ширек ғасырдағы жетістіктері туралы мақалалар мен жазбалар сериясы жарық көрді. Мерейтойлық күн Компания басшылығының атынан құттықтау сөздерімен атап өтілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 25 жылдығы аясында Шымкент қаласында есепті кезеңнің сәуір-мамырында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спартакиада өткізілді, оған «ҚазТрансОйл» АҚ мен ЕББҰ-ның 500-ден астам қызметкері қатысты. Сонымен қатар, басқа да ірі мерекелік іс-шаралар өтті. Олардың ішінде: «Кел, жарысайық!», гала-концерт, жастар форумы, «Не? Қайда? Қашан?». Сондай-ақ, «Үздік маман» конкурсын атап өткен жөн, оның жеңімпазы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның осындай конкурстарына қатысты.

КИОГЕ-2022 Қазақстандық халықаралық мұнай-газ көрмесі

«ҚазТрансОйл» АҚ экспозициясында КИОГЕ-2022 көрмесінде Компания қызметкерлерінің елдің әлеумет-

тік-экономикалық дамуына қосқан үлесіне арналған тақырыптық бейнероликтің тұсаукесері өтті. Көрменің үш күнінде 50-ден астам кәсіпорын «ҚазТрансОйл» АҚ-мен ынтымақтасуға қызығушылық танытты.

Жастарды қолдау

Компания жастарының қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Шымкентте 50 жас маман қатысқан жастар форумы өтті. Форумда жастардың инновациялық идеялары атап өтілді, жас мамандар үшін өзекті тақырыптарға оқу тренингтері өткізілді.

Экология және қауіпсіздік

2022 жылы Компания қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шараларды жалғастырды. Компания қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері аумақтарды қоқыстан тазарту жөніндегі «Бірге — таза Қазақстан» атты республикалық және өңірлік жобаларға, экологиялық сауаттылық жөніндегі ағартушылық іс-шараларға және конкурстарға қатысты.

Мемлекеттік тілді қолдану

2022 жылы Компания қызметкерлері арасында мемлекеттік тілді қолдау бойынша өткізілген іс-шаралар кеңінен жарияланды. «Білікті маман», «Мемлекеттік тілді меңгерген ең үздік құрылыс бөлімше» конкурстары өткізілді.



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-ДА «НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?» ОЙЫНЫ ӨТТІ

2022 жылдың желтоқсанында елордада «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасында «ҚТО-Quiz» бен «Не? Қайда? Қашан?» атты зияткерлік ойындар өтті. «ҚТО-Quiz» ойынындағы әрбір команданың үздік ойыншылары «Не? Қайда? Қашан?» ойынына қатысты.

Компания қызметкерлері зияткерлік ойын атмосферасына енді. Трансляция корпоративтік YouTube арнасында тікелей эфирде өтті.

Білгірлер арасында үздік ойыншы — Шымкент мұнай құбыры басқармасының «Шолақ-Қорған» БМАС бастығы Айдар Абдуллаев хрусталь үкі мен сертификаттың иегері болды. Павлодар мұнай құбыры басқармасының ЭҚЖЖЖ үшкестінің бастығы Олег Свиридов көрермендер арасында ең қызықты сұрақ қойды.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. Vision Zero нөлдік жарақаттылық тұжырымдамасын енгізу бағдарламасын іске асыруға қатысты материалдарды жариялау.
2. Басшылардың рейтингін айқындау үшін Компания қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу.
3. ЖДО қызметін ұйымдастыру және дамыту.
4. Компанияның корпоративтік теледидарының хабар тарату кестесін жасау және бекіту.
5. Компания басшылығының қатысуымен тікелей эфирлерді ұйымдастыру және өткізу.
6. «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының ғимаратында жаңа телевизиялық студия дайындау бойынша жұмысты үйлестіру.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БІЗДІҢ ІСКЕРЛІК БЕДЕЛІМІЗДІ САҚТАУҒА ҮЛКЕН МӘН БЕРЕДІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ БЕН МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫМЫЗДЫҢ СЕНІМ ДӘРЕЖЕСІН ҮНЕМІ АРТТЫРУҒА ҰМТЫЛАДЫ. ТАЗА ЖӘНЕ АДАЛ ҰЙЫМ РЕТІНДЕГІ БЕДЕЛІМІЗ БІЗДІҢ ЕҢ ҚҰНДЫ АКТИВТЕРІМІЗДІҢ БІРІ ЕКЕНІН МОЙЫНДАЙМЫЗ. «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛҒА ҚАТЫСТЫ БЕРІК ҰСТАНЫМЫ БІЗДІҢ БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖОҒАРЫ ЭТИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА БЕЙІЛДІЛІГІМІЗДІ КӨРСЕТЕДІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІМІЗДІҢ ІРГЕЛІ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ІСКЕРЛІК ЭТИКАНЫҢ ЖОҒАРЫ СТАНДАРТТАРЫН ҚАТАҢ САҚТАЙ ОТЫРЫП, «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ӨЗІНІҢ КОНТРАГЕНТТЕРІНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ САЛАСЫНДА ТАЛАПТАР ҚОЯДЫ.

ӨЗ ҚЫЗМЕТІНДЕ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ БАҒДАРЛАРДЫ ҚҰРУ АРҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН КӨРІНІСТЕРІНЕ ТӨЗБЕУШІЛІК АХУАЛЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ БАҒЫТЫН ҰСТАНАДЫ.

GRI 205-1, 205-2, 205-3

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

«ҚазТрансОйл» АҚ-да комплаенс-бақылау қызметі жұмыс істейді, оның құзыретіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу, Компания туралы ақпаратты ашу, инсайдерлік ақпаратты иелік ету және қолдану бөлігінде реттеушілік талаптарды сақтауға бағытталған мәселелер жатады.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын іске асыру мақсатында комплаенс-бақылау қызметі 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне есеп береді.

Төмендегілер Компанияның сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін негізгі ішкі құжаттары болып табылады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да бұзушылықтардың пайда болу қаупін басқару саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын басқару қағидалары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ контрагенттерінің сенімділігін тексеру регламенті.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау мақсатында пайдаланылатын негізгі құралдар мен тетіктер:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- Компаниядағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және басқару;


- кері байланыс пен сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлауға арналған арналардың жұмыс істеуі;
- контрагенттердің сенімділігін тексеру рәсімін жүргізу;
- Компанияның контрагенттермен жасалатын барлық шарттарына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімін енгізу;
- қызметкерлер мен контрагенттерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат мәселелері жөнінде, сондай-ақ Компанияның бизнесті этикалық жүргізу саласындағы стандарттары туралы хабардар ету.

GRI 205-2

2022 жылғы 25 мамырда Компанияның комплаенс-бақылау қызметі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) департаментімен бірлесіп, Астана қаласы бойынша семинар-кеңес ұйымдастырды, онда Компания қызметкерлері (басшылық, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері) Қазақстан Республикасындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының 2022-2026 жылдарға арналған негізгі бағыттары туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Компания жүзеге асырып жатқан шаралар туралы хабардар болды.

Компания қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құзыреттілігін арттыру мақсатында 2022 жылғы желтоқсанда «Квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» тақырыбына оқу өткізілді, оған мұнай құбыры басқармаларының 47 басшысы қатысты, оның ішінде 11 — Атырау облысында, 11 — Қарағанды облысында, 15 — Астана қаласында, 3 — Ақтөбе облысында, 5 — Шымкент қаласында және 2 — Ұлытау облысында.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚУДАН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, САНАТТАР БОЙЫНША



○ Басшы лауазымдарда
○ Маман

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

Есепті кезең ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Компанияда/ЕББҰ-да басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын кандидаттардың және олардың жұбайларының активтер мен міндеттемелер/кірістер мен мүлік туралы декларацияларды ұсынуын бақылау жүзеге асырылды, сондай-ақ Компанияда/ЕББҰ-да басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын лауазымдарға кандидаттарды, Компанияның құрылымдық бөлімшелері басшыларының лауазымдарына кандидаттарды Компанияның/ЕББҰ-ның лауазымды тұлғаларымен үлестестігі, көрсетілген лауазымдарға кандидаттарды тағайындау кезінде мүдделер қақтығысының

болу, сондай-ақ жоғарыда аталған кандидаттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім беру мәніне тексеру жүргізілді.

2022 жылғы ақпанда «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың ережелері өзектендірілді, онда Компанияның бас директорының (Басқарма төрағасының) өзіне тікелей бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілігі бекітілді.

2022 жылғы желтоқсанда Компанияда 2021-2022 жылдар кезеңінде сатып алу туралы шарттардың орындалуына мониторинг жүргізу, бір көзден алу тәсілімен

2022 жылы Компанияның комплаенс-бақылау қызметінің қызметкерлерін ISO 37001 стандарты бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізу, халықаралық комплаенс стандарттарын енгізу, сондай-ақ санкциялық комплаенс саласында оқыту жүргізілді.

21

ӨТІНІШ

Компанияның жедел желілеріне келіп түсті





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚУДАН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, САНАТТАР БОЙЫНША

GRI 205-1

Атауы	2019–2020	2021–2022
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген құрылымдық бөлімшелердің жалпы саны, бірл.	4	5
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген құрылымдық бөлімшелердің үлесі, %	15	19

Есепті кезең ішінде Компанияда ЕББҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді құруға бағытталған жұмыс жүргізілді. Компанияның комплаенс-бақылау қызметі комплаенс функциясын ұйымдастыру бойынша ЕББҰ-ға әдіснамалық қолдау көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметкерлердің хабардарлығын арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы, «Самұрық-Қазына» АҚ Жедел желісінің (<https://sk-hotline.kz>) жұмыс істеуі, Компанияның «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейміз!» арнайы бөлінген желісі (5213@kaztransoil.kz) (бұдан әрі — Жедел желілер), сыйлық беруге тыйым салу туралы ақпарат таратылатын ішкі және сыртқы ақпараттандыру арналары пайдаланылады.

Сонымен бірге, Компанияның құрылымдық бөлімшелеріне және ЕББҰ-ға мерзімді негізде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қолданылуы және оны Компанияның лауазымды тұлғалары мен басқа да қызметкерлеріне қатысты қолдану мәселелері туралы ақпарат жіберіледі. Компания

және ЕББҰ қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын сақтау қажеттілігі бөлігінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы талаптармен танысу, мүдделер қақтығысын реттеу, сондай-ақ Компанияға листингтік компания ретінде қойылатын талаптар туралы хабардар ету шеңберінде комплаенс-бақылау қызметінің қызметкерлері жаңа қызметкерлерге нұсқамалар беруді жүргізеді, онда көрсетілген бағыттар бойынша талаптар түсіндіріледі.

Компанияның ресми интернет-ресурсында «Байланыс» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімдерінде https://kaztransoil.kz/ru/ustoychivoe_razvitie/protivodeystvie_korrupcii/ мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, сондай-ақ Компанияның Instagram-дағы ресми парақшасында (@KazTransOil.official) Компанияда жұмыс істейтін Жедел желілер туралы ақпарат орналастырылған. Жедел желілерге және басқа да ресми арналар арқылы келіп түскен өтініштер, оның ішінде анонимді өтініштер белгіленген рәсімдерге сәйкес қаралады. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша ақпарат «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ комплаенс қызметіне және өтініш берушілерге (анонимді өтініштерді қоспағанда) жіберіледі.

Есепті кезеңде жедел желілерге 21 өтініш түсті. Компания ішінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері анықталған жоқ.

Айта кету керек, 2022 жылы Компания қызметкерлері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексі анықтау мақсатында өткізілген сауалнамаға қатысты. Аталған сауалнама нәтижелері бойынша Компания қызметкерлерінің 86%-ы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа куә болған жағдайда қайда жүгіну керектігін білетіні анықталды, бұл «ҚазТрансОйл» АҚ-да жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс саласындағы хабардарлықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Қызметкерлердің 81%-ы Компания ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламаны қарағаннан кейін қажетті шараларды қабылдайды деп есептейді, қызметкерлердің 4%-ы былтыр Компаниядағы сыбайлас жемқорлық жағдайына куә болған немесе ол туралы әріптестері мен таныстарынан естіген.

Жалпы, өткен жылы Компания бойынша қандай да бір болмасын елеулі жанжалды жағдайлар, сондай-ақ Іскерлік этика кодексі мен Компанияда бұзушылықтардың туындау қаупін басқару жөніндегі саясаттың дөрекі бұзылғаны байқалған жоқ.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. Компания мен ЕББҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуға бағытталған жұмысты жалғастыру.

2. Компанияның ЕББҰ-да комплаенс-тәуекелдерді (оның ішінде санкциялық) басқару жүйесін құру бойынша одан арғы жұмыс.

Экономикалық нәтижелілік

КОМПАНИЯ ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҚОМАҚТЫ ҮЛЕС ҚОСЫП, ҚЫЗМЕТІН ЖҮРГІЗЕТІН ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСАДЫ.

Компания жауапты және адал салық төлеуші болып табылады және қолданылатын салықтарды төлейді. Әдіснамалық және ұйымдастырушылық есеп процесін стандарттау мақсатында Компанияда салық есебін жүргізу тәртібін реттейтін «ҚазТрансОйл» АҚ салықтық есеп саясаты әзірленді.

2022 жылы біздің Компания көлденең мониторинг бойынша пилоттық жобаның қатысушысы болды, осылайша салықтық есеп шеңберінде тәуекелдерді барынша азайтуға бейілділігін көрсетті. Сондай-ақ, 2022 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті санаттау нәтижелері бойынша Компанияға салық төлеушінің тәуекел дәрежесінің төмен дәрежесін берді. Компания салық салу тәсілін үнемі жетілдіруге және қызметтің экономикалық тиімділігін арттыруға ұмтылады.

GRI 201-1, 202-2, 204-1

Компания жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ инфрақұрылымды жақсарту арқылы қызмет жүргізетін өңірлерде оң экономикалық және әлеуметтік әсер етуге ұмтылады.

МЕМЛЕКЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМДЕР

Салық салу тәсілі

GRI 207-1, 207-2

Компанияда салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібі қолданылады. Компания Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық салу саласындағы нормативтік талаптардың сақталуын жүзеге асырады.

Компанияда салық есебін жүргізу тәсілін стандарттау мақсатында 2018 жылғы желтоқсанда Компанияның Директорлар кеңесі

бекіткен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның салықтық есеп саясаты қабылданды. «ҚазТрансОйл» АҚ салықтық есеп саясатын сақтауға жауапты лауазымды тұлғалар Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) және (немесе) ол уәкілеттік берген тұлға, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары/Компанияның ОҚБ мен салықтық жоспарлау және есеп департаментінің директоры болып табылады.

Салықтық басқару, салықтық бақылау және салықтық тәуекелдерді басқару

Компаниядағы салықтық жоспарлау және есеп мәселелерін салықтық жоспарлау және есеп департаменті қадағалайды, оның міндеттеріне Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Компанияның салық міндеттемелерін орындау, сондай-ақ Компанияның салықтық тәуекелдерінің басталуының теріс салдарын болдырмау және/немесе барынша азайту бойынша шаралардың уақытылы қабылдануын қамтамасыз ету жатады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік

кірістер комитетінің 2022 жылғы 14 маусымдағы №402 бұйрығына сәйкес Компания көлденең мониторинг бойынша пилоттық жобаны іске асыруға қатысатын салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген.

Көлденең мониторинг — бұл салық төлеуші шынайы уақыт режимінде салық органдарына болашақта салық тәуекелдерінің пайда болуын болдырмай, бухгалтерлік және салықтық есеп деректеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін бақылау нысаны.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Қоршаған ортаны қорғау

Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу

Персоналды басқару

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Корпоративтік коммуникациялар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Көлденең мониторингтің негізгі мақсаты — көлденең мониторингтің пилоттық жобасына қатысушылардың ақпараттық жүйелеріне қолжетімділікті орнату жолымен салық төлеушілердің тәуекелдік операцияларды жүзеге асыруы мен салық және өзге де заңнаманы бұзуына уақытылы ден қою және алдын алу.

Салық төлеушілер үшін көлденең мониторинг бойынша пилоттық жобаны жүргізудің негізгі артықшылықтары:

- ірі салық төлеушілердің мониторингнен көлденең мониторингке қатысушыларды алып тастау;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен салық төлеуші арасындағы құжат айналымына шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін салық органдарымен қашықтықтан ақпараттық өзара іс-қимыл;

- салық төлеушілер үшін салықтық тәуекелдерді азайту және салықтық тексеру қорытындылары бойынша айыппұл санкцияларын болдырмау;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төмендетілген, 0,65 еселенген базалық мөлшерлемесі бойынша өсімпұл төлеу;
- келісу комиссиясының даулы мәселелерді шешуі;
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің органдарымен сенімгерлік әріптестік қатынастар есебінен компаниялардың инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- 80% мөлшерінде жеңілдетілген тәртіппен артық ҚҚС қайтару.

Салықтық тәуекелдер шарттар, келісімшарттар мен келісімдер жасасу сатысында анықталады, оларға сараптама жүргізіледі.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІ САНАУ ТАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІ КОМПАНИЯҒА ТӘУЕКЕЛДІҢ ТӨМЕН ДӘРЕЖЕСІН БЕРДІ.

GRI 201-4

Есепті кезеңде Компания салық жеңілдіктері мен салық кредиттерін, субсидияларды, сыйлықақыларды, экспорттық-кредиттік агенттіктердің қаржылай қолдауын, кез келген операция үшін кез келген үкіметтен алынған немесе алынатын басқа да қаржылық жеңілдіктерді қоса алғанда, мемлекеттен қаржылай көмек алған жоқ.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. Компанияның салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерін жоспарлауды қамтамасыз ету.
2. Компанияның бюджетке төленетін салық міндеттемелерін уақытылы және толық орындау және бюджеттен тыс қорларға әлеуметтік төлемдерді есептеу, санау және төлеу жөніндегі міндеттерді орындауы.
3. Компанияның салықтық тәуекелдерінің туындауының теріс салдарын болдырмау және/немесе азайту бойынша уақытылы шаралар қабылдауды қамтамасыз ету.

34

МЛРД ТЕҢГЕ

төленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер





Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
 Қоршаған ортаны қорғау
 Энергияны тұтыну және энергияны үнемдеу
 Персоналды басқару
 Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер
 Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
 Корпоративтік коммуникациялар
 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
 Экономикалық нәтижелілік
 Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БИЗНЕСІНІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНДА ТИІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІ ШЕШУШІ РӨЛ АТҚАРАДЫ. КОМПАНИЯ БІЗДІҢ КОРПОРАТИВТІК САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН АШЫҚТЫҚ, ҚАРАЖАТТЫ ОҢТАЙЛЫ ЖҰМСАУ ЖӘНЕ АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНАДЫ. САТЫП АЛУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН АЙҚЫНДЫҒЫН АРТТЫРУ САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ШАРТТАРДЫ СТАНДАРТТАУ ТЕТІГІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ.

Мемлекеттің ұлттық экономиканы және жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі саясатын іске асыру мақсатында біздің Компания тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті өнім жеткізушілерге артықшылық беруге ұмтылады. Бизнесі жауапты әрі этикалық жүргізу қағидаттарын ұстана отырып, біз іскерлік серіктестерге сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу саласында қатаң талаптар қоямыз және біздің құндылықтарымызды бөлісетін өнім жеткізушілермен ынтымақтасуға қуаныштымыз.


БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

«ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестердің экономикалық және операциялық тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін сатып алу жүйесін жетілдіруге ұмтылады. Компанияның барлық бөлімшелерінің сатып алу басқармасымен келісімшарттар және жергілікті қамтуды дамыту департаменті айналысады.

Компания еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде ең аз қажетті талаптарды ұстанатын жеткізушілерді артық көреді. Мұндай талаптар әлеуетті жеткізушілерді алдын ала біліктілік іріктеуінен өтуді регламенттейтін құжаттарда нақты жазылған.

Сатып алу қызметі тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қажеттілікті жоспарлаудан бастап тауарларды қоймаға жеткізуге дейінгі толық цикл жаңа салатын платформа болып табылатын «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС электрондық алаңында жүзеге асырылады. «ҚазТрансОйл» АҚ серіктестер арасында жоғары корпоративтік стандарттар мен құндылықтарды таратуға ұмтылуда. Жеткізушілерді іріктеу кезінде Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-ның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес сатып алу процесінің ашықтығы, қаражатты оңтайлы жұмсау, сапалы тауарларды сатып алу, жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік және делдалдардың қатысуын барынша азайту қағидаттарын басшылыққа алады. Сондай-ақ процестің ашықтығы мен ашықтығын арттыру мақсатында сатып алу туралы шарттарды стандарттау тетігі қолданылады.

2022 ЖЫЛҒЫ САНАТТАР БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ӨНІМ ЖЕТКІЗУШІЛЕР САНЫ



- Адал жеткізушілер
- Айыппұлдар салынған жеткізушілер
- Сенімсіз жеткізушілер тізіміне енгізілген жеткізушілер

1 142

жергілікті өнім берушілер саны

155 851

МЛН ТЕҢГЕ

2022 жылы өнім берушілермен жасалған «ҚазТрансОйл» АҚ шарттарының сомасы

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

«ҚазТрансОйл» АҚ тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде оларға артықшылық бере отырып, жергілікті өнім берушілермен жұмысқа ерекше назар аударады. Компания ұлттық экономиканы және жергілікті қамтуды дамыту бойынша мемлекеттің саясатын іске асырады.

GRI 204-1

Компанияның жергілікті өнім жеткізушілермен жасалған шарттарының сомасы есепті жылы 155 780 млн теңгені құрады. 2021 жылмен салыстырғанда, 2022 жылы жергілікті жеткізушілердің саны 19,7%-ға артып, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның өнім жеткізушілерінің саны 1 142 болды.

2022 жылдың қорытындылары бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ сатып алуындағы жергілікті қамту үлесі 73%-ды құрады, оның ішінде тауарлар бойынша — 55%, жұмыстар мен қызметтер бойынша — 78%.

ӨНІМ БЕРУШІЛЕР САНЫ, БАРЛЫҒЫ

GRI 204-1



Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесінің мониторингін уәкілетті органның порталында жүзеге асырылады.

2022 жылы Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты туралы хабардар болған іскерлік серіктестердің жалпы саны 1 154 болды.

КОМПАНИЯНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ МЕН ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ

GRI 205-2

Көрсеткіш	2020		2021		2022	
	Барлығы	Үлес, %	Барлығы	Үлес, %	Барлығы	Үлес, %
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға байланысты Компанияның саясаты туралы хабардар болған іскерлік серіктестердің жалпы саны	783	100	965	100	1 154	100

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2023 жылы Компания 2023 және 2023-2027 жылдарға арналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жоспарларын іске асыруды қоса алғанда, корпоративтік қағидаттар мен стандарттарға сәйкес сатып алу қызметінің практикасын жалғастыруды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесінің мониторингін бойынша қызмет жалғасады: тауарларды сатып алуда жергілікті қамту деңгейіне қол жеткізу — 55%, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда жергілікті қамту деңгейіне қол жеткізу — 75%.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**6. ҚОСЫМШАЛАР**

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

146 – Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары**148** – Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп**149** – Акционерлердің жалпы жиналысы**152** – Директорлар кеңесі**162** – Басқарма**168** – Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі**169** – Тәуекелдерді басқару**183** – Ішкі бақылау жүйесі**184** – Ішкі аудит**185** – Сыртқы аудит**186** – Корпоративтік этика**187** – Мүдделер қақтығысын басқару**188** – Омбудсмен институты«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ
25 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ
ҚЫЗМЕТІНІҢ
НӘТИЖЕЛЕРІ

435 675

МЛН
ТЕҢГЕ

| ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ



Компания портреті
 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2022 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**
- 3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**
- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары
 Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
 Акционерлердің жалпы жиналысы
 Директорлар кеңесі
 Басқарма
 Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
 Тәуекелдерді басқару
 Ішкі бақылау жүйесі
 Ішкі аудит
 Сыртқы аудит
 Корпоративтік этика
 Мүдделер қақтығысын басқару
 Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ КОМПАНИЯНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫ МЕН ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНЫҢ, ОНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРАДЫ.

GRI 2-9


«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару Компания қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ акционерлер, Директорлар кеңесі, атқарушы орган мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын білдіреді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компанияның корпоративтік басқару жүйесін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес құрады.

Компания қызметінің негізгі мәселелері бойынша шешім қабылдайтын және жалпы басшылықты жүзеге асыратын Компания органдары:

- Акционерлердің жалпы жиналысы (жоғары орган);
- Директорлар кеңесі (басқару органы);
- Басқарма (атқарушы орган).

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**6. ҚОСЫМШАЛАР**

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары «ҚазТрансОйл» АҚ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады. Кодекстің қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1 «Самұрық-Қазына» АҚ акционері ретінде Үкімет.
- 2 «Самұрық-Қазына» АҚ мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Ұлттық басқарушы холдинг ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ рөлі.
- 3 Орнықты даму.
- 4 Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарас.
- 5 Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі.
- 6 Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит.
- 7 Ашықтық.

БҮЛ ҚАҒИДАТТАР КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ОЗЫҚ ПРАКТИКАЛАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕДІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫН АРТТЫРУ ҮШІН МАҢЫЗДЫ.

Компания корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, Компанияның ішкі құжаттары мен тәжірибесінің корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкестігі қажеттілігіне үлкен көңіл бөледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы толық есепті Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде көруге болады.

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Компанияның Жарғысына және «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес жүзеге асыратын Компанияның жоғары басқару органы болып табылады.

Компания Компанияны басқаруға қатысу құқығын іске асырған кезде барлық акционерлерге тең және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге ұмтылады. Акционерлердің өз құқықтарын іске асыруының негізгі тәсілі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына және Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстарына қатысу болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу рәсімі акционерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған және қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік әлемдік практикаларына жауап береді.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ


2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның 384 635 599 қарапайым акциялары орналастырылды және төленді, оның ішінде:

- 38 463 559 жай акция немесе 10% минус бір акция KASE-ге жазылу әдісімен орналастырылған, оның ішінде 7 500 жай акция акционердің талап етуі бойынша сатып алынды;

- Компанияның 1 (бір) жай акциясы орналастырылған жоқ.

- 346 172 040 жай акция немесе шығарылған және орналастырылған акциялардың барлық санының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі;

2022 ЖЫЛЫ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ, ТЕҢГЕ



○ Соңғы мәміле бағасы, теңге/акция

○ Доллар бағамы (USD/TOM), US\$/теңге



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



2022 ЖЫЛЫ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТАРЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы

2022 жылғы 19 мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді, онда келесі мәселелер қаралды:

- 1 «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.
- 2 «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
- 3 «ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы атқарылған жұмыстар туралы Директорлар кеңесінің жылдық есебін бекіту туралы.
- 4 «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2021 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштер және оларды қарау қорытындылары туралы.
- 5 «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Д.Ә. Берлібаевтың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
- 6 «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі мен оның төрағасын сайлау туралы.

2022 ЖЫЛҒЫ 19 МАМЫРДА «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстары

2022 жылғы 25 қаңтарда «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілді, онда мынадай мәселелер қаралды:

- 1 2022-2024 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу және оның қызметтерін сатып алу туралы.
- 2 «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау туралы.

2022 жылғы 12 сәуірде «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілді, онда «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы» мәселе қаралды.

2022 жылғы 19 қазанда «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілді, онда «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» мәселе қаралды.

3

2022 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналыстары

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

«ҚазТрансОйл» АҚ дивидендтік саясаты компания мен оның акционерлері мүдделерінің теңгерімін сақтау, акционерлер мен барлық мүдделі тараптар үшін барынша ашықтықты, дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібін және оларды төлеу тәртібін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Дивидендтік саясат компанияның таза табысының кемінде 40% дивиденд төлеуге арналған соманы белгілейді.

Дивидендтердің нақты мөлшері, егер бұл компанияның міндеттемелеріне қайшы келмесе, компанияның таза кірісінің 100%-ына жетуі немесе одан асуы мүмкін.

Дивидендтерді есептеу мақсатында шоғырландырылған немесе жеке таза кірістің ең үлкен шамасы қолданылады. Компания Басқармасы тиісті қаржы жылындағы Компания қызметінің нақты нәтижелеріне, дамудың жалпы салалық серпініне және күрделі

(инвестициялық) шығындар бағдарламасына сүйене отырып, дивидендтерді төлеу деңгейін 40% нормативтен төмен ұсыну құқығын өзіне қалдырады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен 2021 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер төлеуге 10 000 330 574 теңге жіберілді немесе Компанияның бір жай акциясына 26 теңгені құрайды. 2021 жылға дивиденд төлеу 2022 жылдың 13 маусымында аяқталды.

ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ СЕРПІНІ, ТЕҢГЕ

Дивидендтер төленетін кезең	Дивидендтерді төлеуді бастау күні	Бір акцияға дивиденд мөлшері, теңге	Төлем сомасы
01.01.2016 — 31.12.2016	27.06.2017	155	59 617 355 345
01.01.2017 — 31.12.2017	26.06.2018	160	61 540 495 840
01.01.2018 — 31.12.2018	03.07.2019	104	40 001 322 296
01.01.2019 — 31.12.2019	18.06.2020	118	45 386 115 682
01.01.2020 — 31.12.2020	18.06.2021	132	50 770 909 068
01.01.2021 — 31.12.2021	13.06.2022	26	10 000 330 574

АҚПАРАТТЫ АШУ

КОМПАНИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ ОСЫ АҚПАРАТТЫ АЛУ МАҚСАТЫНА ҚАРАМАСТАН БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРҒА ОНЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

Ақпаратты ашу «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидаларына, Компанияның жарғысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Акционерлермен ақпараттық ашықтық және өзара құрмет қағидаттарына негізделген тиімді өзара іс-қимыл жасау компания басымдықтарының бірі болып табылады. Компания мен оның акционерлері, әлеуетті инвесторлар,

талдаушылар, жалпы инвестициялық қоғамдастық өкілдері мен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары арасында кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында Компанияда инвесторлармен байланыс қызметі жұмыс істейді.

17 АҚПАНДА «ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ» АҚ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫ 2022 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША «АШЫҚТЫҚҚА ҰМТЫЛЫС ҮШІН» ДЕГЕН ДИПЛОММЕН МАРАПАТТАДЫ (ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ЛИСТИНГТІК КОМПАНИЯСЫ).

KASE сарапшыларының пікірінше, Компания листингтік талаптарға қосымша ақпарат жарияланымдарының саны бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады.

Компания ақпараттық ашықтықты қолдау және мүдделі тараптар үшін ақпаратты тиімді ашу жөніндегі жұмысты жалғастырады.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**6. ҚОСЫМШАЛАР**

Директорлар кеңесі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМПАНИЯҒА СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСШЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ ШЕҢБЕРІНДЕ КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА ЕСЕП БЕРЕДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ЖҮЙЕСІНЕ СӘЙКЕС КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ТИІСТІ БАҚЫЛАУ ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛАДЫ.

Директорлар кеңесі өз қызметінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін, Компанияның Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені басшылыққа алады.

Директорлар кеңесі өз құзыретіне сәйкес Компанияның даму стратегиясы мен басым бағыттарын, оның ішінде мынадай салаларда айқындайды:

- корпоративтік басқару;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- орнықты даму;
- ірі инвестициялық және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды іске асыру.

Директорлар кеңесі сондай-ақ Компания дамуының басым бағыттарының іске асырылуын тұрақты бақылауды жүзеге асырады, Компанияның даму жоспары қызметінің негізгі көрсеткіштерін белгілейді және олардың орындалуын қадағалайды. Сондай-ақ Директорлар кеңесі қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуді қоса алғанда, Компанияның Даму стратегиясының іске асырылуына мониторинг жүргізеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Акционерлік капиталдың құрылымына сәйкес (жай акциялардың жалпы санының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің екі мүшесі ірі акционер — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері болып табылады. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің үш мүшесі — тәуелсіз директорлар, бұл корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне

сәйкес миноритарлық акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесі болып Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) сайланды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Орманов Марат Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері жоғары кәсіби беделге ие және осы салада айтарлықтай тәжірибеге ие. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері стратегиялық жоспарлау, қаржылық есептілік және аудит, бизнес-жоспарлау және жобаларды басқару саласында қажетті білімдер мен құзыреттерге ие.



МАРАТ ОРМАНОВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы. 1971 жылы 6 қазанда туған.

Севастополь жоғары әскери-теңіз инженерлік училищесін «АЭҚ (атом энергетикалық қондырғылары) инженер-механигі» мамандығы бойынша, «Қайнар» университетін «Шет тілін білетін халықаралық экономикалық қатынастар жөніндегі маман» біліктілігін, Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетін — «Мұнай және газ тасымалдау кәсіпорындарындағы тиімді басқару» ЕМВА, «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-ны — іскерлік әкімшілендіру магистрі, «Мұнай және газ» мамандығы бойынша бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

- 2001 жылдан бастап 2019 жылға дейін: «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК ЖШС-ның Ақтау қаласындағы өкілдігінің директоры, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК ЖШС коммерциялық директоры, бас директорының коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары, бас директорының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары, бас директоры.
- 2019 жылғы желтоқсанның бастап 2020 жылғы маусымға дейін: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры.
- 2020 жылдың шілдесінен бастап осы уақытқа дейін: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау және логистика департаментінің директоры.
- 2022 жылғы 19 мамырдан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.

- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы, «KMG Systems&Services» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы, «KMG Automation» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы, «ҚКҚ-Р» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.
- ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



МАРЛЕН ОРАЗБЕКОВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы. 1972 жылы 29 шілдеде туған.

Целиноград инженерлік-құрылыс институтын «Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы» мамандығы бойынша және Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті жанындағы Қарағанды «Болашақ» өзекті білім беру институтын «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

- 2019 жылғы маусымнан бастап 2020 жылғы қаңтарға дейін: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жиынтық-үйлестіру жұмысы департаментінің директоры.
- 2020 жылғы қаңтардан бастап 2022 жылғы қыркүйекке дейін: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аппаратының басшысы.
- 2022 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚМГ Қашаған Б. В.» ЖШЖК бас директорының бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары.
- 2021 жылғы 25 қарашадан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.

- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



ТАЛҒАТ ҚҰРМАНБАЕВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы)

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы. 1979 жылы 8 шілдеде туған.

2000 жылы М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетін (ҚАЗМЗУ) «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. 2006 жылы Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық техникалық университетін «Газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай қоймаларын жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

- 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейін: «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2020 жылдан бастап 2022 жылға дейін: Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары.
- 2022 жылғы 23 ақпандан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).
- 2022 жылғы 12 сәуірден бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы Директорлар кеңесі мүшелері тәжірибесінің, дағдылары мен біліктілігінің ең жақсы теңгеріміне ұмтылуымен негізделген. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің жұмысына корпоративтік басқару, тәуекел-менеджменті саласындағы құнды тәжірибені, сондай-ақ халықаралық тәжірибені, стратегиялық пайымдауды және мұнай тасымалдау саласының ерекшелігін терең түсінуді енгізеді.

Директорлар кеңесінің жұмысына қатысудан басқа, тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттерді басқарады, отырыстардың күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға белсенді қатысады, сондай-ақ барлық акционерлердің мүдделерін ескере отырып, объективті шешімдер әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Есепті кезең ішінде Компанияның тәуелсіз директорлары Қазақстан Республикасының заңнамасында,

Компанияның Жарғысында және Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған тәуелсіздік өлшемшарттарына толық сәйкес келді.

Тәуелсіз директорларды сайлау тәртібі туралы қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды және Директорлар кеңесінің төрағасын іріктеу және сайлау өлшемшарттары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Компанияның Жарғысында, корпоративтік басқару кодексінде және Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған.

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Компанияның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Компанияның Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде Компания мен акционерлердің мүдделері үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды, Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе және білім теңгерімі сақталады.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

GRI 2-15

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметінде мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидатын ұстануға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің, Компанияның және акционерлердің арасында мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын немесе ықтимал қабілетті іс-әрекеттерден қалыс қалуға, ал мұндай жанжал болған немесе туындаған жағдайда бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті.

Директорлар кеңесінің мүшесі мүдделілігі бар немесе мүдделер қақтығысы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдауда дауыс бере алмайды.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ АНЫҚТАЛҒАН ЖОҚ.



ВИНИШИУС АГОСТИНИ АЛВЕС

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Бразилия Федеративтік Республикасы.
1981 жылы 8 наурызда туған.

Universidade Federal de Minas Gerais (Бразилия) тамамдап, бизнес-әкімшілендіру бакалавры дәрежесін алды, McDonough бизнес мектебін, Джорджтаун университеті (АҚШ) мен ESADE бизнес мектебін (Испания) бітірген. Іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) дәрежесі бар.

Жұмыс тәжірибесі

- Киберқауіпсіздік, болат өндірісі, тау-кен ісі, логистика, телекоммуникация мен басқару консалтинг секілді салаларда тәжірибесі бар. Қазіргі уақытта Exceda компаниясының (Латын Америкасы мен АҚШ-тағы бұлтты есептеу мен веб-қауіпсіздік бойынша жеткізуші) стратегия және маркетинг бөлімінің басшысы лауазымында жұмыс істейді, өңірдің жеті елінде операциялардың іске қосылуын үйлестіреді.
- Usiminas (Бразилия) компаниясында және негізгі акционерлермен (Nippon Steel, Ternium/Tenaris groups) бірге компанияның ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарын үйлестірді.
- 2019 жылғы 28 қаңтардан бастап — «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.

- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компания мен ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



АЛЬБЕРТО МАРТИНЕС ЛОПЕС

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Мексика Құрама Штаттары.
1979 жылы 20 наурызда туған.

Монтеррей технологиялар және жоғары білім институтын ақпараттық жүйелер инженериясы саласындағы бакалавр дәрежесімен бітірген. Барселонадағы ESADE бизнес мектебінде халықаралық бизнес және әкімшілендіру саласындағы магистр дәрежесін алды. Лондон бизнес мектебі мен Париждің Жоғары коммерциялық мектебінде кәсіпкерлік қызметті және бизнес-инновацияларды оқыды.

Жұмыс тәжірибесі

- Бизнесі трансформациялау және цифрлық бизнес-стратегия саласында айтарлықтай тәжірибесі бар. Тәжірибе өндіріс пен жеткізу тізбегінен бастап, маркетинг пен сатылымға дейін тұтыну тауарларының құн тізбегін, сондай-ақ British American Tobacco компаниясындағы ауыл шаруашылық өнімдерін (темекі) жеткізу операцияларын қамтиды. AT саласындағы бизнес-қатынастарды басқару мен өңірлік және жаһандық деңгейде қызмет көрсету саласында: Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа және Солтүстік Африка өңірлері бойынша әртүрлі лауазымдарды атқарды/
- 2021 жылғы 25 қарашадан бастап — «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.

- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компания мен ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



АДРИАН ФРЕЙСИНЕ

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Швейцария Конфедерациясы.
1979 жылы 13 желтоқсанда туған.

Wheaton College (АҚШ, Массачусетс) бакалавры дәрежесіне және Джорджтаун университеті (АҚШ) мен ESADE Бизнес мектебінің (Испания) іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) дәрежесіне ие.

Жұмыс тәжірибесі

- Жеке инвестициялар және экономика-ның әртүрлі секторларында консультация беру саласында елеулі халықаралық тәжірибеге ие. Өсу мүмкіндіктерін анықтауға, сондай-ақ қосылған құнды алуға бағытталған стратегияларды айқындауға маманданған. Rothschild&Co-дағы мансабының басынан бастап, Baring Vostok Capital Partners пен Халықаралық қаржы корпорациясында басшы қызметтерінде жұмыс істеді, Дүниежүзілік банк тобының мүшесі болды, онда Африка, Азия, Латын Америкасы, Ресей мен ТМД елдеріндегі инвестициялармен айналысты және оларды басқарды.
- 2019 жылғы 28 қаңтардан бастап — «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.

- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компания мен ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ


21

ОТЫРЫС

Директорлар кеңесі
2022 жылы бетпе-бет
өткізді

2022 жылы Директорлар кеңесінің 21 бетпе-бет отырысы өткізілді, онда 180 мәселе, оның ішінде Компания қызметінің мынадай негізгі бағыттары бойынша мәселелер қаралды және шешім қабылданды.

КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНДА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ САНЫ, БІРЛ.



2022 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

Директор*	Отырыстарға қатысуы		Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
	Қатысқан отырыстардың саны	Қатысқан отырыстардың пайызы	
Данияр Берлібаев	8-ден 8	100%	01.01.2022 — 19.05.2022
Марат Орманов	13-тен 13	100%	19.05.2022 — 31.12.2022
Марлен Оразбеков	21-ден 21	100%	01.01.2022 — 31.12.2022
Талғат Құрманбаев	15-тен 15	100%	12.04.2022 — 31.12.2022
Винишиус Агостини Алвес	21-ден 21	100%	01.01.2022 — 31.12.2022
Альберто Мартинес Лопес	21-ден 21	100%	01.01.2022 — 31.12.2022
Адриан Фрейсине	21-ден 21	100%	01.01.2022 — 31.12.2022

* Компания Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес:

- 2022 жылғы 12 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің құрамына Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) Талғат Құрманбаев сайланды;
- 2022 жылғы 19 мамырда Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі Данияр Берлібаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2022 жылғы 19 мамырдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Марат Орманов Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

Стратегиялық даму

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясының іске асырылуы туралы 2021 жылғы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын негізгі құралдардың қайта бағаланған құны бойынша 2021 жылғы бюджет бөлігінде іске асыру туралы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құны бойынша бизнес-жоспарларын бекіту.

Қаржы-шаруашылық қызмет

- «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022 жылғы бірінші жартыжылдықтағы аралық (жартыжылдық) қаржылық есептілігін және аралық (жартыжылдық) шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту;
- Директорлар кеңесінің «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы таза табысын бөлу тәртібі және «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бір жай акциясына есептегендегі 2021 жылғы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- Компанияның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу.

Ішкі аудит

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған жылдық аудит-торлық жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған бюджетін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдау.

Корпоративтік басқару

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы жылдық есебін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлерінің, корпоративтік хатшысының және Ішкі аудит қызметі басшысының 2022 жылға арналған негізгі уәждемелік көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есепті бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылы атқарылған жұмыстар туралы жылдық есебін мақұлдау.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

- АҚ мен оның ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның ЕББҰ-ның 2023 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін бекіту.

Директорлар кеңесі сондай-ақ Компанияның ЕББҰ қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналыстарының құзыретіне жатқызылған бірқатар мәселелерді қарады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Арнайы құзыреттерді талап ететін неғұрлым маңызды мәселелерге қатысты ұсынымдарды қарау және дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесінің жанынан үш комитет: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Кадр және сыйақылар жөніндегі комитет, Ішкі аудит жөніндегі комитет құрылды. Комитет мүшелері Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады.

Комитеттер Компанияны басқарудың жекелеген мәселелерін белсенді талқылау және егжей-тегжейлі талдау мақсатында құрылған. Комитеттер Директорлар кеңесі берген өкілеттіктерге және Комитеттер туралы тиісті ережелерге сәйкес Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет мүшелері Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады. Комитеттердің функциялары, құқықтары мен міндеттері, оларды қалыптастыру және олардың жұмысын ұйымдастыру тәртібі тиісті ішкі құжаттарда белгіленген. Бұл құжаттар Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

180

МӘСЕЛЕ

Компанияның Директорлар кеңесі қарап, қабылдаған шешімдері



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен және Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Комитеттің сандық құрамын Компанияның Директорлар кеңесі айқындайды, бұл ретте Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

КОМИТЕТТІҢ ОТЫРЫСТАРЫ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ ҚАРАЙ, БІРАҚ КЕМІНДЕ АЛТЫ АЙДА БІР РЕТ ӨТКІЗІЛЕДІ.

4 ОТЫРЫС

2022 жылы Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті өткізді

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ (ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 25 ҚАРАШАДАҒЫ ШЕШІМІМЕН САЙЛАНДЫ)

Аты-жөні	Лауазымы
Адриан Фрейсине	Тәуелсіз директор, төраға
Винишиус Агостини Алвес	Тәуелсіз директор
Альберто Мартинес Лопес	Тәуелсіз директор

Комитеттің рөлі

Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің негізгі міндеті Директорлар кеңесіне Компанияның даму стратегиясы мәселелері бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау және дайындау, оның ішінде қызметтің басым бағыттарын айқындау, сондай-ақ орнықты даму болып табылады.

2022 жыл ішінде Комитеттің үш бетпе-бет отырысы және бір отырыс сырттай дауыс беру арқылы өткізілді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар қаралды және әзірленді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына «ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және «ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылғы бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар дайындау үшін «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру туралы;
- 2021 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ орнықты даму жүйесін дамыту мен жұмыс істеу қорытындылары бойынша есепті қарау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құны бойынша 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарларын бекіту бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ миноритарлық акционерлерімен өзара іс-қимыл туралы мәселе бойынша ұсынымдар туралы;
- Ресей Федерациясына қарсы санкциялардың «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның еншілес және бірлесіп-бақыланатын ұйымдарының қызметіне тигізетін әсері туралы жаңартылған ақпаратты қарау туралы.

КАДР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитет мүшелерінің көпшілігі, соның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы және Бас директоры (Басқарма төрағасы) Комитет мүшелері болмауға тиіс.

КОМИТЕТТІҢ ОТЫРЫСТАРЫ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ ҚАРАЙ, БІРАҚ ЖЫЛЫНА КЕМІНДЕ ЕКИ РЕТ ӨТКІЗІЛЕДІ.

10 ОТЫРЫС

2022 жылы Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет өткізді

КАДРЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ (КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 25 ҚАРАШАДАҒЫ ШЕШІМІМЕН САЙЛАНДЫ)

Аты-жөні	Лауазымы
Альберто Мартинес Лопес	Тәуелсіз директор, төраға
Винишиус Агостини Алвес	Тәуелсіз директор
Адриан Фрейсине	Тәуелсіз директор

Комитеттің рөлі

Кадр және сыйақылар жөніндегі комитет қызметінің негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелерін, Бас директорды (Басқарма төрағасын) және Басқарма мүшелерін, корпоративтік хатшыны іріктеуге, тағайындауға (сайлауға), бағалауға және марапаттауға байланысты оның өкілеттіктерін іске асыру кезінде жәрдем көрсету болып табылады.

2022 жыл ішінде Кадр және сыйақылар жөніндегі комитеттің үш бетпе-бет отырысы және сырттай дауыс беру арқылы жеті отырыс өткізілді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар қаралды және әзірленді:

- басшы қызметкерлер қызметінің 2022 жылға арналған мотивациялық негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту мәселесі бойынша ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшы қызметінің 2022 жылға арналған мотивациялық негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту мәселесі бойынша ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ омбудсмені қызметінің 2022 жылға арналған корпоративтік және функционалдық негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту мәселесі бойынша ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ омбудсменінің 2021 жылғы жұмыс нәтижелері туралы есепті қарау мәселесі бойынша ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы қызметкерлері мен корпоративтік хатшы қызметінің 2021 жылғы іс жүзіндегі мәндерімен және қорытынды нәтижелілігімен бірге негізгі мотивациялық көрсеткіштерін бекіту туралы мәселе бойынша ұсынымдар туралы.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



ІШКІ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитет құрамына кіретін Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Қажет болған жағдайда Комитет отырыстарына Комитет төрағасының шақыруы бойынша аудит нәтижелерін бірлесіп қарау мақсатында Компанияның жетекші серіктесі және/немесе сыртқы аудитору — «Эрнст энд Янг» ЖШС-нің басқа да өкілдері қатыса алады.

ІШКІ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ОТЫРЫСТАРЫ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ ҚАРАЙ, БІРАҚ ТОҚСАНЫНА КЕМІНДЕ БІР РЕТ ӨТКІЗІЛЕДІ.

8 ОТЫРЫС

2022 жылы Ішкі аудит жөніндегі комитет өткізді

ІШКІ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ (КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 25 ҚАРАШАДАҒЫ ШЕШІМІМЕН САЙЛАНДЫ)

Аты-жөні	Лауазымы
Винишиус Агостини Алвес	Тәуелсіз директор, төраға
Адриан Фрейсине	Тәуелсіз директор
Альберто Мартинес Лопес	Тәуелсіз директор

Комитеттің рөлі

Ішкі аудит жөніндегі комитеттің қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, активтерді бағалау, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер бойынша жәрдем көрсетуге бағытталған.

Есепті кезеңде Ішкі аудит жөніндегі комитет үш бетпе-бет отырыс және сырттай дауыс беру арқылы бес отырыс өткізді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірленді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктерін алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша есебін алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларын сақтау жөніндегі ақпаратты және «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлеріне өткізілген оқыту нәтижелері бойынша 2021 жылғы есепті қарау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған бюджетін алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі аудит қызметі мен оның басшысының 2023 жылға арналған қызметінің негізгі функционалдық көрсеткіштерін алдын ала мақұлдау туралы.

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамына, міндеттеріне және құзыреттеріне қойылатын талаптар және Комитеттердің отырыстарын өткізу тәртібі туралы қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсындағы «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдарының тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларында белгіленген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы Бас директоры (Басқарма төрағасы) осы органдағы жұмысы үшін сыйақы алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары бойынша қосымша ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындағаны үшін тәуелсіз директорлар:

- жылына 80 мың АҚШ доллары мөлшерінде белгіленген сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің бетпе-бет отырыстарына қатысқаны үшін 1 мың АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директорларға Компанияның Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің тәуелсіз директордың тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеледі.

Компанияның тәуелсіз директорларына олардың 2022 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша есептелген сыйақының жалпы мөлшері салықтарды қоса алғанда, 137 277 мың теңгені құрады.

2022 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРЫНА ЕСЕПТЕЛГЕН СЫЙАҚЫ, МЫҢ ТЕҢГЕ

Тәуелсіз директор	Жылдық сыйақы	Комитеттердің күндізгі отырысына қатысқаны үшін	Салықтарды шегергендегі жиыны	Барлығы, салықтарды қоса алғанда
Винишиус Агостини Алвес	37 060	3 688	40 748	45 879
Адриан Фрейсине	37 060	3 688	40 748	45 629
Альберто Мартинес Лопес	37 060	3 688	40 748	45 769
Итого:	111 180	11 064	122 244	137 277

КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРЫНЫҢ СЫЙАҚЫ ШАМАСЫНЫҢ СЕРПІНІ, МЫҢ ТЕҢГЕ, САЛЫҚТАРДЫ ҚОСА

2022	137 277
2021	130 156
2020	127 106



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Басқарма

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БАСҚАРМАСЫ КОМПАНИЯНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ БАСШЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН АЛҚАЛЫ АТҚАРУШЫ ОРҒАН БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Басқарма қызметінің негізгі мақсаттары Компания алдында тұрған міндеттерді тиімді орындауды қамтамасыз ету және Даму стратегиясын іске асыру болып табылады. Осы мақсаттарды орындау кезінде Басқарма мынадай негізгі қағидаттарды басшылыққа алады: әділдік, адалдық, парасаттылық, сақтаушылық, тұрақтылық, сондай-ақ Компания акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін барынша сақтау және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдеріне есеп беру.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес:

- 2022 жылғы 14 қаңтарда Димаш Досановтың Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2022 жылғы 23 ақпаннан бастап Талғат Құрманбаев Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) болып сайланды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының құрамында алты мүше болды.

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компанияның Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен, Басқарма туралы ережемен және Компанияның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарманы Директорлар кеңесі қалыптастырады және Компанияның мақсаттарына қол жеткізу бойынша атқарған жұмысы үшін Директорлар кеңесінің алдында есеп береді. Басқарманы оның жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін

Бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржылық және адами ресурстарды бөлуге жауапты болады.

Компания Басқармасы қызметінің өкілеттіктері мен нәтижелері туралы қосымша ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

Аты-жөні	Лауазымы
Талғат Құрманбаев	Бас директор (Басқарма төрағасы)
Сәбит Арынов	Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
Эрик Сағиев	Бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары
Әміржан Оспанов	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Ғазиз Қошанов	Әлеуметтік-еңбек қатынастары және жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директор
Жайдарман Исаков	Заң мәселелері жөніндегі басқарушы директор



ТАЛҒАТ ҚҰРМАНБАЕВ

Бас директоры
(Басқарма төрағасы)

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
1979 жылы 8 шілдеде туған.

2000 жылы М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетін (ҚАЗМЗУ) «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. 2006 жылы Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық техникалық университетін «Газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай қоймаларын жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2000 жылы «Мұнай-Транско» БК ЖАҚ менеджері болып бастаған. Әр жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазМұнай-Теңіз» ҰК «АҚ», «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Самұрық-Қазына» АҚ-да жұмыс істеді.
- 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейін: «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2020 жылғы ақпаннан бастап 2022 жылғы ақпанға дейін: Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары.
- 2022 жылғы 23 ақпаннан бастап осы уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).
- 2022 жылғы 12 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

- Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



СӘБИТ АРЫНОВ

Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары*

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
1977 жылы 29 маусымда туған.

1999 жылы Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы, техникасы» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі — тау-кен инженері. Назарбаев Университетінің іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) дәрежесіне ие.

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1999 жылы Атырау НПС технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарь болып бастады. Әр жылдары пайдалану бөлімінің инженері, диспетчер, Орал мұнай құбыры басқармасы мен Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының бас инженері және «Терминал-лекс» ЖШС бас директоры, пайдалану департаментінің директоры және «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының директоры болып жұмыс істеді.
- 2018 жылғы қаңтардан бастап 2022 жылғы сәуірге дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының орынбасары.
- 2022 жылғы 1 наурыздан бастап 2023 жылғы 2 наурызға дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары.
- 2018 жылғы 3 қаңтардан бастап 2023 жылғы 2 наурызға дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

- «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- «МұнайТас» СБҚК» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компанияның 7 567 дана немесе орналас-тырылған акциялардың жалпы санының 0,00197% акцияларына иелік етеді.
- ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



ЭРИК САҒИЕВ

Бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
1984 жылы 22 қыркүйекте туған.

М. Өтемисова атындағы Батыс Қазақстан университетін Техно-логиялық машиналар мен жабдықтар мамандығы бойынша, М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетін (ҚАЗМЗУ) «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2002 жылы Bonatti SpA құрылыс компаниясында материалдық-техникалық жабдықтау маманы болып бастады. Әр жылдары Karachaganak Petroleum Operating B. V, «Интергаз-строй» АҚ, Top-Oil Srl, «Стройгазконсалтинг» ЖШС-да жұмыс істеді.
- 2016 жылғы сәуірден бастап 2021 жылғы маусымға дейін: «Сарыарқа» Астана қаласы кәсіпкерлер қауымдастығының Басқарма төрағасы, «Атамекен» ҰКП Өңірлік кеңесінің мүшесі.
- 2022 жылғы наурыздан бастап 2022 жылғы сәуірге дейін: Бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары — «ҚазТрансОйл» АҚ ЦУТН» филиалының директоры.
- 2022 жылғы 11 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары.
- 2022 жылғы 5 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі.

- «Батуми мұнай терминалы» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы.
- «Батуми теңіз порты» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы.
- Petrotrans Limited компаниясының директоры.
- ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.
- Компания акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.

*Компанияның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, 2023 жылғы 2 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі Сәбит Арыновтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.





- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары
- Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Директорлар кеңесі
- Басқарма
- Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
- Тәуекелдерді басқару
- Ішкі бақылау жүйесі
- Ішкі аудит
- Сыртқы аудит
- Корпоративтік этика
- Мүдделер қақтығысын басқару
- Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



ӘМІРЖАН ОСПАНОВ

Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы. 1975 жылы 14 желтоқсанда туған.

1998 жылы С. Сейфуллин атындағы Аграрлық университетті «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірген. 2010 жылы Роберт Гордон университетін (Роберт Гордон университеті) MBA дәрежесімен бітірді.

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1998 жылы С. Сейфуллин атындағы Аграрлық университетте ассистент болып бастаған. Әр жылдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінде, «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, NCOС, «АЛМЭКС Плюс» ЖШС, BI Development, Otau Development ЖШС, «Қазкоммерц-банк» АҚ-да жұмыс істеді.
- 2018 жылғы шілдеден бастап 2021 жылғы шілдеге дейін: «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ бизнес-жоспарлау департаменті директорының орынбасары, бөлім бастығы.
- 2021 жылғы шілдеден бастап 2022 жылғы маусымға дейін: «Drilling & Services» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.
- 2022 жылғы 15 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.
- 2022 жылғы 15 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

- «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компания мен ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның өнім жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.
- Компания акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



ҒАЗИЗ ҚОШАНОВ

Әлеуметтік-еңбек қатынастары және жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директор

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы. 1964 жылы 13 қаңтарда туған.

1988 жылы А. Сағынов атындағы Қарағанды политехникалық институтын «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы бойынша бітірген. 2005 жылы Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай қоймаларын жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген. 2019 жылы И. М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетін MBA дәрежесімен «Энергетикалық бизнесті басқару. Жобаларды басқару» мамандығы бойынша бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1988 жылы Жезді кен басқармасының байыту фабрикасының ауысым шебері болып бастаған. Әр жылдары «Қазақойл-Продактс» ЖШС, «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ, «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-да жұмыс істеді.
- 2017 жылғы қарашадан бастап 2019 жылғы сәуірге дейін: «ҚазМұнай-Газ-Аэро» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары, бас директорының даму жөніндегі орынбасары, бас директорының кеңесшісі.
- 2019 жылғы сәуірден бастап 2022 жылғы сәуірге дейін: «PetroRetail PFS» ЖШС бас директорының орынбасары.
- 2022 жылғы 11 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік-еңбек қатынастары және жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директоры.
- 2022 жылғы 15 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, ІАҚ жүргізген тексеру нәтижелерін талдау, сондай-ақ Жедел желілердің байланыс арналары арқылы ішкі тергеу нәтижелері, Компанияның негізгі бизнес-процестерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауына ішкі талдау жүргізу.
- Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту/алдын алу/жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын уақытылы орындау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту/алдын алу/жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізу.
- Компанияның жаңадан қабылданған қызметкерлеріне «ҚазТрансОйл» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі құжаттарымен, Іскерлік этика кодексімен кіріспе нұсқаулықтар жүргізу, мүдделер қақтығысын реттеу.
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау, сондай-ақ алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша профилактикалық, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу

276 Қолданыстағы бағдарламалық жасақтаманың істен шығуы (жоғалуы)

277 Қолданыстағы серверлік жабдықтың істен шығуы

Тәуекелдерді және олардың тәуекел-факторларын басқару үшін жоспарланатын іс-шаралар

- Бағдарламалық жасақтаманы техникалық қолдауды қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу.
- Бағдарламалық жасақтамаға өзгерістер енгізу регламентінің орындалуын қамтамасыз ету.
- Бағдарламалық жасақтаманың резервтік көшірмесін жасау.
- Серверлік жабдық компоненттерінің қайталануын (резервін) қамтамасыз ету.
- Техникалық қолдау немесе қызмет көрсету шарттарының уақытылы орындалуын бақылауды қамтамасыз ету (оның ішінде ең жоғары жүктемелерді есепке алу).
- Серверлік жабдықты пайдалану қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету.

Ішкі бақылау жүйесі

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ТӘН ПРОЦЕСТІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ УАҚЫТЫЛЫ АНЫҚТАУҒА ЖӘНЕ ТАЛДАУҒА, СОНДАЙ-АҚ ОСЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ БАҚЫЛАУ РӘСІМДЕРІН АЙҚЫНДАУ МЕН ТАЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН (ІБЖ) ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ МАҚСАТЫНДА ҮШ НЕГІЗГІ САЛА — ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ САЛАЛАРЫНДА 2022 ЖЫЛЫ КЕЛЕСІ ІС-ШАРАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ:

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) бекіткен «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесі бойынша жұмыстардың 2023 жылға арналған күнтізбелік жоспар-кестесіне сәйкес бизнес-процестер бойынша тәуекелдер мен бақылаудың блок-схемалары мен матрицаларын әзірлеу және бекіту, бақылау рәсімдері дизайнының тиімділігін талдау туралы есептерді дайындау жоспарланған.

1 «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты жаңа редакцияда бекітілді;

2 «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің регламенті жаңа редакцияда бекітілді;

3 «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер мен бақылау матрицасы бекітілді.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



Ішкі аудит

КОМПАНИЯНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ ТІКелей БАҒЫНАДЫ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕДІ.

Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару рәсімдерін жетілдіруде жүйелік рәсімдерді енгізу арқылы Компанияның тиісті басылығын қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Директорлар кеңесіне ұсыну болып табылады.

Өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компанияның Жарғысын, сондай-ақ мынадай ішкі құжаттардың ережелерін басшылыққа алады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да ішкі аудит қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқама.

Халықаралық ішкі аудит кәсіптік стандарттарының (ХИАКС) және Ішкі аудиторлар институты әзірлеген Этика кодексінің және базалық қағидаттары Ішкі аудит қызметінің негізіне алынады.

2022 жылы Ішкі аудит қызметінің 2022 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес жеті аудиторлық тексеру жүргізілді. Атап айтқанда, «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ, «Батуми теңіз порты» ЖШҚ, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС, сондай-ақ Маңғыстау, Жезқазған және Ақтөбе мұнай құбыры басқармаларында өндірістік, операциялық, қаржылық процестердің

кешенді аудиттері орындалды. 2022 жылы ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулердің нәтижелері бойынша барлығы 103 жағдай анықталып, 209 ұсыным берілді.

Ішкі аудит қызметі берген ұсынымдар бойынша аудит объектілері Табылған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі және бекітті.

2023 жылы Ішкі аудит қызметінің жұмысы аясында мыналар жоспарланды:

- Компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша бизнес-процестердің, саясаттардың, рәсімдердің тиімділігіне бағалау жүргізу;
- Компанияның ішкі аудит қызметі және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ берген ұсынымдардың орындалуына мониторингті жүзеге асыру.

Сыртқы аудит

КОМПАНИЯ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ДӘЙЕКТІЛІГІН РАСТАУ МАҚСАТЫНДА ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ТАРТАДЫ.

Компанияның сыртқы аудитормен өзара іс-қимылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатымен реттеледі. Осы Саясаттың мақсаты аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда), олардың таңдауы бойынша біріздендірілген рәсімдерді енгізу, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ аудиторларының аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсыну кезінде тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

Аудиторлық ұйымды таңдау кезінде пайдаланылатын негізгі өлшем-шарттар: қызметтердің сапасы; қызметтер көрсетудің жеделдігі және уақтылығы; қызметтердің құны болып табылады.

Бұл ретте аудиторлық ұйым қызметтерінің сапасы мынадай факторлармен:

- аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейімен;
- қазақстандық және халықаралық нарықта аудиторлық ұйым мамандарының жұмыс тәжірибесімен;
- мұнай-газ саласындағы аудиторлық ұйым мамандарының білімімен;
- Қазақстанда мамандандырылған болуымен (экономикалық мұнай-газ секторында ХҚЕС-ке сәйкес есепке алу мәселелері бойынша сарапшылардың) немесе аудиторлық ұйымның осындай топты құру туралы міндеттемені ұсынуымен айқындалады.

2021 жылғы 12 қарашада Компанияның Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілігінің аудиті үшін ҚҚС-ны есептегенде 252 442 000 теңге сомасында аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындады. 2022 жылғы 25 қаңтарда Компания Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында «Эрнст энд Янг» ЖШС-ны Компанияның 2022-2024 жылдарға арналған аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым деп айқындау туралы шешім қабылданды.

Қаржылық есептілік аудиті қызметтері үшін аудиторлық ұйымға 2022, 2023 және 2024 жылдар үшін ҚҚС-ны ескере отырып төленетін жыл сайынғы сый-ақының мөлшері тиісінше 90 573 280 теңгені, 94 197 600 теңгені, 97 964 160 теңгені құрайды.

Есепті кезеңде «Эрнст энд Янг» ЖШС қаржылық есептілік аудитіне байланысты емес консультациялық қызметтер көрсеткен жоқ.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

Корпоративтік этика

КОМПАНИЯ ҰЖЫМЫ БИЗНЕСТІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІН ҚҰРАЙТЫН ЖӘНЕ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАЙТЫН ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН МИССИЯЛАРДЫ БІРІКТІРЕДІ.

Жоғары этикалық стандарттарға сәйкес бизнес жүргізуге мүмкіндік беретін қауіпсіздік, кәсібилік, тиімділік және сапа сияқты корпоративтік құндылықтар «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексінде бекітілген.

Кодекс сондай-ақ Компаниядағы іскерлік мінез-құлық қағидаттары мен нормаларын көздейді. Компания, лауазымды тұлғалар және жұмыскерлер өз қызметін бекітілген қағидаттар негізінде жүзеге асырады.



АШЫҚТЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АЙҚЫНДЫҚ



ЭТИКАЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ



ҚҰРМЕТТЕУ



ЗАҢДЫЛЫҚ



ӘДІЛЕТТІЛІК ЖӘНЕ МЕТОКРАТИЯ



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК



МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мүдделер қақтығысын басқару

«ҚазТрансОйл» АҚ Компанияның, оның акционерлері мен инвесторларының мүдделерінде шешімдер қабылдаудың әділ, объективті және тәуелсіз процесін қамтамасыз етуге, акционерлер мен менеджмент арасындағы мүдделер теңгерімін қолдауға және сенім мен іскерлік қатынастар мәдениетінің жоғары стандарттары мен этикалық нормалар негізінде олардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге ұмтылады. Қойылған міндеттерді орындау үшін Компания өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, Компанияның бизнес-процестеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, мүдделер қақтығысының алдын алу және оларды реттеу сияқты рәсімдерді регламенттейтін ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

Компанияның іскерлік мінез-құлық, мүдделер қақтығысын болдырмау және оларды реттеу мәселелерін реттейтін негізгі ішкі құжаттары:

- «ҚазТрансОйл» АҚ іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын басқару қағидалары болып табылады.

2022 жылы Компания бизнесті жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын ілгерілетуге, мүдделер қақтығысын басқаруға бағытталған келесі іс-шараларды іске асырды:


- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес лауазымдарға кандидаттардың және олардың жұбайларының активтері мен міндеттемелері/кірістері мен мүлкі туралы декларацияларды ұсынуын бақылау жүзеге асырылды, сондай-ақ Компаниядағы лауазымдарға кандидаттардың Компанияның лауазымды тұлғаларымен үлестестігі/кандидаттарды басшы лауазымдарға тағайындау кезінде мүдделер қақтығысының бар-жоғын, сондай-ақ аталған лауазымдарға кандидаттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімдерін ұсынуын тексеру жүргізілді;

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ, ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ИЕЛІК ЕТУ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ БӨЛІГІНДЕ ТАЛАПТАРДЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2022 жылы «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар мен Компанияның қызметіндегі өзгерістер туралы ақпараты бар 152 жарияланым орналастырылды. Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар мен Компанияның қызметіндегі өзгерістер туралы ақпараты бар 26 жарияланым орналастырылды.

2022 жылы Компанияның инсайдерлері болып табылатын 177 қызметкер «Инсайдерлік ақпарат: құқықтық реттеу және Компания мен оның инсайдерлік қызметкерлерінің жауапкершілік мәселелері» тақырыбына оқудан өтті. Оқу барысында инсайдерлік ақпаратты ашу ерекшеліктері, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланумен байланысты ықтимал тәуекелдер, осы саладағы

- Компанияда 2022 жылғы қарашада бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ контрагенттерінің сенімділігін тексеру регламентіне сәйкес Компания контрагенттерінің сенімділігін тексеру процесі енгізілді;
- қызметкерлердің хабардарлығын арттыру мақсатында 2022 жылғы сәуірде орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері, Компанияның оқшауланған құрылымдық бөлімшелері, кадр қызметтері басшыларының қатысуымен мүдделер қақтығысы жағдайларын ашу процесіне/мүдделер қақтығысының ықтимал жағдайларын анықтауға байланысты мәселелер бойынша селекторлық кеңес өткізілді;
- Компанияның басқарушы қызметкерлері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ енгізген Compliance Control жүйесінде мүдделер қақтығысының ықтималдығы туралы мәліметтерді ашты, оның қорытындылары бойынша Компания реттеуші шаралар қабылдады.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Корпоративтік басқару жүйесі мен оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**6. ҚОСЫМШАЛАР**

Омбудсмен институты

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА ҚАҒИДАТТАРЫН ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ЖАНЖАЛДАР МЕН ЭТИКАЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ БЕЙТАРАП РЕТТЕУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-ДА ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

Компания омбудсменінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысымен, Омбудсмен туралы ережесімен, «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексімен және өзге ішкі құжаттармен реттеледі.

Омбудсмен Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және осы органға есеп береді, бұл оның жұмысының тәуелсіздігін, бейтараптығы мен құпиялылығын қамтамасыз етеді. 2018 жылдың 1 қарашасынан бастап 2022 жылдың 19 мамырына дейін Серік Ишанбекұлы Ақбергенов Компанияның омбудсмендері болды.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да омбудсмендер институтын құру Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге және оны корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес келтіруге бағытталған, компанияда іскерлік әдептің таралуын, этика саласындағы барлық бұзушылықтарды, Компанияның ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасы заңнамасының

талаптарын тәуелсіз және бейтарап қарауды қамтамасыз етуге арналған.


Омбудсменнің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ жұмыскерлердің іскерлік этика қағидаларын сақтауына жәрдемдесу;
- даулар мен жанжалдардың алдын алу және оларды реттеу арқылы Компанияның рейтингі мен имиджін арттыруға жәрдемдесу;
- басшылар мен жұмыскерлер арасында бейресми байланыстарды қамтамасыз ету, осы негізде жетілдіруге арналған проблемалар мен бағыттарды уақтылы анықтау, Компания мен ЕББҰ саясаттары мен рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- стейкхолдерлерге Компаниямен өзара іс-қимыл барысында туындаған этикалық мәселелер бойынша жәрдем көрсету.

Омбудсменнің негізгі функциялары мыналар болып табылады:

- жүгінген жұмыскерлерге, еңбек дауларына, жанжалдарға қатысушыларға кеңес беру және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауды және қажет болған жағдайда құпиялылық қағидатын ескере отырып, өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдемдесу;
- жұмыскерлердің проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге, сондай-ақ жұмыскерлердің корпоративтік этика қағидаларын сақтауына жәрдемдесу;
- басшыларға жүйелік, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы дауларды (жанжалдарды) шешу және болдырмау бойынша, сондай-ақ корпоративтік этика қағидаттарын сақтау мәселелері бойынша кеңес беру;
- ұсынымдық сипаттағы, оның ішінде бұзылған құқықтар мен заңдық мүдделерді қалпына келтіруге бағытталған өзге де шаралар қабылдау.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

6. ҚОСЫМШАЛАР

ҚАРЖЫ- ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

192 – Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

196 – Активтер, капитал және міндеттемелер



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ
25 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ
ҚЫЗМЕТІНІҢ
НӘТИЖЕЛЕРІ

2 300 КМ

МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ
САЛЫНҒАН ЖӘНЕ АУЫСТЫРЫЛҒАН УЧАСКЕЛЕРІ





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

6. ҚОСЫМШАЛАР

Аталған бөлім Компания менеджменті тарапынан талқылау мен талдау нәтижесін білдіреді және «ҚазТрансОйл» АҚ ағымдағы қаржылық ережелері туралы ақпараттың ашылуына, өндірістік қызметтің нәтижелерінің және сыртқы ортаның Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне әсер етуіне бағытталған.

Осы шолу ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған «ҚазТрансОйл» АҚ аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделген және оны жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен және ілеспелі ескертулермен, сондай-ақ Есептің басқа бөлімдерінде берілген өзге де ақпаратпен бірге оқу ұсынылады.

Жиынтықты кіріс туралы шоғырландырылған есеп Компанияның және оның еншілес ұйымдары — БМТ, РТЛ, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС (Топ) кірістері мен шығыстарын енгізеді. «ҚҚҚ» ЖШС және «МұнайТас» ЖШС бірлескен-бақылау ұйымдарының қаржылық нәтижелері «Бірлескен-бақылау ұйымдарының пайдасындағы/ (шығынындағы) үлесі» бабы бойынша қатысу үлесінің әдісі бойынша көрсетіледі.

2022 жылы жалпы кірістердегі түсімнің үлесі 97,0%-ды құрады, ал 2021 жылы түсімнің үлесі 97,4%-ды құрады.

2022 жылғы түсім 255 627 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 7,3%-ға немесе 17 451 млн теңгеге жоғары.

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Топтың 2021 жылғы нәтижелермен салыстырғанда, 2022 жылы қол жеткізген қаржылық нәтижелерінің өзгеруі мынадай негізгі факторларға байланысты:

- сатудың өзіндік құнының өсуі;
- өзге де шығыстардың өсуі (оның ішінде негізгі құралдардың құнсыздануы);
- өзге де кірістердің төмендеуі;
- жалпы және әкімшілік шығыстардың ұлғаюы;
- қаржылық шығыстардың өсуі;
- түсімнің ұлғаюы;
- бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайда үлесінің ұлғаюы;
- бағамдық айырмадан кіріс алу;
- қаржылық табыстың өсуі.

2022 жылғы шоғырландырылған түсімнің көрсеткіші 255 627 млн теңгені құрады. Компанияның 2022 жылдың қорытындылары бойынша шоғырландырылған таза пайдасы 19 802 млн теңгені құрады.

ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛН ТЕҢГЕ

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгеріс 2022-2021, %
Түсім	235 222	238 176	255 627	7
Сатудың өзіндік құны	-163 017	-173 246	-219 435	27
Жалпы пайда	72 205	64 930	36 193	-44
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-16 614	-15 550	-16 539	6
Өзге операциялық кіріс	3 182	3 095	2 028	-34
Өзге операциялық шығыс	-3 604	-1 263	-13 923	1003
Операциялық пайда	55 170	51 213	7 758	-85
Бағамдық айырмадан түскен кіріс (залал), нетто	4910	-88	1 945	-2300
Қаржылық кіріс	3 055	3 201	4 029	26
Қаржылық шығындар	-3 775	-4 116	-4 779	16
Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы/ (шығынындағы)/ үлесі	9 730	12 788	15 974	25
Салық салынғанға дейінгі	69 090	62 998	24 926	-60
Табыс салығы бойынша шығыстар	-13 136	-12 391	-5 124	-59
Кезеңдегі шоғырландырылған пайда	55 954	50 607	19 802	-61

GRI 201-1

Шикі мұнайды тасымалдау

Компанияның шикі мұнай тасымалдаудан түскен түсімі 2021 жылғы фактімен салыстырғанда, 2022 жылы 6 933 млн теңгеге азайды, бұл негізінен экспортқа мұнайдың жүк айналымының 19,2%-ға (12 803 млн тн-км-ден 10 345 млн тн-км-ге дейін) төмендеуіне, бұл жүк жөнелтушілердің мұнайды, оның ішінде оның ішінде Қашаған кен орнынан, тапсыруының жалпы төмендеу нәтижесінде, сондай-ақ экспорттық көлемді ішкі нарыққа қайта бөлуге байланысты болды. Сонымен қатар, түсімнің төмендеуіне 2022 жылы ҚР ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі қызметке уақытша өтемдік тарифті қолдану әсер етті. Бұл төмендеу 2022 жылғы 1 маусымнан бастап экспорт тарифінің 20%-ға өсуі (1000 км-ге тоннасына 7 358,76 теңгеден 8 830,51 теңгеге дейін) және АҚШ долларының теңгеге шаққандағы айырбас бағамының өсу нәтижесінде ресейлік мұнайының Қытайға транзиті бойынша түсімнің ұлғаюы есебінен ішінара өтелді.

КІРІСТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҮЛЕСТІ ЕСЕПКЕ АЛМАҒАНДА), %

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2020	2021	2022
Түсім	95,5	97,4	97,0
Қаржылық кіріс	1,2	1,3	1,5
Өзге кіріс*	3,3	1,3	1,5

* Басқа операциялық кірістер, бағамдық айырмадан түскен кіріс, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіру, нетто

ТҮСІМ ҚҰРЫЛЫМЫ, МЛН ТЕҢГЕ

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгеріс 2022-2021, %
Түсім, оның ішінде:	235 222	238 176	255 627	7
Шикі мұнайды тасымалдау*	194 051	191 849	184 916	-4
Құбырды пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	17 067	18 091	24 064	33
Мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу және темір жол арқылы тасымалдау	6 152	7 044	22 499	219
Су беру	6 643	9 051	11 930	32
Мұнай және теңіз портының көлік экспедициясының қызметтері	6 620	7 192	8 537	19
Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлем	2 791	3 407	1 790	-47
Өзге түсім	1898	1 540	1 892	23

* «Шикі мұнайды тасымалдау» бөлімі «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбыры жүйесі бойынша жүзеге асырылатын мұнайды айдау, ағызу, құю және ауыстырып тиеу қызметтерін қамтиды.

Сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет

Магистральдық мұнай құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша түсім 33%-ға немесе 5 973 млн теңгеге ұлғайды, бұл 2022 жылы қызметтер құнының ұлғаюына және 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап «Аман» МАС-ның пайдалануға енгізілуіне байланысты болды.

Мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу және теміржол арқылы тасымалдау

2022 жылы Компанияның шетелдік еншілес кәсіпорындары (БМТ мен РТЛ) бойынша мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу мен тасымалдаудан түскен кіріс, өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, 219,4%-ға немесе 15 455 млн. теңгеге ұлғайды.

Бұл өсім, негізінен, мұнайды, мұнай өнімдерін, газ бен құрғақ жүктерді теміржолмен тасымалдау, ауыстырып тиеу және сақтау көлемінің ұлғаюына байланысты болып отыр.

Су беру

2021 жылғы сәуірде «Теңішевстрой» ЖШС-нан «Құлсары-Теңіз» техникалық су құбыры мен 2022 жылғы қарашада техникалық су сорғы станциясының (болашақ кезеңдердің кіріс амортизациясы) өтеусіз алынуы, 2022 жылғы 1 қазаннан бастап мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар үшін су тасымалдау тарифінің ұлғаюы (168%-ға, 504 теңге/текше метрден 1350,17 теңге/текше метрге), сондай-ақ мұнай-газ өндіруші кәсіпорындардың су алу көлемінің өсуі нәтижесінде су беруден түскен түсім 31,8%-ға немесе 2 878 млн теңгеге ұлғайды.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

6. ҚОСЫМШАЛАР

Мұнай және теңіз портының көлік экспедициясы қызметтері

Түсім 18,7%-ға немесе 1 345 млн теңгеге ұлғайды, бұл құрғақ жүктерді ауыстырып тиеу көлемінің және сүйреткіштерден түсетін кірістердің ұлғаюына байланысты.

Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлем

Есепті кезең ішінде толық жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлем 1 618 млн теңгеге (47,5%-ға) 3 407 млн теңгеден 1 790 млн теңгеге дейін ұлғайды. Мұнайдың толық берілмеген көлемі үшін түскен түсім мұнайды «айда немесе төле» талаптарында тасымалдауға жасалған шарттар негізінде танылады. Есепті 2022 жылы жүк жөнелтушілер мәлімдеген 1 134 мың тонна мұнайдың 701 мың тоннасы толық жеткізілмеді (тиісінше, 2021 жылы 1 377 мың тоннадан 1 184 мың тонна мұнай).

Өзге түсім

2021 жылғы фактімен салыстырғанда, 2022 жылы өзге түсімдер 22,8%-ға немесе 352 млн теңгеге ұлғайды, бұл негізінен БМТ есепке алу жүйесіндегі өзгерістер (ауыстырып тиеуге байланысты операциялар бойынша бөлек есепке алуды енгізу) нәтижесінде сақтаудан және ауыстырып тиеуге және тасымалдауға байланысты операциялардан түсетін кірістердің өсуіне байланысты.

Қаржылық кірістер

2022 жылы қаржылық кірістер 4 029 млн теңгені құрады және негізінен сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту есебінен банктерде орналастырылған салымдар мен Топтың ағымдағы шоттары бойынша пайыздық кірістердің ұлғаюына байланысты.

Шығындар

2022 жылғы жалпы шығыстар 254 676 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы жалпы шығыстардан 31%-ға жоғары (194 175 млн теңге).

ШЫҒЫСТАР ҚҰРЫЛЫМЫ, %

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2020	2021	2022
Өткізудің өзіндік құны	87,2	89,2	86,2
Жалпы және әкімшілік шығыстар	8,9	8,0	6,5
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	0,0	0,2	5,1
Қаржылық шығыстар	2,0	2,1	1,9
Өзге шығыстар*	1,9	0,7	5,5

* Бағамдық айырмадан болған өзге операциялық шығыс пен залал, нетто

2022 жылы сату құны 219 435 млн теңгені құрайды, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 27%-ға немесе 46 188 млн теңгеге артық. Өсу, негізінен, келесі факторларға:

- Топтың өндірістік персоналының жалақысын индекскеу, сондай-ақ Компанияда еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге байланысты персоналға арналған шығыстардың ұлғаюына;
- теміржол қызметтері үшін шығыстардың ұлғаюы, негізінен, мұнай мен газ тасымалдау көлемінің өсуіне, сондай-ақ газ тасымалдау қызметтерін көрсетуге тарифтің ұлғаюына байланысты;
- күзет бойынша шығыстардың ұлғаюы негізінен мердігер персоналының жалақысын индекскеу нәтижесінде көрсетілетін қызметтер құнының ұлғаюына;
- 2022 жылдың аяғындағы негізгі құралдардың баланстық құнын ұлғайту нәтижесінде, оның ішінде негізгі құралдарды толық бағалау есебінен, негізінен мүлік салығы есебінен салықтар бойынша шығыстардың ұлғаюына;
- энергия тарифтерінің, сондай-ақ мұнай құю және құрғақ жүктерді (БМТ) ауыстырып тиеу көлемдерінің өсуіне байланысты электр энергиясы бойынша шығыстардың ұлғаюына байланысты болды.

Сонымен қатар, 2021 жылмен салыстырғанда, есепті кезеңде жекелеген баптар бойынша шығыстардың төмендегені байқалды, оның ішінде:

- 2021 жылмен салыстырғанда, ластанған жерлерді (тарихи ластану) қалпына келтіру бойынша жүргізілген жұмыстар көлемінің азаюына байланысты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шығыстар.

САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2020	2021	2022
Персонал шығындары	34,8	35,5	40,6
Тозу және амортизация	32,6	30,1	24,4
Отын және материалдар	5,2	5,4	4,1
Табыс салығынан басқа салықтар	5,2	5,4	5,0
Негізгі құралдарды ұстауға, жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстар	5,2	4,8	4,0
Электр энергиясы	4,4	5,0	4,4
Күзет бойынша қызметтер	3,5	3,5	4,4
Газ шығындары	1,6	1,7	1,5
Темір жол қызметтері	1,5	1,6	6,0
Тамақтану және тұру	1,2	1,2	1,0
Иссапар шығыстары	0,4	0,5	0,4
Қоршаған ортаны қорғау	1,0	1,4	0,7
Авиациямен қарауылдау қызметтері	0,3	0,3	0,3
Өзгелері	0,0	0,3	0,3

2022 жылы жалпы және әкімшілік шығыстар 16 539 млн теңге, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 6%-ға төмен (15 550 млн теңге).

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2020	2021	2022
Персонал шығындары	57,6	63,2	66,8
Тозу және амортизация	9,7	9,4	8,7
Қайырымдылық шығындары	8,7	0,0	0,0
Кеңсеге қызмет көрсету	3,2	3,7	3,0
Консультациялық қызметтер	1,8	2,1	2,6
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті есептеу	1,7	5,8	1,8
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	1,6	1,8	2,1
Аутстаффинг қызметтері	1,6	1,7	1,8
Қысқа мерзімді резервтер бойынша шығыстарды есептеу	1,5	0,0	0,0
Табыс салығынан басқа салықтар	1,5	2,1	1,6
Материалдар мен отын	1,5	0,4	0,4
Өтеуге ҚҚС есептен шығару бойынша шығыстар	1,2	0,5	0,8
Ақпараттық қамтамасыз ету	0,9	0,9	0,9
Байланыс қызметтері	0,7	0,8	0,6
Иссапар шығыстары	0,5	1,4	1,5
Банк қызметтері	0,4	0,4	0,4
Сақтандыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету	0,3	0,3	0,3
Жарнама бойынша шығыстар	0,1	0,1	0,1
Өзгелері	5,5	5,4	6,4

Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы үлесі

Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржылық нәтижелеріндегі Компания пайдасының танылған үлесі 2021 жылғы 12 788 млн теңгеден 2022 жылы 15 974 млн теңгеге дейін ұлғайды.

БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН ҰЙЫМДАРДЫҢ ПАЙДАСЫНДАҒЫ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҮЛЕСІ, МЛН ТЕҢГЕ

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгеріс 2022-2021, %
«МұнайТас» СБҚК» ЖШС таза пайдасындағы үлес	1 238	1 180	1 248	5,8
«ҚҚК» ЖШС пайдасындағы үлес	8 492	11 608	14 726	26,9
Жиыны:	9 730	12 788	15 974	24,9

«ҚҚК» ЖШС. «ҚҚК» ЖШС-ның 2022 жылғы таза пайдасы 29 451 млн теңгені құрады, Компанияның тиісті үлесі — 14 726 млн теңге.

«МұнайТас» СБҚК» ЖШС. «МұнайТас» СБҚК» ЖШС-ның 2022 жылғы таза пайдасы 2 447 млн теңгені құрады, Компанияның тиісті үлесі — 1 248 млн теңге.

Бірлесіп-бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы Компания үлесінің ұлғаюы, негізінен, мұнай тасымалдаудан түсетін кірістің өсуімен байланысты.

Табыс салығы

2022 жылы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 5 124 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылдың қорытындылары бойынша қалыптасқан көрсеткіштен 58,6%-ға төмен (12 391 млн теңге).

КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР, МЛН ТЕҢГЕ

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгеріс 2022-2021, %
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	17 315	16 164	11 145	-31
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнем	-4 180	-3 773	-6 021	60
Табыс салығы	13 136	12 391	5 124	-59

2021 жылғы фактімен салыстырғанда, 2022 жылы шоғырландырылған жалпы және әкімшілік шығыстардың ұлғаюы, негізінен, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап индекскеу нәтижесінде Компанияның және «Магистральдық Суағызғы» ЖШС әкімшілік персоналының жалақысының ұлғаюына байланысты.

Сонымен қатар, есепті кезеңде салықтар бойынша резервтер азайды (2021 жылы БМТ-ға мұнай өнімдерін түгендеу және 2021 жылғы салықтық тексеру нәтижелері бойынша салықтар мен айыппұлдар бойынша резервтер есептелді).

Қаржылық шығындар 4 779 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 663 млн теңгеге жоғары. Өсім, негізінен, МАС пайдаланудан шығару бойынша жаңа резервтерді есептеу нәтижесінде бағалау міндеттемелері бойынша дисконт амортизациясының ұлғаюымен байланысты.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП****5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

6. ҚОСЫМШАЛАР

Активтер, капитал және міндеттемелер

АКТИВТЕР, КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, МЛН ТЕҢҒЕ

Шоғырландырылған көрсеткіштер	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
	2020	2021	2022	Өзгеріс 2022-2021, %
Активтер	859 162	983 163	1 235 418	26
Ұзақ мерзімді активтер	748 298	901 119	1 114 340	24
Ағымдағы активтер	110 865	82 043	121 078	48
Меншікті капитал және міндеттемелер	859 162	983 163	1 235 418	26
Меншікті капитал	652 518	737 108	912 453	24
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	127 578	167 447	231 362	38
Ағымдағы міндеттемелер	79 066	78 607	91 602	17

2022 жылы Компанияның активтері 26%-ға ұлғайды. Мыналар активтер құнының негізгі ұлғаюы факторлары болып табылады:

- қайта бағалау нәтижесінде Топтың негізгі құралдарының құнын арттыру;
- есепті кезеңде осы ұйымдардың алынған пайдасындағы үлестің есебінен бірлесіп-бақыланатын

ұйымдарға инвестициялар құнын ұлғайту, сондай-ақ қайта бағалау нәтижесінде олардың негізгі құралдары құнының өсуі;

- өнім жеткізушілерге негізгі құралдар үшін берілген аванстардың өсуі, негізінен «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта құру және кеңейту» 1-кезек жобасы бойынша.

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, МЛН ТЕҢҒЕ

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгеріс 2022-2021, %
Құбырлар	235 930	244 029	288 749	18
Технологиялық мұнай	100 346	201 418	223 788	11
Машиналар мен жабдық	142 242	173 967	246 416	42
Ғимараттар мен құрылыстар	85 467	84 747	114 312	35
Аяқталмаған құрылыс	53 202	49 635	28 277	-43
Жер	25 676	26 148	35 758	37
Көлік активтері	18 650	18 037	25 560	42
Басқалар	5 969	5 092	11 735	130
Жиыны:	667 480	803 073	974 596	21

Меншікті капитал 24%-ға немесе 175 345 млн теңгеге ұлғайды, бұл, негізінен, активтерді қайта бағалау бойынша резервтер сомасының ұлғаюына байланысты.

Компанияның 2022 жылдың қорытындылары бойынша ағымдағы міндеттемелері 91 602 млн теңгені құрады, 2021 жылмен салыстырғанда, 12 995 млн теңгеге ұлғаю (78 607 млн теңге), негізінен, сатып алушылармен жасалған шарттар, төлеуге салынатын салықтар және өзге де ағымдағы міндеттемелер бойынша міндеттемелердің өсуіне байланысты.

Тиімділік көрсеткіштері**ТИІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Негізгі қаржылық көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгеріс 2022-2021, %
EBITDA*, млн теңге	110 382	103 038	74 527	-28
EBITDA маржасы (EBITDA түсімге қатысы), %	46,9	43,3	29,2	-33
Жалпы пайданың нормасы (жалпы пайданың түсімге қатынасы), %	30,7	27,3	14,2	-48
Таза пайда нормасы (таза пайданың түсімге қатынасы), %	23,8	21,2	7,7	-64

* Көрсеткіш «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 24 маусымдағы шешімімен бекітілген «EBITDA» түзетілген ҚНҚ-да көзделген түзетулер ескерілмей есептелген.

Төменде көрсетілген кестеде есепті жылдағы пайда бойынша деректерге сүйене отырып, EBITDA операциялық көрсеткішінің құраушылары туралы ақпарат берілген.

EBITDA КӨРСЕТКІШІН ЕСЕПТЕУ, МЛН ТЕҢҒЕ

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгеріс 2022-2021, %
Есепті жылдағы пайда	55 954	50 607	19 802	-61
+ табыс салығы бойынша шығыстар	13 136	12 391	5 124	-59
Салық салынғанға дейінгі пайда	69 090	62 998	24 926	-60
+ бағамдық айырмадан шығын (нетто)	-	88	0	-100
- бағамдық айырмадан түскен кіріс (нетто)	4 910	0	1 945	100
+ қаржылық шығындар	3 775	4 116	4 779	16
- қаржылық кіріс	3 055	3 201	4 029	26
+ бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың шығынындағы үлестер	-	0	0	0
- бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	9 730	12 788	15 974	25
Операциялық пайда	55 170	51 213	7 758	-85
+тозу және амортизация	54 791	53 658	54 874	2
+ өзге операциялық шығыс	3 604	926	1 011	9
- өзге операциялық табыс	3 168	3 095	2 028	-34
-құнсыздандуды қалпына келтіру / негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің (құнсыздандуы), нетто	14	-336	-12 912	3738
EBITDA*	110 382	103 038	74 527	-28

* Көрсеткіш «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 24 маусымдағы шешімімен бекітілген «EBITDA» түзетілген ҚНҚ-да көзделген түзетулер ескерілмей есептелген.

ТИІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ, %

Атауы	2020	2021	2022
ROA (таза пайда/активтердің орташа айлық сомасы)	6,3	5,5	1,8
ROE (таза пайда/меншікті капиталдың орташа айлық сомасы)	8,3	7,3	2,4



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

6. ҚОСЫМШАЛАР

Өтімділік және қаржылық орнықтылық көрсеткіштері

Компанияның өтімділігі мен қаржылық тұрақтылығының негізгі көзі негізгі қызмет нәтижесінде алынған ақша қаражаты болып табылады.

Өтімділік көрсеткіші Компанияның ағымдағы активтеріне сүйене отырып, қысқа мерзімді міндеттемелерін орындау қабілетін сипаттайды. Жалпы (ағымдағы) өтімділік коэффициенті ағымдағы міндеттемелер ағымдағы активтермен қаншалықты дәрежеде жабылатынын сипаттайды. Төмендегі кестеден көріп отырғанымыздай, ағымдағы міндеттемелердің орташа 1 теңгесі ағымдағы активтердің 1,32 теңгесі өтеледі.

ӨТІМДІЛІК КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ

Шоғырландырылған көрсеткіштер	Нормативтік критерийлер	2020	2021	2022
Жалпы өтімділік коэффициенті (ағымдағы активтер / ағымдағы міндеттемелер)	1,5–2,5	1,40	1,04	1,32
Жылдам өтімділік коэффициенті (Ағымдағы активтер — ТМҚ) / Ағымдағы міндеттемелер	1,5–2,5	1,30	0,93	1,23

Жылдам өтімділік коэффициенті ағымдағы міндеттемелердің Компанияда бар ақша қаражаты есебінен ғана емес, сондай-ақ көрсетілген қызметтер (ақша қаражаты және олардың баламалары және қысқа мерзімді дебиторлық берешек) үшін күтілетін түсімдер есебінен де өтелуі мүмкін бөлігін сипаттайды. Жылдам өтімділік

коэффициентінің ұлғаюы банктік салымдар мен ақша қаражаты мен олардың баламаларының мөлшерінің ұлғаюына байланысты, бұл, негізінен, Компанияның еркінен тыс жағдайлар бойынша 2022 жылғы күрделі салымдар жөніндегі бағдарламаның орындалмауына байланысты болды. Бұл ақшалай қаражат 2023 жылы игеруге көзделген.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Топтың ақша қаражаты мен оның баламалары 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 85 158 млн теңгені құрады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ АЙНАЛЫМЫ, МЛН ТЕҢГЕ

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2020	2021	2022	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Өзгеріс 2022-2021, %
Операциялық қызметтен таза ақша ағындары	95 505	86 977	73 513	-15
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	-27 250	-45 969	-47 288	3
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	-47 434	-52 803	17 011	-132
Ақша қаражатындағы және олардың баламаларындағы таза өзгеріс	20 821	-11 795	43 236	-467
Таза бағамдық айырмашылық	2 534	280	1 425	409
Күтілетін кредиттік шығындарға резервтегі өзгеріс	11	-1	-2	90
Кезек басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	28 649	52 015	40 499	-22
Кезек соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	52 015	40 499	85 158	110




2022 жылы Топтың операциялық қызметінен алынған таза оң ақша ағындары 73 513 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 15%-ға төмен. Бұл көрсеткіштің төмендеуіне әсер еткен негізгі фактор, негізінен, Топтың өндірістік персоналының жалақысының өсуіне байланысты өндірістік шығындар бойынша төлемдердің ұлғаюы болып табылады.

2022 жылы Топтың инвестициялық қызметінде пайдаланылған таза теріс ақша ағындары 47 288 млн теңге болды, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 3%-ға жоғары.

2022 жылы Топтың қаржылық қызметінен алынған таза оң ақша ағындары 17 011 млн теңгені құрады, 2021 жылы

Компанияның қаржылық қызметінде пайдаланылған таза теріс ақша ағындары 52 802 млн теңгені құрады. Өзгерістер дивидендтер төлеуге байланысты: 2022 жылы 2021 жылғы қызмет нәтижелері бойынша төлемдер 10 000 млн теңгені құрады (Компанияның 1 жай акциясына шаққанда, 26 теңге есебінен), 2021 жылы (2020 жылғы қызмет нәтижелері бойынша) — 50 771 млн теңге (Компанияның бір жай акциясына шаққанда, 132 теңге есебінен). Сонымен қатар, есепті кезеңде «Магистральдық Суағызғы» ЖШС «Астрахан — Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта жаңарту және кеңейту» 1-кезек жобасын қаржыландыру үшін 29,6 млрд теңге мөлшерінде қарыз алды (бірінші транш).





- Компания портреті
- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2022 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР

- 1-қосымша. Есеп туралы
- 2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер
- 3-қосымша. GRI индексі
- 4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
- 5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
- 6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі
- 7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер
- 8-қосымша. Қысқартулар тізімі


ҚОСЫМШАЛАР

1-ҚОСЫМША. ЕСЕП ТУРАЛЫ

GRI 2-2, GRI 2-3, GRI 2-4, GRI 2-5

Есептің мазмұнын белгілеу процесі

Осы есептің мазмұны GRI стандарттарымен ұсынылған қағидаттарға сәйкес анықталды.



Есепті дайындау барысында сондай-ақ Интеграцияланған есептілік жөніндегі халықаралық кеңес (IIRC) әзірлеген Интеграцияланған есептіліктің халықаралық стандартының ұсынымдары және Қазақстан қор биржасының (KASE) талаптары ескерілді. Ақпарат есепте компанияның корпоративтік басқару кодексінің және өзге де ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ

қазақстандық заңнама нормаларына сәйкес ашылады.

Есепте компанияның Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық шартының қағидаттарына сүйенуі және компанияның БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудегі үлесі туралы ақпарат қамтылған. Осы ақпаратты ашу кезінде Компания Қазақстандағы және шетелдегі басқа ұйымдармен ақпарат-

тың салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін үздік халықаралық практикаларды басшылыққа алды.

Компанияның қаржы-шаруашылық қызметі саласындағы нәтижелердің сипаттамасы «Менеджмент түсініктемесі» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) практикалық басшылығының ұсынымдарына сәйкес дайындалған.

Есепті дайындау тәсілі

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінде ашықтық қағидатын қатаң ұстанады және мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін ақпаратты тиімді және толық ашуды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Бұл «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің қаржылық және операциялық нәтижелері, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесі, даму стратегиясы, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы нәтижелері көрсетілген

оныншы біріктірілген жылдық есебі. Алдыңғы есеп 2022 жылғы мамырда жарияланды.

Есеп жыл сайынғы негізде шығарылады және бұл жағдайда компания қызметінің 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі нәтижелерін, сондай-ақ бұл мүмкін болған жерде компанияның 2023 жылға арналған жоспарларының сипаттамасын қамтиды.

Есеп орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу тәртібін белгілейтін салалық GRI 2021 жетекші әлемдік стандарттарына сәйкес дайындалды.

Компанияның қаржылық есептілігіне қатысты сыртқы аудит рәсімін «Эрнст энд Янг» ЖШС орындады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша тұрақты даму саласындағы қаржылық емес ақпаратқа сыртқы растау жүргізілген жоқ.

Маңыздылық қағидатын сақтау

Осы есепте ашылуға жататын орнықты даму саласындағы маңызды тақырыптарды таңдау үшін Компания 2022 жылы жаңартылған GRI стандарттарында (GRI Sustainability Reporting Standards) ұсынылған тақырыптардың тізімін талдады.

Маңызды тақырыптардың алдын ала тізімі Компания қызметін ішкі талдау және оның қоғамға және қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау, сондай-ақ шетелдік тәжірибе мен эталондарды талдау барысында анықталды. Маңызды тақырыптар-

дың түзетілген тізімі ішкі сарапшылармен және мүдделі тараптардың негізгі ішкі және сыртқы топтарымен өзара іс-қимыл қорытындылары бойынша алынды. Нәтижесінде төмендегі маңыздылық матрицасы жасалды.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АЙҚЫНДАУ ТӘСІЛІ





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ТОЛЫҚ ТІЗБЕСІ

Санат	№	Маңызды тақырыптар
Экономикалық	1.	11.14 Экономикалық әсер
	2.	11.19 Бәсекелестікке кедергі
	3.	11.20 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
	4.	11.21 Мемлекеттерге төлемдер
	5.	11.1 Парниктік газдар шығарындылары
Экологиялық	6.	11.2 Климатқа бейімделу, орнықтылық және өтпелі кезең
	7.	11.3 Атмосфераға шығарындылар
	8.	11.5 Қалдықтар
	9.	11.6 Су және ағынды сулар
Әлеуметтік	10.	11.8 Активтердің тұтастығы және сыни оқиғаларды басқару
	11.	11.9 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
	12.	11.10 Жұмысқа орналасу практикасы
	13.	11.11 Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Қорытынды тізімде келтірілген 13 тақырып GRI стандарттарына сәйкес есепте көрсетілген. Есептіліктің стандартты элементтерінің толық тізбесін және есепте ақпаратты ашуға сілтемелерді қамтитын кесте Есепке 2-қосымшада ұсынылған.

Есеп тақырыптарының шекаралары

Есеп «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның еншілес және бірлесіп бақылайтын ұйымдарының (ЕББҰ) қызметін қамтиды. Бұл ретте операциялық және қаржылық көрсеткіштер шоғырландырылған негізде көрсетілген және БЖКО қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін қамтиды. Орнықты даму мәселелері бойынша ақпарат, егер өзгесі көрсетілмесе, «ҚазТрансОйл» АҚ-да ғана ұсынылған.

Қызметтің елеулі өңірі тек Қазақстан Республикасы болып табылады.

Компания үш жылдық серпінде көрсеткіштерді ашу тәжірибесін сақтап келеді. Бұл ақпаратты неғұрлым толық ашу үшін қажет болған жерде есепті кезеңге дейін немесе одан кейін болған оқиғалар келтірілген.

Кейбір жағдайларда Есепке болжамды сипаттағы 2023 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарларға қатысты ақпарат енгізілген. Оларды іске асыру Компанияға тәуелді емес сыртқы факторлардың ықпалында екенін назарға алған жөн, болашақ есепті кезеңдерде қол жеткізілген нәтижелер Есепте көрсетілген болжамды бағдарлармен сәйкес келмеуі мүмкін.

Кері байланыс

Компания Есепті одан әрі дамыту үшін кері байланыс алуға және мүдделі тараптар үшін ақпаратты сапалы ашуға мүдделі. Осы құжаттың соңында Кері байланыс сауалнамасы енгізілген. Компания оны толтырып, төмендегі байланыс адамдарына жібергені үшін риза болады.

Байланыс ақпараты

Компанияның біріктірілген жылдық есептерін Компанияның www.kaztransoil.kz интернет-ресурсынан «Акционерлер мен инвесторларға/ жылдық есептер» бөлімінде табуға болады.

Төменде есепте көрсетілген мәселелер бойынша, сондай-ақ кері байланыс үшін қосымша ақпарат сұратуға болатын байланыстар келтірілген.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ДЕПАРТАМЕНТІ

+7(7172)555-346
KELDIBEKOVA@KAZTRANSOIL.KZ

ИНВЕСТОРЛАРМЕН БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІ

+7 (7172) 555-049
MASALIN@KAZTRANSOIL.KZ

ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ІШКІ КОММУНИКАЦИЯЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ

+ 7 (7172) 555-135, 555-134

КОМПАНИЯНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, АСТАНА Қ., ЕСІЛ АУДАНЫ, ТҰРАН ДАҒҒЫЛЫ, 20-ФИМАРАТ, 12-ТҰРҒЫН ЕМЕС ҮЙ-ЖАЙ.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән тұғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және аудиттің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз аудит жөніндегі комитетінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз аудит жөніндегі комитетіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және бұл тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді немесе қабылданған сақтық шараларын жою үшін қабылданған іс-шаралар туралы хабардар еттік.



Біз аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебінің шығуына себепкер болған аудитті жүргізуге жауапты жетекші - Адиль Сыздықов.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Адиль Сыздықов
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 0000172 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 6 наурыз



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП****5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ****6. ҚОСЫМШАЛАР**

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсанға	2021 жылғы 31 желтоқсанға
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	974.595.927	803.073.178
Пайдалану құқығы түріндегі активтер	7	917.065	1.111.472
Материалдық емес активтер	8	8.515.332	7.352.234
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар	9	94.588.186	74.096.113
Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	10	29.219.803	6.443.725
Өтелуге жататын ҚҚС	14	4.314.632	4.356.465
Өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	12	883.284	913.384
Банк салымдары	16	945.452	1.424.328
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	35	-	2.254.677
Өзге де ұзақ мерзімді активтер		360.146	93.701
		1.114.339.827	901.119.277
Қысқа мерзімді активтер			
Қорлар	11	8.758.265	8.141.938
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	12	8.366.581	7.143.184
Жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	13	1.787.294	414.279
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1.878.426	1.777.447
Өтелуге жататын ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем	14	8.439.215	8.149.910
Өзге де қысқа мерзімді активтер	15	6.668.085	6.649.961
Банк салымдары	16	-	8.665.145
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	17	85.157.538	40.498.972
		121.055.404	81.440.836
Пассивтер			
Міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	18	22.729	602.408
		121.078.133	82.043.244
Активтер жиыны			
		1.235.417.960	983.162.521

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсанға	2021 жылғы 31 желтоқсанға
Меншікті капитал және міндеттемелер			
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	19	61.937.567	61.937.567
Акционерлерден қайта сатып алынған меншікті акциялар	19	(9.549)	(9.549)
Активтерді қайта бағалау бойынша резерв	19	423.217.162	285.685.165
Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	19	46.952.044	40.632.765
Капиталдың өзге де резервтері	19	(188.145)	(4.310.257)
Үлестірілмеген пайда		380.544.246	353.172.325
Меншікті капитал жиыны		912.453.325	737.108.016
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Алынған қарыздар	20	29.760.793	-
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	21	18.096.363	21.433.483
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	35	107.509.698	81.019.373
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге резерв	26	40.664.979	34.547.151
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	22	35.132.179	30.179.505
Жалдау бойынша міндеттемелер	24	198.450	267.714
		231.362.462	167.447.226
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлімі	21	1.046.911	722.893
Төленуге жататын табыс салығы		1.470.302	1.129.157
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	23	19.230.822	20.020.122
Жалдау бойынша міндеттемелер	24	942.217	1.393.200
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	22	29.529.193	21.850.025
Төлемге өзге де салықтар	25	8.740.967	6.191.424
Резервтер	26	1.309.778	1.441.364
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	27	29.331.983	25.859.094
		91.602.173	78.607.279
Міндеттемелер жиыны		322.964.635	246.054.505
Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны		1.235.417.960	983.162.521
Бір жай акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)			
	19	2.350	1.897

2023 жылғы 6 наурызда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директордың (Басқарма төрағасының) м.а.

Бас бухгалтер



Э.Б. Сағиев

А.С. Ахмедина





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП****5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ****6. ҚОСЫМШАЛАР**

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Түсім	28	255.627.309	238.176.116
Өткізімнің өзіндік құны	29	(219.434.650)	(173.246.278)
Жалпы пайда		36.192.659	64.929.838
Жалпы және әкімшілік шығыстар	30	(16.539.471)	(15.549.677)
Өзге де операциялық кірістер	31	2.027.914	3.095.309
Өзге де операциялық шығыстар	32	(1.011.127)	(926.182)
Негізгі құралдардың құнсыздануы, нетто	6	(12.911.982)	(336.434)
Операциялық пайда		7.757.993	51.212.854
Бағамдық айырмадан болған кіріс/(залал), нетто		1.944.638	(88.376)
Қаржылық кірістер	33	4.028.576	3.201.187
Қаржылық шығындар	34	(4.778.915)	(4.116.159)
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың кірісіндегі үлесі	9	15.973.820	12.788.333
Салық салғанға дейінгі пайда		24.926.112	62.997.839
Табыс салығы бойынша шығыстар	35	(5.124.419)	(12.390.832)
Есепті жылдағы таза пайда		19.801.693	50.607.007
Акцияға базалық және таратылған пайда (теңгемен)	19	51	132

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Өзге де жиынтық кіріс			
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық кіріс			
Топтың шетел бөлімшелерінің есептілігін қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырмашылық		6.319.279	2.307.423
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жататын таза өзге де жиынтық кіріс		6.319.279	2.307.423
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс			
Топтың негізгі құралдарының қайта бағалануы және құнсыздануы, нетто	6	170.785.590	101.153.661
Табыс салығының әсері	35	(33.286.881)	(20.230.732)
		137.498.709	80.922.929
Топ бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелер резервін қалпына келтіру	26	6.810.783	185.471
Табыс салығының әсері	35	(1.362.157)	(37.094)
		5.448.626	148.377
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар бойынша негізгі құралдарының қайта бағалануы және құнсыздануы, нетто		11.611.744	-
Табыс салығының әсері		(2.322.349)	-
	9	9.289.395	-
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар бойынша негізгі құралдарының қайта бағалануы және жерді қайта өңдеу резервін қалпына келтіру/(есептеу)		3.582.283	(392.854)
Табыс салығының әсері		(716.457)	78.571
	9	2.865.826	(314.283)
Топ қызметкерлеріне сыйақылар бойынша актуарлық кірістер	21	4.238.724	1.737.723
Табыс салығының әсері	35	(116.499)	(47.760)
		4.122.225	1.689.963
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорынның қызметкерлеріне сыйақылар бойынша актуарлық залалдар		(141)	(940)
Табыс салығының әсері		28	188
	9	(113)	(752)
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын таза өзге де жиынтық кіріс		159.224.668	82.446.234
Салықтарды шегергендегі өзге де жиынтық кіріс жиыны		165.543.947	84.753.657
Есепті жылға салықтарды шегергендегі жиынтық кіріс жиыны		185.345.640	135.360.664

2023 жылғы 6 наурызда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директордың (Басқарма төрағасының) м.а.

Бас бухгалтер



Э.Б. Сағиев

А.С. Ахмедина



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Салық салынғанға дейінгі пайда		24.926.112	62.997.839
Салық салынғанға дейінгі таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер			
Тозу және амортизация	29, 30	54.873.727	53.658.036
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	9	(15.973.820)	(12.788.333)
Негізгі құралдардың құнсыздануы, нетто	6	12.911.982	336.434
Қаржы шығындар	34	4.778.915	4.116.159
Қаржы кірістер	33	(4.028.576)	(3.201.187)
Болашақ кезеңдегі кірістердің амортизациясы	22, 31	(2.441.250)	(1.667.283)
Бағамдық айырмадан болған (кіріс)/залал, нетто		(1.944.638)	88.376
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерді бағалауды қалпына келтіру және қайта қарау, нетто	31	(853.813)	(1.528.063)
Еңбек қызметі аяқталуына байланысты қызметкерлерге сыйақылар, ағымдағы кезеңдегі қызметтер құны	29, 30	725.176	982.173
Қорлардың құнын өткізудің таза құнына дейін есептен шығару	32	394.769	-
Негізгі құралдардың шығуынан болған залал, нетто	32	313.510	440.587
Күтілетін несиелік шығындар бойынша резервті есептеу, нетто	30	308.922	27.052
Өтеуге жататын ҚҚС-ты есептен шығару бойынша шығыстар	30	132.234	74.466
Қорларды кіріске алудан кіріс	31	(21.758)	(182.492)
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің шығуынан болған кіріс, нетто	31	(10.824)	(46.677)
Өзге де қысқа мерзімді резервтерді (қалпына келтіру)/ есептеу, нетто	30, 31	(7.836)	354.482
Ақтуарлық залалдар	32	4.163	20.748
Өзге де		93.259	89.715
Айналым капиталының өзгерісіне дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		74.180.254	103.772.032

Операциялық активтердегі (ұлғаю)/азаю		
Қорлар	156.418	989.971
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	(1.470.580)	(2.684.856)
Жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	(1.360.094)	323.595
Өтеуге жататын ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алғытөлемдер	(1.326.542)	(1.841.880)
Өзге де қысқа мерзімді активтер	85.834	2.355.460

Операциялық міндеттемелердегі ұлғаю/(азаю)		
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	(1.226.263)	438.924
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	7.656.256	(2.034.063)
Төлемге өзге де салықтар	4.149.327	310.394
Өзге де ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттемелер және қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	282.972	(968.596)
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары	81.127.582	100.660.981

Төленген табыс салығы	(10.732.060)	(16.170.464)
Алынған пайыздар	3.117.385	2.486.301
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	73.512.907	86.976.818

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Инвестициялық қызметтегі ақша ағындары			
Негізгі құралдарды мен материалдық емес активтерді сатып алу		(64.234.328)	(69.751.893)
Банк салымдарын алу, нетто		9.212.398	21.387.629
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарынан түскен дивидендтер		9	7.636.855
Негізгі құралдарды және сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсім		54.179	412.935
Облигацияларды қайта сатып алудан түскен түсім		15	42.452
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(47.288.444)	(45.968.899)

Қаржылық қызметтегі ақша ағындары			
Қарыздар алу	20	29.592.745	-
Төленген дивидендтер	19	(10.000.331)	(50.770.909)
Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер	24	(2.048.030)	(2.031.517)
Өзге де төлемдер	20	(533.127)	-
Қаржы қызметінен түскен / (қаржы қызметте пайдаланылған) таза ақша ағындары		17.011.257	(52.802.426)
Ақша қаражаттарындағы және олардың баламаларындағы таза өзгерістер		43.235.720	(11.794.507)

Таза бағамдық айырма		1.424.711	279.916
Күтілетін несиелік шығындар бойынша резервтің өзгерістері	17	(1.865)	(1.049)
Жылдың басына ақша қаражаттары және олардың баламалары		40.498.972	52.014.612
Жылдың аяғына ақша қаражаттары және олардың баламалары	17	85.157.538	40.498.972

2023 жылғы 6 наурызда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директордың (Басқарма төрағасының) м.а.

Бас бухгалтер



Э.Б. Сағиев

А.С. Ахмедина



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

2022

Жылдық есеп

«ҚазТрансОйл» АҚ

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Акционерлерден қайта сатып алынған меншікті акциялар	Активтерді қайта бағалау бойынша резерв	Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	Капиталдың өзге де резервтері	Үлестірілмеген пайда	Жиыны
2020 жылғы 31 желтоқсанға	61.937.567	(9.549)	221.632.815	38.325.342	(5.999.468)	336.631.554	652.518.261
Есепті жылдағы таза пайда	–	–	–	–	–	50.607.007	50.607.007
Өзге де жиынтық кіріс	–	–	80.757.023	2.307.423	1.689.211	–	84.753.657
Жылдағы жиынтық кіріс жиыны	–	–	80.757.023	2.307.423	1.689.211	50.607.007	135.360.664
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резервнің амортизациясы	–	–	(16.704.673)	–	–	16.704.673	–
Дивидендтер (19-ескертпе)	–	–	–	–	–	(50.770.909)	(50.770.909)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	61.937.567	(9.549)	285.685.165	40.632.765	(4.310.257)	353.172.325	737.108.016
Есепті жылдағы таза пайда	–	–	–	–	–	19.801.693	19.801.693
Өзге де жиынтық кіріс	–	–	155.102.556	6.319.279	4.122.112	–	165.543.947
Жылдағы жиынтық кіріс жиыны	–	–	155.102.556	6.319.279	4.122.112	19.801.693	185.345.640
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резервнің амортизациясы	–	–	(17.570.559)	–	–	17.570.559	–
Дивидендтер (19-ескертпе)	–	–	–	–	–	(10.000.331)	(10.000.331)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	61.937.567	(9.549)	423.217.162	46.952.044	(188.145)	380.544.246	912.453.325

2023 жылғы 6 наурызда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директордың (Басқарма төрағасының) м.а.



Э.Б. Сағиев

Бас бухгалтер

А.С. Ахмедина

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Мұнай және Газ Көлігі» ұлттық компаниясы» ЖАҚ (бұдан әрі — «МГК») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы қаулысына сәйкес құрылды. Осы қаулының негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ акцияларына меншік құқығын МГК-ға берді, осының нәтижесінде «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» ЖАҚ болып қайта тіркелді және қайта аталды.

Бірігу арқылы қайта құрылған «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» және «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдары негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы Жарлығымен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды, ол «ҚазТрансОйл» ЖАҚ-тың жалғыз акционері болды.

2004 жылғы 31 мамырда Қазақстан заңнамасының талаптарына сай «ҚазТрансОйл» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі — «Компания») болып қайта тіркелді.

2022 жылдың 31 желтоқсанына Компания акцияларының 10%-ы «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында сатып алған миноритарлық акционерлерге тиесілі. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі — «ҚМГ» немесе «Бас компания») Компанияның ірі акционері болып табылады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ акцияларының 87,42%-ы «Самұрық — Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі — «Самұрық-Қазына»), акцияларының 9,58% — ы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесіне тиесілі және акцияларының 3% — ы Астана қор биржасында (AIX) және Қазақстан қор биржасында еркін айналымда биржада (KASE) (бұдан әрі — ҚББ). Қазақстан Республикасының Үкіметі Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады.

2022 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі ұйымдарда қатысу үлесі болды:

	Тіркелген жері	Негізгі қызметі	Қатысу үлесі	
			2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
«МұнайТас» СБҚК» ЖШС (бұдан әрі — «МұнайТас»)	Қазақстан	Мұнай тасымалдау	51%	51%
«Қазақстан — Қытай Құбыры» ЖШС (бұдан әрі — «ҚҚҚ»)	Қазақстан	Мұнай тасымалдау	50%	50%
«Батуми Мұнай Терминалы» ЖШҚ (бұдан әрі — «БМТ»)*	Грузия	Мұнайды және мұнай өнімдерін экспедициялау, ауыстырып құю және сақтау, теңіз кемежайын пайдалану	100%	100%
«Petrotrans Limited» (бұдан әрі — «PTL»)	Біріккен Араб Әмірліктері	Мұнайды және мұнай өнімдерін экспедициялау	100%	100%
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС (бұдан әрі — «Магистральдық Суағызғысы»)	Қазақстан	Су тасымалдау	100%	100%

* БМТ «Батуми Теңіз Кемежайы» ЖШҚ-ның (бұдан әрі — «БТК») 100% үлесін басқаруға айрықша құқыққа ие.

Компания және оның еншілес ұйымдары бұдан әрі мәтін бойынша «Топ» ретінде қаралады.

Компанияның бас кеңесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 20 мекенжайы бойынша орналасқан.

Компанияның Қазақстан Республикасының Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласында орналасқан өндірістік нысандары, Алматы қаласында (Зерттеулер және әзірлемелер Орталығы) және Астана қаласында (Мұнайды тасымалдауды басқару Орталығы) орналасқан филиалдары және Ресей Федерациясында (Мәскеу, Омбы және Самара қалаларында) өкілдік кеңселері бар.



Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Компания Қазақстан Республикасының магистралды мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы болып табылады. Топтың ұзындығы 5.373 км магистралды мұнай құбырлары және ұзындығы 2.105 км суағызғылар желілері бар. Компания магистральдық мұнай құбырлары бойынша мұнай тасымалдау, қазақстандық мұнайды басқа мемлекеттердің құбырлары бойынша көлік экспедициясы қызметтерін, өзге ұйымдардың, соның ішінде Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарының магистральдық мұнай құбырларын пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсетеді. Топтың МұнайТас және ҚҚҚ бірлескен бақылаудағы кәсіпорындары негізінде Қазақстан мұнайын, сондай — ақ ресей мұнайын Қытайға транзитпен тасымалдау үшін пайдаланылатын Кеңқияқ — Атырау, Кеңқияқ — Құмкөл және Атасу — Алашаңқай құбырларына иелік етеді.

Компания табиғи монополист болып табылады және тиісінше Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі — «ТМРК») реттеу нысаны болады. ТМРК тариф есеп-қисабының әдіснамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішінде мұнай тасымалдау тарифтік ставкаларын бекіту үшін жауапты.

«**Табиғи монополиялар туралы**» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында магистралдық құбырлармен мұнай тасымалдау қызметі және Қазақстан Республикасы төңірегінде шет аймаққа экспорттау табиғи монополиялық реттеу саласына кірмейді.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 тамызға дейін ішкі нарыққа мұнай айдау жөніндегі тариф 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 3.728,82 теңге, 1 қыркүйектен бастап 30 қарашаға дейін 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 4.328,04 теңге құрады. 2022 жылғы 1 желтоқсанынан бастап бұл қызметтің тарифі 1000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 4355,57 теңгені құрайды. (2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қарашаға дейін 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 4.355,57 теңге; 2021 жылғы 1 желтоқсандан бастап 31 желтоқсанға дейін 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 4.328,04 теңге).

2020 жылғы 1 наурыздан қолданылатын Қазақстан Республикасынан тыс жерге экспортқа мұнай айдау тарифі 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 7.358,76 теңгені құрайды. 2022 жылғы 1 маусымнан бастап аталған қызметтің тарифі 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 8.830,51 теңге мөлшерінде қолданысқа енгізілді.

2018 жылғы 1 сәуірден бастап «Тұймазы — Омбы — Новосібір-2» қазақстандық магистральдық мұнай құбырының учаскесі арқылы транзит мақсатында мұнайды айдау тарифі 1.000 километрге тонна үшін 4.292,4 теңгені құрайды.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын Ресей мұнайын Қазақстан Республикасы аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына Ресей Федерациясының шекарасы — Қазақстан Республикасының шекарасы (Прииртышск) — Атасу (Қазақстан Республикасы) — Алашаңқай (Қытай Халық Республикасы) бағыты бойынша тасымалдау тарифі 1 тоннаға 4,23 АҚШ долларын құрайды (Прииртышск — Атасу учаскесінде).

Негізінде, тарифтер іске қосылған активтерге капитал құнын қайтаруға негізделеді. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялардың қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес тарифтер қызметтерді көрсету үшін қажетті шығындардың құнынан төмен бола алмайды және табиғи монополия субъектісінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін есепке алу керек.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Компанияның Директорлар Кеңесінің ішкі аудит Комитеті басып шығаруды мақұлдады және бас директордың (Басқарма төрағасының) міндетін атқарушы мен бас бухгалтер 2023 жылдың 6 наурызында қол қойды.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі — «ҚЕХС») сәйкес Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары кеңесі (бұдан әрі — «ҚЕХС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда дайындалған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік қайта бағаланған құны бойынша есептелетін негізгі құралдарды және есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде көрсетілген басқа баптарды қоспағанда бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген, ал барлық сома басқаша көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тұтас мыңдыққа дейін дөңгелектеп алынған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте алдыңғы кезең үшін салыстырмалы ақпарат берілген.

3. ШОҒЫРЛАНДЫРУ НЕГІЗІ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау Топтың инвестиция объектісіне қатысудан түсетін кірістің өзгерісіне байланысты тәуекелге ұшыраған немесе осындай кірістерді алуға құқығы, сондай-ақ инвестиция объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы кіріске ықпал етуге мүмкіндігі болған жағдайда жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, Топ инвестиция объектісін мына шарттар орындалған жағдайда ғана бақылайды:

- Топтың инвестиция объектісіне қатысты өкілеттігі болғанда (яғни инвестиция объектісінің маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін құқығы болған);
- Топта инвестиция объектісіне қатысудан түсетін кірістің өзгеруіне байланысты шығынға ұшырағанда немесе осындай кірісті алуға құқығы болғанда;
- Топта инвестиция объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру көмегімен кіріске ықпал етуге мүмкіндігі болғанда.

Топта инвестиция объектісіне қатысты басым дауыс құқығынан кем немесе ұқсас құқық болған жағдайда, Топ осы инвестиция объектісіне қатысты өкілеттіктің болуын бағалау кезінде барлық ақылға қонымды фактілерді және жағдаяттарды ескереді:

- инвестиция объектісінде өзге де дауыс беру құқығын ұстаушылармен келісім;
- басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Топқа тиесілі дауыс құқығы және ықтимал дауыс құқығы.

Егер фактілер мен жағдаяттар бақылаудың үш құраушысының біреуінің немесе бірнешеуінің өзгергенін білдірсе, Топ инвестиция объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайта талдайды. Еншілес мекемені шоғырландыру Топ еншілес Топты бақылауды алған кезден басталады және Топ еншілес мекемені бақылауды жоғалтқан кезде доғарылады.

Еншілес мекеменің жыл ішінде сатып алған немесе шығарылған активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке кіргізіледі және Топ еншілес мекемеге бақылауды жоғалтқан күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыстың әр құраушысы, егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкелген жағдайдың өзінде де Топтың бас компаниясының меншігі және бақыланбайтын қатысу үлесі болып табылады. Қажет болған жағдайда еншілес компаниялардың қаржы есептілігі Топтың есеп саясатымен сәйкестікке келтіру үшін осындай компаниялардың есеп саясаты түзетіледі. Топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топ ішіндегі актив пен міндеттеме, капитал, кірістер, шығыстар мен ақша ағындары шоғырландыру кезінде толық алынып тасталады.

Бақылауды жоғалтпағанда еншілес кәсіпорындағы қатысу үлесінің өзгерісі капиталмен операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес кәсіпорынға бақылауды жоғалтса, ол тиісті активтер мен міндеттемелерді (оның ішінде гудвилді), бақыланбайтын қатысу үлестерін және капиталдың өзге де құралымдарын тануды тоқтатады және туындаған пайданы немесе залалды пайда мен залал құрамында таниды. Қалған инвестицияларды әділ құны бойынша таниды.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1 БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ

Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар нысанында бірлескен қызметке қатысу үлесі бар.

Бірлескен бақылаудағы кәсіпорын — бұл бірлескен қызмет туралы келісім, оған сай келісімге бірлескен бақылауды жүзеге асырушы тараптардың бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың таза активтеріне құқығы бар. Бірлескен бақылау — шартпен негізделген бірлескен бақылауды жүзеге асыру, бұл маңызды қызметке қатысты шешім қабылдау бірлескен бақылауды жүзеге асырушы тараптардың бірауызды келісімін талап ететін жағдайларда орын алады.

Бірлескен бақылауды анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын айқындау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас.

Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың теңгерімдік құны бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың таза активтеріндегі сатып алу күнінен кейін туындайтын өзгерістердегі үлесті тану салдарынан артылады немесе кемітіледі.

Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға қатысты гудвилл инвестициялардың теңгерімдік құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есеп Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелеріндегі үлесін көрсетеді. Осындай объектілердің өзге де жиынтық табысындағы өзгерістер Топтың өзге де жиынтық табысының құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорынның меншік капиталында тікелей танылған өзгерістер орын алса, Топ осындай өзгерістердегі өз үлесін мойындайды және бұл меншік капиталдың өзгерістері туралы есепте қолданылатын болса, осы фактіні ашады. Топтың бірлескен кәсіпорындармен операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайда мен залалдар Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорынға қатысу үлесі болатын дәрежеде алынып тасталады.

Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорынның пайдасындағы немесе залалындағы үлесі операциялық пайда шегінен тыс тікелей шоғырландырылған жиынтық табыс туралы есепте берілген. Ол бірлескен бақылаудағы кәсіпорынның салық салуды есепке алғаннан кейінгі пайдасын немесе залалын көрсетеді.

Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезең үшін жасалады. Қажет болған ретте есеп саясатын Топтың есеп саясатымен сәйкестікке келтіру мақсатында оған түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға Топтың инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалдарды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әр есепті күнге бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар құнсыздануының объективті айғақтарының болуын анықтайды. Осындай айғақтар болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен бақылаудағы кәсіпорынның өтеу құны мен оның теңгерімдік құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардағы пайда/залалдардағы үлес» бабы бойынша шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте таниды.

Бірлескен бақылаудағы кәсіпорынға елеулі әсерді жоғалтқан жағдайда, Топ әділ құны бойынша қалған инвестицияны бағалайды және таниды. Бірлескен бақылаудағы кәсіпорынның бірлескен бақылауды жоғалту кезінде теңгерімдік құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және есептен шығудан болатын түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

4.2 ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі теңгемен берілген. Топтың әр компаниясы өзінің қызмет ететін валютасын айқындайды және әр компанияның қаржылық есептілігіне кіргізілген баптар осы қызмет ететін валютада бағаланады. Компанияның, «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-ның және бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың МұнайТас пен ҚҚҚ атқарымдық валютасы теңге болып табылады. РТЛ және БМТ-ның атқарымдық валютасы АҚШ доллары болып табылады, БТК-ның атқарымдық валютасы грузин лариі.

Операциялар мен қалдықтар

Топ компаниялары шетел валютасындағы операцияларды бастапқыда өздерінің қызмет ететін валютасында операция тану көрсеткіштеріне қанағаттандыратын күнге қолданылатын валюта бағамы бойынша есептейді.

Шетел валютасында бейнеленген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы қызмет ететін валюта спот-бағамымен қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу және қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырма шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепке кіргізіледі.

Тарихи құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда мен залал баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда не залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған пайдалар немесе залалдар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда не залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған пайданы немесе залалды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

Топ компаниялары

Шоғырландыру кезінде шетелдік бөлімшелердің активтері мен міндеттемелері есепті күніне қолданыстағы бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі, осындай бөлімшелердің пайдасы мен залалдары орташа бағам бойынша қайта есептеледі. Осындай қайта есептеу кезінде пайда болатын бағамдық айырма өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Шетел бөлімшесі шыққан кезде осы шетел бөлімшесіне жататын өзге жиынтық кіріс құрамдастары пайда немесе залал құрамында танылады.

Шетелдік бөлімшені сатып алған ретте пайда болатын гудвилл және активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны олардың әділ құнына дейін шетелдік бөлімшенің активтері мен міндеттемелері ретінде ескеріледі және есепті күнге қолданыстағы валюта бағамы бойынша қайта есептеледі.

Валюта айырбастау бағамдары

ҚҚБ белгіленген орташа өлшенген айырбас бағамдары Қазақстан Республикасындағы ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.


2022 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін орташа өлшенген айырбас бағамдары келесіні құрады:

Теңге	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2022 жылғы	2021 жылғы
АҚШ доллары	460,93	426,06
Ресей рублі	6,92	5,78
Еуро	485,29	503,96
Грузин лариі	160,65	133,39

31 желтоқсанға ҚҚБ белгілеген валюта айырбастау бағамдары келесіні құрады:

Теңге	2022 жыл	2021 жыл
АҚШ доллары	462,65	431,80
Ресей рублі	6,43	5,76
Еуро	492,86	489,10
Грузин лариі	173,28	140,74





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.3 АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ АЙНАЛЫМДЫ/ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ АЙНАЛЫМНАН ТЫС/ҰЗАҚ МЕРЗІМДІГЕ ЖІКТЕУ

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді айналымды/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді жіктеу негізінде көрсетеді. Актив айналымды болып табылады, егер:

- оны іске асыру болжанса немесе ол сатуға немесе қарапайым операциялық кезең аясында тұтынуға арналса;
- ол негізінен сату мақсатына арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде іске асыру болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін, оны айырбастауға немесе пайдалануға қатысты шектеулерді қоспағанда, ақша қаражаттарын немесе олардың баламаларын білдірсе.

Барлық өзге ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны қалыпты операциялық кезең аясында өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда мақсатында ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде өтеуге жатса;
- Топта есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу мерзімін ұзарту сөзсіз құқығы болмаса.

Топ өзге барлық міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

4.4 САТУҒА АРНАЛҒАН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ

Топ ұзақ мерзімді активтерді және шығатын топтарды, егер олардың теңгерімдік құны негізінен оларды ұзақ пайдалану нәтижесінде емес, оларды сату арқылы өтелуге жатса, сату үшін жіктейді. Ұзақ мерзімді активтер және шығу топтары, сатуға арналған деп жіктелген, мына екі мәннің — теңгерімдік құнның және сатуға арналған шығындарды шегергендегі әділ құнның кішісі бойынша бағаланады. Сатуға арналған шығындар қосымша шығындар болып табылады, тікелей активтердің шығарылуына жататын (немесе топтың шығарылуы), өзіне қаржы шығындарын және пайдаға салынатын салық бойынша шығыстарды қамтымайды.

Объектіні сату үшін ұсталатын ретінде жіктеу өлшемі, егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы күйінде жедел сатылуы мүмкін болған жағдайда сақталған болып есептеледі. Сатуды жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекеттер сатуға байланысты елеулі өзгерістердің, сондай-ақ сатуды болдырмаудың шағын мүмкіндігін көрсетуі тиіс. Басшылық активтерді сату жоспарын іске асыру үшін жауапкершілікті өз мойнына алу керек және сатудың жіктелу күнінен бастап бір жыл ішінде аяқталатындығына ниеті болуы керек.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржы жағдайы туралы есепте айналымды/қысқа мерзімді баптар ретінде жеке ұсынылады.

Шығатын топ тоқтатылған қызмет ретінде мына жағдайда жіктеу өлшемдерін қанағаттандырады, егер шығып қалған ұйымның құрамдасы болса не сатуға арналған ретінде жіктелсе және:

- қызметтің жеке негізгі бағыты немесе қызмет жүзеге асырылған ірі географиялық өңірді білдірсе;
- қызметтің жеке негізгі бағытын немесе қызмет жүзеге асырылған ірі географиялық өңірді шығаруды жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай үйлестірілген жоспарға енгізілген; не
- тек қана қайта сату үшін сатып алынған еншілес ұйым болса.

Тоқтатылған қызмет жалғастырылатын қызмет нәтижелерінен шығарылады және шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте тоқтатылған қызметтен салық салудан кейінгі пайда немесе залал ретінде жеке бап болып көрсетіледі.

Қосымша ақпаратты ашу **18-ескертпеде** ұсынылған. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты барлық өзге ескертпелер өзіне ағымдағы қызметке жататын соммасын қамтиды, егер басқасы көрсетілмесе.

4.5 ӘДІЛ ҚҰНДЫ БАҒАЛАУ

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында қалыпты тәртіпте жасалатын мәміле аясында активтерді сату үшін алынатын немесе міндеттемелерді беру үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құн бағасы активтерді сату немесе міндеттемелерді беру жөніндегі мәміле келесі түрде болып өтуін болжайды:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта.

Топ негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа қол жеткізуі тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны жорамалдарды пайдалану арқылы бағаланады, оларды нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдалануы мүмкін, бұл орайда нарық қатысушылары өзінің озық мүдделерінде әрекет етеді.

Қаржылық емес актив әділ құнының бағасы не активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдалану жолымен немесе осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде нарық қатысушысының экономикалық пайдасын еселеу мүмкіндігін ескереді. Топ бағалаудың пайда болған жағдаяттарында қолайлы және әділ құнын бағалау үшін жеткілікті деректерге қол жетімді бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл орайда бақыланатын орынды бастапқы деректерді мейлінше көп және бақыланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте бағаланатын немесе шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған сатылары аясында жіктеледі:

- 1-деңгей — барабар активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленуі бойынша (қандай да бір түзетулерсіз);
- 2-деңгей — сатының ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнын бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама бақыланатын болып табылатын баға үлгісі;
- 3-деңгей — сатының ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнын бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын болып табылатын баға үлгісі.


Шоғырландырылған қаржылық есептілігінде кезеңдік негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында әр есепті кезеңнің аяғына жіктемені (тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайтадан талдай отырып Топ оларды саты көздері деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды.

Әр есепті кезеңге Топтың есеп саясатына сәйкес қайта талдау және қайта бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелер құнының өзгерістерін Топ талдау жүргізеді. Осындай талдау аясында Топ соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді бағалау кезінде пайдаланылатын ақпаратты шарттармен және өзге де орынды құжаттармен салыстыру жолымен тексереді. Топ және сыртқы бағалаушылар әр актив пен міндеттеменің әділ құнының өзгерісін өзгерістің негізділігін айқындау мақсатында тиісті сыртқы дереккөздермен салыстырады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, оларға тән сипаттама мен тәуекелдер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әділ құн көздері сатысының қолданылатын деңгейі негізінде жіктейді.

Негізгі құралдардың әділ құнын талдау және оны анықтау әдістері туралы қосымша ақпарат **5-ескертпеде** келтірілген.





Компания портреті

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2022 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге арналған тарифтер

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.6 НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдар бастапқыда өзіндік құны бойынша есепке алынады. Кейінгі есепке алу жинақталған амортизацияны (жерден, технологиялық мұнайдан және аяқталмаған құрылыстан басқа) және қайта бағалау болған жағдайда, және танылған құнсызданудан болатын залалдарды шегергендегі әділ құны бойынша жүргізіледі.

